



Қазақстан Республикасы Президентінің  
жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес

Совет по молодежной политике  
при Президенте Республики Казахстан



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігінің Жастар ісі комитеті

Комитет по делам молодежи  
Министерства образования и науки  
Республики Казахстан



“Жастар”  
ғылыми-зерттеу орталығы

Научно-исследовательский центр  
“Молодежь”

# «ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ – 2013» ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМАСЫ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДОКЛАД “МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНА – 2013”





Қазақстан Республикасы Президентінің  
жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігінің Жастар ісі комитеті



"Жастар"  
ғылыми-зерттеу орталығы

# **«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ – 2013» ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМАСЫ**

**Астана  
2013**

УДК 061  
ББК 66.75  
Қ 18

Қ 18 **«Қазақстан жастары – 2013» Ұлттық баяндамасы.** Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова, Г.Т. Илиясова, Б.Б. Масатова, К.М. Хамчиев, Е.В. Варкентин, Р.А. Құдайбергенов, Р.А. Абраева және басқалар.  
– Астана: «Жастар» ҒЗО, 2013 – 164 б.  
ISBN 978-601-7507-04-6

«Қазақстан жастары – 2013» Ұлттық баяндамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жастар ісі комитеті қолдауымен дайындалды.

Ұлттық баяндаманың алғашқы басылымы жастардың ахуалын және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының жай-күйін талдауға арналады.

Баяндамада ғылыми зерттеулердің, мемлекеттік органдардың ресми статистикалық және басқа да деректері негізінде қазақстандық жастардың әлеуметтік-демографиялық құрылымы сипатталады; білім және ғылым, денсаулық сақтау, еңбек және кәсіпкерлік, жастардың әлеуметтік-саяси үрдістерге қатысуы және т.б. салалардағы жастардың жай-күйіне толық талдау жасалады.

Ұлттық баяндама мемлекеттік органдарға, оқу орындарына, қоғамдық бірлестіктерге, жастар ресурстық орталықтарына, БАҚ-на – мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыруға мүдделі барлық тұлғаларға арнап әзірленді.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2013 ж.

Н 35 **Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2013».** Ж.К. Буканова, Ж.К. Каримова, Г.Т. Ильясова, Б. Б. Масатова, К.М. Хамчиев, Е.В. Варкентин, Р.А. Кудайбергенов, Р.А. Абраева и др.  
– Астана: НИЦ «Молодежь», 2013 – 164 с.

Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2013» подготовлен при поддержке Комитета по делам молодежи Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Первое издание Национального доклада посвящено анализу положения молодежи и состояния государственной молодежной политики в Республике Казахстан.

На основе научных исследований, официальных статистических и иных данных государственных органов в докладе описана социально-демографическая структура казахстанской молодежи; проведён детальный анализ положения молодежи в сферах образования и науки, труда, здравоохранения, занятости и предпринимательства, участия молодёжи в общественно-политических процессах и др.

Национальный доклад адресован государственным органам, учебным заведениям, общественным объединениям, молодежным ресурсным центрам, СМИ – всем, кто заинтересован в эффективной реализации государственной молодежной политики.

© Научно-исследовательский центр «Молодежь», 2013 г.



### **Құрметті оқырмандар!**

2050 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясы әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың жаңа кезеңін жариялап, біздің алдымызға жаңа мақсат – әлемнің неғұрлым дамыған 30 мемлекетінің қатарына ену міндетін қойып отыр. Бұл ауқымды мақсатқа қол жеткізуде адам әлеуетінің сапасы шешуші фактор болып табылады, атап айтқанда, жастарға ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру міндеті жүктеліп отыр.

Аталған бағытта мемлекет тарапынан кең ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы мен тиісті іс-шаралар жоспары бекітілді, ұлттық заңнама түзетілуде. 2008 жылдан бастап Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес қызмет етуде, 2012 жылы Жастар ісі комитеті мен жастар саясаты мәселелері жөніндегі өңірлік басқармалар құрылды.

Мемлекет тарапынан қабылданатын шаралар жастар саясатын жаңғыртуға, өз елінің гүлденуі жолында бар күш-жігерін жұмсайтын жас қазақстандықтарға бағытталған.

Сіздердің назарларыңызға бірегей құжат – «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы дайындаған «Қазақстан жастары» бірінші Ұлттық баяндамасы ұсынылып отыр.

Жыл сайын шығатын Ұлттық баяндама ең алдымен қазақстандық жастарға, сондай-ақ сарапшылар қауымына, ғылыми қызметкерлер мен мемлекеттік органдар өкілдеріне пайдалы болады деп сенемін.

**Қазақстан Республикасының Президенті  
Н. Назарбаев**





# МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	6
<b>1-ТАРАУ</b>	
<b>Қазақстан Республикасы жастарының демографиялық сипаттамасы.....</b>	<b>7</b>
1.1. 14-29 жас аралығындағы жастардың саны.....	8
1.2. Жастардың жыныстық-жас ерекшелік құрылымы.....	10
1.3. Жастар арасындағы бала туу, отбасы құру және ажырасу.....	12
1.4. Жастар арасындағы өлім-жітім.....	13
1.5. Жастардың ішкі және сыртқы көші-қоны.....	14
<b>2-ТАРАУ</b>	
<b>Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру.....</b>	<b>19</b>
2.1. Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатын дамыту.....	20
2.2. Мемлекеттік жастар саясатын іске асырумен байланысты бағдарламалардың орындалуы барысын талдау.....	22
2.3. Шет елдердің жастар саясатын іске асыру тәжірибесі.....	24
<b>3-ТАРАУ</b>	
<b>Жас ұрпақ денсаулығы.....</b>	<b>27</b>
3.1. Жастардың әлеуметтік маңызды ауру-сырқаулары.....	28
3.2. Жастардың репродуктивті денсаулығы.....	30
3.3. Салауатты өмір салты және жастар арасындағы спорттық-сауықтыру жұмыстары.....	31
3.4. «Жастар және денсаулық» (әлеуметтік зерттеу қорытындылары бойынша).....	32
<b>4-ТАРАУ</b>	
<b>Жастар өміріндегі білім және ғылым.....</b>	<b>35</b>
4.1. Жастар үшін білім алудың қолжетімділігі.....	36
4.2. Жастар: ғылым және инновациялар.....	42
<b>5-ТАРАУ</b>	
<b>Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы.....</b>	<b>45</b>
5.1. Жастар және еңбек нарығы.....	46
5.2. Жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту: тәжірибе және проблемалар.....	49
5.3. Жастарға әлеуметтік-экономикалық қолдау көрсету.....	50
<b>6-ТАРАУ</b>	
<b>Жастар арасындағы қылмыс.....</b>	<b>54</b>
6.1. Жастар арасындағы қылмыс: ахуалы мен үрдістері.....	55
6.2. Жастар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу.....	61
<b>7-ТАРАУ</b>	
<b>Жастар қоғамдық-саяси процестерде.....</b>	<b>64</b>
7.1. Жастардың елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысу жағдайы және негізгі үрдістері.....	65
7.1.1. Жастардың қоғамдық-саяси белсенділігі.....	65
7.1.2. Жас қазақстандықтардың пікірі бойынша жастардың наразылық белсенділігінің деңгейі.....	70
7.2. Қазіргі кезеңдегі қазақстандық жастардың құндылық бағыттары (әлеуметтік зерттеу қорытындылары бойынша).....	72
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>77</b>
<b>ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....</b>	<b>78</b>
<b>БИБЛИОГРАФИЯ.....</b>	<b>79</b>

## КІРІСПЕ

«Қазақстан жастары - 2013» ұлттық баяндамасында Қазақстанда тұратын және 2013 жылдың басында Қазақстан халқының жалпы санынан 4 656,5 адамды (27,5 %) құраған жастар мәселелері алғаш рет кешенді түрде қарастырылып отыр.

Баяндаманың міндеті бұқара халықты Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының жай-күйінен хабардар ету болып табылады.

Ұлттық баяндаманың мақсаты жастар арасындағы процестердің ахуалын және негізгі үрдістерін кешенді зерттеу қорытындысын насихаттау, қазақстандық жастардың әлеуетін дамытудың басым бағыттарын негіздеу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру болып табылады.

Сонымен қатар баяндамада жастар ортасындағы түрлі түйінді мәселелерді, жастардың түрлі топтарын зерделеу бойынша зерттеулерді қолға алудың маңыздылығы көрсетіледі. Аталмыш құжат жастар арасындағы терең үрдістерді талдау бағытындағы тың ізденістерге жаңа серпін беретініне сенім бар.

Зерттеуде Қазақстан жастарының әлеуметтік-демографиялық құрылымы сипатталған; проблемалық аспектілерді анықтау мақсатында білім және ғылым, еңбек, денсаулық сақтау, мәдениет, дін, жастар арасындағы қылмыстың деңгейі, жастардың саяси белсенділігі салаларындағы жастардың жағдайына жан-жақты талдау жүргізілген 7 тараудан тұрады.

Жас қазақстандықтардың құндылық бағыттары және дүниетанымдық мақсаттары, қоғамдық-саяси белсенділігі проблемалары қарастырылған.

Жастардың асоциалды мінез-құлқы мен қылмыстық топтар құрылымы себептеріне талдау жасалды.

Жастарға қолдау көрсету бойынша мемлекеттік шараларды жүзеге асыру мәселелеріндегі, сондай-ақ жастар саясатын іске асыруға байланысты бағдарламалардың орындалуы процесіндегі проблемалық аймақтар мен «тәуекел нүктелерін» анықтау қызығушылық тудырады.

Жастардың әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ету саласындағы үздік іс-тәжірибелер мен бастамаларды анықтау мақсатында жастарға қолдау көрсетудің әлемдік тәжірибесі зерттелді.

Ұлттық баяндама жастар арасындағы үрдістерді сипаттайтын инфографика түрінде материалдармен безендірілген (жыныстық-жас ерекшелік құрылым, туылу және өлім-жітім, көші-қон процестері, отбасылық және ажырасу, денсаулықты күту, жұмыссыздық, қоғамдық-саяси белсенділік, қылмыстық динамикасы және т.б.).

Қазақстан жастарының жай-күйін зерделеу мақсатында 2013 жылғы қыркүйек-қазан аралығында әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Жаппай сауалнаманың іріктеу жиынтығының көлемі қалалар мен ауылдарда тұратын 14-29 жас аралығындағы 1 600 респондентті құрайды. Жастардың жаппай сауалнамасы үшін іріктеуді құрастыру кезінде жас ерекшелігі, тұрғылықты жері және жұмыспен қамтылуы бойынша іріктеу көрнекілігі қамтамасыз етілді. Респонденттерді іріктеу квоталық бағыттық таңдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылды. Ықтимал статистикалық ауытқушылық  $\pm 2,8\%$  құрады. Аумағы бойынша іріктеу 14 облысты және республикалық маңызы бар екі қаланы (Астана және Алматы) қамтиды.

Баяндаманың құндылығы оның әрбір тарауында орталық және жергілікті атқарушы органдарға, қоғамдық бірлестіктерге және басқа да азаматтық қоғам институттарына арнайы берілген нақты практикалық ұсынымдар болып табылады.

Ұлттық баяндама мүдделі мемлекеттік органдар, оқу орындары, қоғамдық бірлестіктер, жастар ресурстық орталықтары, БАҚ, мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыру мәселелерімен кәсіби түрде айналысатын барлық тұлғалар үшін пайдалы.



1-ТАРАУ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖАСТАРЫНЫҢ  
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ  
СИПАТТАМАСЫ**

## 1.1. 14-29 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ САНЫ

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес, Қазақстандағы 14-29 жас аралығындағы жастардың саны 2013 жылдың басында 4 656,5 мың адам (республиканың жалпы халқы санынан) болған, атап айтқанда, ер балалар – 2 335,1 мың адам, қыз балалар – 2 321,4 мың адам. Соның ішінде (абсолюттік мәнде): қала жастары – 2 574,1 мың адам, ауыл жастары – 2 082,4 мың адам. Республиканың қала тұрғындары арасында жастардың үлес салмағы 27,7 %-ды, ауыл тұрғындары арасында

27,3 %-ды құрайды. Жалпы, Қазақстан жастары республика халқының жалпы санының 27,5 %-ын құрайды (1.1-сурет).

Соңғы 20 жыл ішінде 14-29 жас аралығындағы жастар 288,9 мың адамға өскен (1992 жылы – 4 367,6 мың адам, 2012 жылдың соңында – 4 656,5 мың адам).

Жыныстық және жас ерекшелік пирамидасынан көріп отырғанымыздай, 2012-2013 жылдары жастар санының салыстырмалы түрде артуына 80-жылдардың соңында туылғандардың демографиялық толқыны ықпал еткен, дағдарысты 1990 жылдары туылған жастардың үлес салмағының артуына байланысты олардың ықпалы таяу арадағы жылдар көлемінде әлсірейтін болады (1.2-сурет). Соңғы жылдары 14-29 жас аралығындағы жастардың саны

### 1.1-сурет


Қала және ауыл тұрғындары арасындағы жастардың үлес салмағы, пайызбен



Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің деректері

### 1.3-сурет


Қала-ауыл қимасындағы жастардың жалпы санының пайызы



Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің деректері

### 1.2-сурет

Тұрғындардың жас ерекшелігі бойынша саны



**1.4а-сурет**

Қазақстан Республикасы жастарының 2013 жылдың басында өңірлер қимасындағы абсолюттік мәндегі саны

Ақмола облысы **184,5 мың адам**Ақтөбе облысы **238 мың адам**Алматы облысы **529,9 мың адам**Атырау облысы **157,6 мың адам**Батыс Қазақстан облысы **167,5 мың адам**Жамбыл облысы **286,9 мың адам**Қарағанды облысы **352,9 мың адам**Қостанай облысы **229,5 мың адам**Қызылорда облысы **204,7 мың адам**Маңғыстау облысы **165,3 мың адам**Оңтүстік Қазақстан облысы **773,4 мың адам**Павлодар облысы **188,1 мың адам**Солтүстік Қазақстан облысы **133,9 мың адам**Шығыс Қазақстан облысы **349,1 мың адам**Астана қаласы **243,5 мың адам**Алматы қаласы **451,5 мың адам**

Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің деректері

басқа жас ерекшелік топтарына қарағанда басым екендігін атап өту қажет (1.2-сурет).

Ел жастарының жалпы санының 53,3%-ын қала жастары,

44,7%-ын ауыл жастары құрайды (1.3-сурет).

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2013 жылдың басында жастардың басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысында (773,4 мың адам) және Алматы облысында (529,9 мың адам) мекендейді (1.4 а және 1.4 б-суреттер). Жастар санының ең аз көрсеткіші Солтүстік Қазақстан облысында – 133,9 мың адам.

2013 жылдың басында өңірлер қимасында ҚР-ғы жастардың жалпы санының ең үлкен үлес салмағы ОҚО-на – 16,6 %, Алматы облысына – 11,4 % тиесілі. Жастардың

**1.4б-сурет**


2013 жылдың басында жастардың Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша қала / ауыл қимасында бөлінуі, Қазақстан = 100 %

Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің деректері

	қалада	ауылда
Ақмола облысы	3,3%	4,8%
Ақтөбе облысы	5,8%	4,3%
Алматы облысы	4,5%	19,8%
Атырау облысы	2,9%	4,0%
Батыс Қазақстан облысы	3,2%	4,1%
Жамбыл облысы	4,3%	8,5%
Қарағанды облысы	10,7%	3,8%
Қостанай облысы	4,6%	5,3%
Қызылорда облысы	3,3%	5,8%
Маңғыстау облысы	3,1%	4,1%
Оңтүстік Қазақстан облысы	11,7%	22,7%
Павлодар облысы	5,0%	2,8%
Солтүстік Қазақстан облысы	2,3%	3,6%
Шығыс Қазақстан облысы	8,4%	6,4%
Астана қаласы	9,5%	
Алматы қаласы	17,5%	

**1.5-сурет**

2013 жылдың басында жастардың Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша бөлінуі, Қазақстан = 100 %



Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің деректері





### 1.6-сурет

Қазақстан Республикасы өңірлеріндегі халықтың жалпы санындағы жастардың үлес салмағы, %



### 1.7-сурет

Ауыл жастары санының динамикасы




ең аз үлес салмағы мына өңірлерде байқалады: Солтүстік Қазақстан (2,9 %), Атырау (3,4 %), Маңғыстау (3,5 %) және Батыс Қазақстан (3,6 %) (1.5-сурет).

Орташа алғанда, қала-ауыл қимасында (Астана және Алматы қалаларын қоспағанда) Қазақстан Республикасы өңірлеріндегі тұрғындардың жалпы санында ауылдық жерлердегі жастардың үлес салмағы қалалық жерлердегі жастармен салыстырғанда 1,2 %-ға артық. Алайда, Ақтөбе,

### 1.8-сурет

Қазақстан Республикасының өңірлері қимасындағы жастардың жынысы бойынша үлесі



### 1.9а-сурет

14-18 жастағы жас ерекшелік тобы



Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында, керісінше, қала жастарының үлесі басым (1.6-сурет).

Салыстырмалы талдау соңғы үш жылда ауыл жастары санының төмендегенін көрсетеді (1.7-сурет). Егер 2011 жылдың басында ауылдық жерлерді мекендейтін жастардың саны 2 118,5 мың адамды құраса, 2013 жылдың басында 2 082,4 мың адамды құраған, яғни 2011 жылмен салыстырғанда 2 %-ға төмендеген.

## 1.2. ЖАСТАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ-ЖАС ЕРЕКШЕЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Республикада өңірлердегі жастардың жалпы санына шаққанда 14-29 жас аралығындағы ер балалардың



### 1.9б-сурет

19-23 жастағы жас ерекшелік тобы



### 1.9в-сурет

24-28 жастағы жас ерекшелік тобы



басым бөлігі Ақмола облысында (51,9 %) тұрады, Ақтөбе облысында осы жас аралығындағы қыз балалар (50,3 %) (2012 жылдың соңы) басым. Өңірлердегі ер балалардың саны қыз балалардың санымен салыстырғанда аздап жоғары екендігін атап өту қажет. Алайда, республикалық маңызы бар қалаларда қыз балалардың саны ер балаларға қарағанда артық (1.8-сурет).

**Негізгі жыныстық-жас ерекшелігі топтары бойынша Қазақстан Республикасы өңірлері қимасында жастардың үлесі.**

Республика өңірлерінде орташа алғанда ер балалардың үлес салмағы қыз балалардан 2 %-ға жоғары. Алайда, республикалық маңызы бар қалаларда 19-28 жас аралығындағы бойжеткендер бозбалалар санынан артық: 19-23 жас аралығы тобында Астана қаласында 6 %-ға, Алматы қаласында – 10 %-ға; 24-28 жас аралығында Астана қаласында – 6 %-ға, Алматы қаласында – 8 %-ға артық (1.9 а, 1.9 б, 1.9 в-суреттер).

Жалпы жағдайға қарағанда, Қазақстан бойынша ерлер

### 1.10а-сурет

14-18 жастағы жас ерекшелік тобы



### 1.10б-сурет

19-23 жастағы жас ерекшелік тобы



### 1.10в-сурет

24-28 жастағы жас ерекшелік тобы



мен әйелдердің үлесін бөліп көрсету, қалаларда 19-28 жас аралығындағы бойжеткендер бозбалалар санынан артық. Мәселен, қалалық жерлерде 19-28 жас аралығындағы бозбалалар мен бойжеткендер арасындағы орташа айырмашылық мәні 2 %-ды құрайды. Сонымен қатар, республикалық маңызы бар қалаларда қыз балалар саны



ұлдардың санынан айтарлықтай жоғары: Астана қаласында – 6 %-ға және Алматы қаласында – 10 %-ға (1.10 а, 1.10 б, 1.10 в-суреттер).

Ауылдық жерлердегі жастар арасында ер балалардың саны қыз балалардан анағұрлым артық. Ауылдық жерлерде барлық жас ерекшелігі топтарында бозбалалардың саны бойжеткендермен салыстырғанда артық екендігі байқалады, бұл ретте 19-23 жас аралығындағы жас ерекшелік тобында олардың арасындағы үлкен айырмашылық

Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарында 12 %-ды, сондай-ақ, Ақмола және Қарағанды облыстарында 8 %-ды құрайды (1.11 а, 1.11 б, 1.11 в-суреттер).

### 1.3. ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ БАЛА ТУУ, ОТБАСЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ АЖЫРАСУ

Бала туудың ең жоғары көрсеткіші әйелдердің 20-24 және 25-29 жас аралығындағы жас ерекшелігі топтарына жатады (20-24 жастағы 1000 әйелге шаққанда 147 тірі туылған бала және 25-29 жастағы 1000 әйелге шаққанда 156 туылған бала), бұл репродуктивті жастағы әйелдердің бала туудың 58 %-ын құрайды (1.12 а-сурет).

#### 1.11а-сурет

14-18 жастағы жас ерекшелік тобы



#### 1.11б-сурет

19-23 жастағы жас ерекшелік тобы



#### 1.11в-сурет

24-28 жастағы жас ерекшелік тобы



#### 1.12а-сурет

2012 ж. 1000 әйелге шаққанда бала туудың жас ерекшелік коэффициенті



2009-2012 жылдар аралығындағы кезеңде 15-29 жастағы аналардың бала туу коэффициентінің жалпы қосындысы Қазақстанда 2009-2011 жылдары 15-29 жастағы бір әйелге 1,6 бала, 2012 жылы 1,7 бала келетіндігін көрсетті.

**14-29 жас аралығындағы аналардан туылғандардың үлес салмағы.** 2010-2012 жылдары 20-24 және 25-28 жас аралығындағы аналардан туған балалардың саны жоғары екендігі байқалады. Мәселен, туылған балалардың жалпы санының 50 %-дан астамы 20-24 жас аралығындағы аналарға және 40 %-дан жоғары – 25-28 жас аралығындағы аналарға тиесілі. Қазіргі кезеңде 20 және одан төмен жастағы жас аналардың үлесі 8 %-ды құрайды (1.12 б-сурет).

#### 1.12б-сурет

Туылған балалар саны және жастар арасында жас ерекшелігі бойынша бала туу үлесі



### 1.13-сурет

Неке қию



Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің 2012 жылдың соңындағы деректері

**Некеге тұру.** 2012 жылдың соңында жастардың некеде тұруы бойынша үлесін бөліп көрсету некеде тұрғандардың ең үлкен пайызы 20-24 және 25-28 жас аралығындағы жас ерекшелігі топтарына тиесілі екендігін көрсетті. Бұл ретте 20-24 жастағы жігіттердің үлесі – 51% және 25-28 жас аралығында – 45% (1.13-сурет). 20-24 және 25-28 жас аралығындағы ешқашан отбасы құрмаған бойдақ жігіттердің үлесі осы санаттағы бойжеткендердің үлесінен артық. Қазақстандық жастарға жастайынан күйеуінен / әйелінен айырылып қалу тән екендігін атап өту қажет. Ажырасқан жастардың ең жоғары пайыздық қатынасы 25-28 жас аралығындағы жас ерекшелік тобына тиесілі. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректерінде өзінің некелік жағдайын көрсетпеген тұлғалардың саны орын алған.

## 1.4. ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЛІМ-ЖІТІМ

14-29 жас аралығындағы жастардың өлім-жітімін анықтау үшін халық санының промилле (%), яғни 1000 адамға шаққандағы бір жыл ішінде қайтыс болғандардың (14-29 жас) жалпы санының ара-қатынасын ұсынатын өлім-жітімнің жас ерекшелік коэффициенті қолданылды. Мысалы, қазақстандық жастар арасындағы өлім-жітімнің ең жоғары жас ерекшелігі коэффициенті (2012 жылдың соңында) ерлер арасында 1,78 промиллеге жеткен. Сонымен қатар, 2012 жылы ауылдық жерлерде өлім-жітім 1,91 промиллеге жеткендігі белгілі болды, бұл қалалық жерлермен салыстырғанда 0,25 промиллеге артық (1.14-сурет).

2012 жылдың соңында Қазақстанда 1000 жас тұрғынға шаққандағы ең жоғары жас ерекшелік коэффициенті 24-28 жас аралығындағы жас ерекшелік тобында байқалады – 1,56.

### 1.14-сурет

Қала-ауыл қимасында жынысы бойынша жастардың өлім-жітімнің жас ерекшелік коэффициенті



Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің 2012 жылдың соңындағы деректері

### 1.15-сурет


Жынысы бойынша жастар өлім-жітімнің жас ерекшелік коэффициенті



Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің 2012 жылдың соңындағы деректері

### 1.16-сурет

Әңірлер қимасында жастар өлім-жітімнің жас ерекшелік коэффициенті



Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің 2012 жылдың соңындағы деректері



### 1.17-сурет

ҚР қала-ауыл қимасында жастардың негізгі жас ерекшелік топтарының өлім-жітімі көрсеткіштері (өлім себептері бойынша)



Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің 2012 жылдың соңындағы деректері

### 1.18-сурет

Жастардың негізгі жас ерекшелігі бойынша өлім-жітім көрсеткіштері (өлім себептері бойынша)



Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің 2012 жылдың соңындағы деректері

19-28 жас аралығындағы қайтыс болған ерлер әйелдерге қарағанда көп, ал тым ерте жаста қайтыс болғандар арасында жас қыздардың өлім коэффициенті 0,27 промиллеге артық (0,77), ұлдарда – 0,50 промилле (1.15-сурет).

Қазақстанның өңірлері қимасындағы 1000 адамға шаққанда жастар арасындағы өлім-жітімнің жас ерекшелік коэффициентінің тым жоғары көрсеткіштері Солтүстік Қазақстан облысында – 2,64, Ақмола – 2,39 және Қарағанды облыстарында – 2,29 (1.16-сурет).

Қазақстан Республикасындағы жастардың негізгі жас ерекшеліктері топтары бойынша өлім-жітім көрсеткіштері (өлім себептері бойынша). Республикада 2012 жылдың соңында 14-18 жас аралығындағы ең көп тараған өлім себебі ісіктердің пайда болуы аурулары болып табылады, олардың үлесі 19 %-ды құрайды. Оқыс оқиға, улану және жарақаттану салдарынан көз жұмғандар осы жас ерекшелік тобындағы қайтыс болғандардың жалпы санының 15 %-ын құрайды.

19-23 жас аралығында өлімнің ең көп салдарлары оқыс оқиғалар, улану және жарақаттану (36 %) және тыныс алу мүшелерінің ауруы (32 %) болып табылады.

24-28 жас аралығында ас қорыту аурулары салдарынан көз жұмғандардың үлесі тым жоғары – 72 %, жұқпалы және паразиттік аурулар – 67 %, қан айналымы жүйесінің аурулары – 62 %.

Ауылдық жерлерде 19-23 жас ерекшелігі тобында өлім-жітімнің себептері бойынша тыныс алу мүшелерінің ауруы ең жоғары пайызды – 42 %, қан айналымы жүйесінің аурулары ең төменгі пайызды көрсетіп отыр. Қалалық жерлерде қан айналымы жүйесінің аурулары, оқыс оқиғалар, улану және жарақаттану, ісіктер себебінен көз жұмғандардың үлесі ауылдық өңірлердегі жастардың үлесінен басым, ал ас қорыту, тыныс алу мүшелерінің, инфекциялар мен паразиттер себептерінен көз жұмғандардың үлесі төмен.


Алайда, жастардың жоғары жас ерекшелік тобында қалалық жерлерде аталған себептер бойынша қайтыс болғандардың саны ауылдық жерлермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары (1.17, 1.18-суреттер).

## 1.5. ЖАСТАРДЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ КӨШІ-ҚОНЫ

Қазақстанда 19-23 және 24-28 жас аралығындағы бойжеткендер өте жұмылғыш, бірінші жас ерекшелігі тобында олардың саны – 46 038 адам, яғни осы жас ерекшелігі құрылымындағы әйелдердің жалпы санының 47 %-ы, екінші топта – 36 075 адам, яғни 37 %. Жалпы, Қазақстан

### 1.19-сурет

Жастардың ішкі жұмылғыштығы



Дереккөзі: ҚР Статистика агенттігінің 2012 жылдың соңындағы деректері






### 1.20-сурет

Ішкі көші-қон сальдосы



### 1.22-сурет

Қала-ауыл қимасында жас тұрғындардың (14-28 жас) жас ерекшелік топтары



әлеуметтік инфрақұрылымның төмен деңгейі – ішкі көші-қонның және ауыл тұрғындарының қалаға ағылуының негізгі себептері.

Өңірлер қимасында ауыл жастарының саны бойынша бірінші орында Оңтүстік Қазақстан облысы – 449 168 адам (22,9 %) және Алматы облысы – 387 018 адам (19,7 %) (1.21-сурет). Сәйкесінше, тек осы екі өңірде ғана Қазақстандағы барлық ауыл жастарының 43 %-ы шоғырланған. Бұған аталған өңірлердің әлеуметтік-географиялық жағдайы ықпал етеді: халықтың жоғары тығыздығы және шекараның жақындығы. Осының салдарынан көршілес мемлекеттерде халықтың ішкі көші-қонының өсуі және ауыл жастарының ішкі көші-қонының артуы әлеуеті туындайды.

Жастардың басым бөлігі Астана және Алматы қалаларына ағылады, көші-қонның оң сальдосы тиісінше 8 934 және 9 475 адамды құрайды. Жастардың басым бөлігі Оңтүстік Қазақстаннан – 5 225 адам, Жамбыл облысынан – 3 888 адам және Шығыс Қазақстан облысынан – 3 551 адам қоныс аударған, бұл өңірлер бойынша ауыл жастары санының көрсеткіші толығымен өзара байланыстырылады.

Жас тұрғындардың жас ерекшелік топтарында (14-28 жас) ауылдық жерлерде тұратын жастардың пропорционалды саны байқалады (1.22-сурет). Жастардың жалпы санынан 14-18 жас аралығында – 645 626 адам, 19-23 жас аралығында – 659 449 адам, 24-28 жас аралығында – 658 823 адам, бұл ретте қалалық жастардың жас ерекшелік құрылымында жас ерекшелігі топтарының теңгерімсіздігі байқалады.

Жалпы, қалаларда жастар көп қоныстанған, бұл ретте ауылдарда 14-18 жас аралығындағы жастар саны басым, ал 19 жастан жоғары жастардың басым бөлігі қалаларда тұрады. Бұл жастардың орта білім беретін мектептерді аяқтағаннан кейін ауылдардан қоныс аудара бастайтындығымен

Республикасы Статистика агенттігінің жиынтық деректеріне сәйкес, бойжеткендер бозбалаларға қарағанда жұмылғыш болып келеді, бұл ретте бозбалалардың жұмылғыштық қасиетінің жоғарғы шегі 19-23 жасқа тән (1.19-сурет).

**Ішкі көші-қон.** Ішкі көші-қонның ең жоғары ағымы 2012 жылы республикалық маңызы бар қалаларда байқалды: Астана (8 965) және Алматы (9 086), сондай-ақ жастардың ағылуы Алматы облысында (1 476) және Маңғыстау облысында (1 209) байқалады. Қалған өңірлерде көшіп кеткен жастар қоныс аударып келушілерден басым түскен (1.20-сурет).

Жоғарыда атап көрсетілгендей (1.7-сурет), ауыл жастары санының төмендеуі жастардың білім алуды қалағастыру және жұмысқа орналасу мақсатында ауылдан қалаға ағылуымен түсіндіріледі. Статистикалық деректер «ауыл - қала» осы бойынша әлеуметтік-демографиялық проблемалардың бар екендігін растайды. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының біркелкі болмауы ішкі көші-қонның өсуіне алып келеді. Ауылдарда, селоларда жұмыстың болмауы,

### 1.21-сурет

Өңірлер қимасында ауыл жастарының саны



### 1.23-сурет


Жастардың басқа елдерден/елдерге қоныс аударуы





### 1.24а-сурет

#### Сыртқы көші-қон сальдосы



### 1.24б-сурет

#### Көші-қон сальдосы



байланысты. Сәйкесінше, жас ерекшелігі үйлесімділігі артып келеді, бұл 19-28 жас аралығындағы ауыл жастарының қала жастарының қатарын толықтырып қана қоймай, олардың жалпы үлесін арттыратындығын көрсетеді.

**Жастардың басқа елдерге қоныс аударуы.** 19-23 жас ерекшелігі тобындағы жас қазақстандықтар 14-18 жастағылармен салыстырғанда басқа елдерге көп қоныс аударады (ТМД елдерін қоспағанда) (1.23-сурет). 14-18 жас аралығындағы эмигрант бозбалалар қыз балалармен салыстырғанда 4 %-ға артық екендігін атап өту

қажет. Жалпы, 2012 жылы басқа елдерге қоныс аударған жас азаматтардың үлесі Қазақстанға қоныс аударғандардың үлесінен айтарлықтай басым.

2012 жылы ТМД елдерінен 14-29 жас аралығындағы жас ұрпақтың ең көп саны Маңғыстау (2045) және Оңтүстік Қазақстан облыстарына (1 455) көшіп келген, сондай-ақ Шығыс Қазақстан (-1 323), Павлодар (-638), Ақмола (-559) және Солтүстік Қазақстан (-567) облыстарынан аздаған ағылу байқалады (1.24 а-сурет).


Қазақстан Республикасындағы ішкі және сыртқы көші-қонның жалпы сальдосы көрсеткендей, 2012 жылы Астана (8 934) және Алматы (9 475) қалаларына, Маңғыстау (3 322), Алматы (1 935) және Атырау (148) облыстарына қоныс аударып келушілердің көшіп кетушілер ағымынан артық, бұл, ең алдымен, жастардың осы өңірлерде жұмысқа орнала су, білім алу, өзге де өмір сүру жоспарларын іске асыру мүмкіндігімен байланысты. Басқа өңірлерде көшіп кеткен жастардың ағымы көшіп келген жастардың санынан басым түседі (1.24 б-сурет).

### 1.25-сурет

#### Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

#### “Сіздің өз қалаңыздан / ауылыңыздан тұрақты тұру үшін басқа жерге қоныс аударғыңыз келе ме?”

- Иә, жақында қоныс аударармын
- Қоныс аударғым келеді, бірақ әзірше мүмкіндіктер жоқ
- Әзірше жоспарламаймын, бірақ белгілі бір себептер туындаса, қоныс аударармын
- Ешқайда қоныс аударуды жоспарламаймын, маған өз қаламда / ауылымда жақсы



**Жастардың көші-қон ниеті.** Әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қазақстандық жастардың жартысынан көбі (54,9 %) ешқайда қоныс аударуды жоспарламайды, олардың пікірінше, «оларға өз қаласы / ауылы өмір сүруге жақсы». Сауалнамаға қатысқан жастардың қалған бөлігі (45,1 %) өз қаласынан / ауылынан басқа жерге тұрақты тұру үшін қоныс аударуды ойлайды. Олардың ішінде көші-қон жоспарларының мүмкіндіктері мен себеп-салдарлары өзара тең үлесті құрайды. Мысалы, сауалнама кезінде жастардың 15,9 %-ы жақын арада қоныс аударатындығын айтты; 14,9 %-ы қоныс аударуды жоспарламайды, бірақ белгілі бір себептер туындаған жағдайда қоныс аударады; республика жастарының 14,3 %-ы қоныс аударуды қалайды, бірақ әзірге олардың мұндай мүмкіндіктері жоқ.


Жастар қайда қоныс аударуды қалайды? Жаппай сауалнама нәтижелері жастардың көші-қонға ниеттенуін үш топқа бөліп қарастыруға мүмкіндік береді: ішкі көші-қон, жақын шет елдерге және алыс шет елдерге сыртқы көші-қон.

**Ішкі көші-қон** республикамыздың жас тұрғындары республикалық маңызы бар қалаларға, Қазақстан



**1.26-сурет**Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)**“Сіздің қайда қоныс аударғыңыз келеді?”**

- Ішкі көші-қон  
**Астана қ. - 19,3%**  
**Алматы қ. - 16,3%**
- Таяу шет елдерге  
сыртқы көші-қон  
**РФ - 17,1%**
- Алыс шет елдерге  
сыртқы көші-қон
- Жауап беруге қиналамын




Республикасының басқа қалаларына, облыстары мен ауылдарына қоныс аударуға ниеттілігімен сипатталады. Әлеуетті мигранттардың басым бөлігі (56,3 % – «Астанаға», «Алматыға», «Қазақстанның басқа қаласына / ауылына», «облыс орталығына», «өз ауданы / облысы шеңберінде» жауаптарының біріктірілген бағасы) көші-қонның нақ осы бағытын таңдайды. Мысалы, әрбір бесінші жас азамат (19,3 %) Ел ордасы – Астана қаласына қоныс аударуды қалайды. Алматы қаласына қоныс аудару туралы қазақстандық жастардың 16,3%-ы сөз етеді. Бұған қоса, жастардың 8,7 %-ы облыс орталығына, 7,2 %-ы – басқа қалаға немесе ауылға, 4,8 %-ы – өз ауданы немесе облысы шеңберінде тұрақты тұру үшін қоныс аударуды қалайды.

**Жақын шет елдерге сыртқы көші-қон** (23,7 % – «Ресейге» және «ТМД елдеріне» жауаптарының біріктірілген бағасы) – ТМД елдеріне, соның ішінде Ресей Федерациясына тұрақты тұру үшін қоныс аудару. Соның ішінде жастардың басым бөлігі (17,1 %) Ресейге қоныс аударуды қалайды, ТМД басқа елдеріне респонденттердің 6,6%-ы қоныс аударуға ниетті.

**Алыс шет елдерге сыртқы көші-қон** (13,8 %) – әлемнің басқа елдеріне тұрақты тұру үшін қоныс аудару. Жастардың 13,8%-ы шет елдерге қоныс аударуға ниетті екендіктерін білдірді. Жастар мұндай елдердің қатарында Түркияны, Канаданы, Доминикан Республикасын, Германияны, Қытайды және басқа елдерді атап көрсетті.

Зерттеу нәтижелерін талдау республиканың жас тұрғындарының қоныс аудару себептерінің рейтингін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қоныс аудару себептерінің ТОП-5: табыс деңгейінің төмендігі (17,7 %), жұмысқа орналасудың мүмкін еместігі (15,8 %), болашақтың жоқтығы және өзін-өзі көрсетудің мүмкін еместігі (12,6 %), жеке себептер мен мүдделер (11,7%) және сапалы білім алу

**1.27-сурет**Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)**“Сіздің неліктен қоныс аударғыңыз келеді?”**

(9,2 %). Жас ұрпақты көбіне жұмысқа орналасу, табыс табу және қызметтік өсу мәселелері алаңдатады. Міне осы себептер жастардың жоғары жалақы, жұмыс іздеп тұрғылықты жерін ауыстыруға итермелейді.

Жастардың көші-қон ниетіне тұрғын үй проблемалары (5,8%), инфрақұрылымның төмен деңгейі (5,3 %), кейбір этникалық топтар үшін болашақтың жоқтығы (5,6 %), тілдік ерекшелігі бойынша кемсіту (5,2 %), нашар экологиялық жағдай (4,1%), шешімі жоқ проблемалар санының көптігі (3,3 %), азаматтық құқықтың бұзылуы (1,7 %) ықпал етеді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық, болашаққа деген сенімсіздік, бос уақытты өткізу (туризм, демалыс және т.б.) факторлары сауалнамаға қатысқан жастардың аздаған бөлігінің пікірі бойынша жалпы көші-қон жағдайына ықпал етеді.

\* \* \*

Осылайша, жастар ортасындағы демографиялық жағдайды талдау көрсеткендей, жастар республика халқының шамамен төрттен бір бөлігін құрайды (26 %). Ауыл жастарының саны қала жастарының санынан төмен (12 % және 14 %).

Демографиялық процестердің негізгі үрдістері мыналар болып табылады:

- 14-18 жас аралығындағы жастардың басым бөлігі ауылдық жерлерде тұрады, ал 19 жастан жоғары жастардың басым бөлігі қалаларда тұрады. Ауылдық жерлерде жастар арасында ұлдардың саны қыз балаларға қарағанда әлдеқайда басым;

- жастарды некеге қатысы бойынша бөліп қарау нәтижесінде жастар арасында ажырасудың өте кең таралғаны анықталды

2012 жылдың басында әлем тұрғындары 7 миллиардтан асты, бұл ретте 30 жасқа дейінгі жастар аталған көрсеткіштің жартысынан астамын құрайды (50,5 %). Euromonitor International зерттеуіне сәйкес, 30 жасқа дейінгі адамдардың 89,7 %-ы дамушы елдерде, атап айтқанда Орта Азияда мен Африкада тұрады.

Дереккөзі: The World's Youngest Populations, Euromonitor International, 2012

Жастардың басым бөлігі Азия елдерін мекендейді: 754 миллион. Бұл көрсеткіш 1950 жылмен салыстырғанда шын мәнінде үш есе өскен.

Дереккөзі: United Nations World Youth Report, Conclusions, 2011, Youth Demographics Worldwide, United Nations, Department of Economic and Social Affairs, Population Division, 2011



– ажырасқан жастардың ең үлкен пайыздық арасалмағы 25-28 жас ерекшелігі тобына тиесілі. Тым ерте жаста ерінен/ әйелінен айырылып қалу жағдайлары кездеседі;


- 2009-2012 жылдары бала туудың демографиялық талдауына сәйкес, жастар арасында бала туудың тұрақты үрдісін атап өтуге болады, мәселен, Қазақстанда 15-29 жас аралығындағы бір әйелге 2009-2011 жылдары 1,6 баладан, 2012 жылы 1,7 баладан келеді;

- некелік жағдайдың пайыздық ара-қатынасында ажырасудың ең көп саны жастар арасында кең таралған. Соның ішінде ажырасқан жастардың басым бөлігі 25-28 жас ерекшелігіне тиесілі;

- жастардың өлім-жітімі деңгейі туралы деректер Қазақстан Республикасында жастардың өлім-жітімінің ең жоғары жас ерекшелік коэффициенті 2012 жылы ерлер арасында 1,78 промиллеге жеткенін көрсетеді. Сонымен қатар, ауылдық жерлерде қалалармен салыстырғанда өлім-жітім көп. Өлім-жітім көрсеткіштері Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қарағанды облыстарында жоғары;

- 2012 жылы республикада 14-18 жас аралығында өлімнің ең көп таралған себебі ісіктер болып табылады, олардың үлесі 19 %. 19-23 жастағы өлім-жітімнің себептерінің аздаған бөлігі оқыс оқиғалармен, улану мен жарақаттанумен және тыныс алу мүшелерінің ауруларымен байланысты;

- 2012 жылы Қазақстанда ер балаларға қарағанда қыз балалар бейімделгіш келеді. 14-18 жас аралығындағы бозбалалар қыз балалармен салыстырғанда басқа елдерге жиі шығады, бұл шетелде білім алумен байланысты болуы мүмкін. Республика өңірлерінде көшіп келу үшін Астана, Алматы қалалары мен Маңғыстау облысы тартымды болып табылады. Қалған басқа өңірлерде кері сальдо жоғары, яғни көшіп кеткен жастар саны қоныс аударып келгендерден жоғары.



2-ТАРАУ

## МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ



## 2.1. ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ДАМУ

Қазақстанды дамыту Стратегиясының маңызды мәселелері арасында жастармен жұмыс тақырыбы ерекше орын алады. Алты миллионнан астам қазақстандық Тәуелсіздік жылдарында өмірге келді. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында жаңа бағыттың қозғаушы күші ретінде жастарды нақты атап көрсетті.

Жастар саясаты, оның қарқыны мен тиімділігі мемлекеттің мүмкіндіктеріне тәуелді. Алайда, екінші жағынан, жастарсыз мемлекеттің өздігінен дамуы мүмкін емес, бұл жастарға қатысты саясаттың озық сипатын, оның мемлекет қызметінің басқа бағыттары арасында көш басында орын алуымен шарттастырылады [1].

«Қазақ КСР-ғы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң алғашқы заңдардың бірі ретінде 1991 жылғы шілдеде қабылданды. Сондықтан осы заңды жүзеге асыруда проблемалардың туындауы, әсіресе қаржыландыру саласында, кездейсоқтық болмады. Біршама аз уақыт ішінде оған өзгерістер енгізу, кейінірек жаңа заң қабылдау жөнінде ұсыныстар туындады [2].

«Қазақстан жастарының білім алуы, лайықты еңбек етуі, тұрғын үйге ие болуы, спортпен айналысуы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалуда».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандық жол: Тұрақтылық. Бірлік. Жаңғыру» Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында сөйлеген сөзінен (Астана, 2012 жылғы 27 сәуір)

1999 жылғы тамызда Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы мақұлданды, ал 2004 жылғы 7 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңға қол қойылды. Мемлекеттік жастар саясаты мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі ретінде қалыптасты [3].

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңының жаңа жобасы әзірлену сатысында, оның қабылдануы мемлекет дамуының қазіргі кезеңіндегі мемлекеттік жастар саясатын қалыптастырудың және іске асырудың құқықтық негіздерін анықтауы тиіс.

«Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» ЖҚ І съезінде Елбасы қазіргі кезеңде мемлекеттік жастар саясатының мәнін белгілейтін қағидалық ережелерін атап көрсетті. Ол, бірінші жағынан, жастардың өзіндік белсенділігін ынталандыруға зиянын тигізетін, керенаулыққа алып келетін тым артық қамқорлық және қайырымдылық көрсетуден тартыну қажеттілігін атап өтті. Екінші жағынан, мемлекеттік жастар саясаты жастардың елдің толыққанды азаматтары болып қалыптасуына үлкен мүмкіндік беруі тиіс. Бұл білікті кәсіби білім алу, жалақысы лайықты деңгейдегі тұрақты жұмысының және отбасы құру үшін меншікті тұрғын үйінің болуы, салауатты өмір салтын

ұстану.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында сөйлеген сөзі мемлекеттік жастар саясатын дамытуға жаңа қарқын берді. Сессияда көтерілген мәселелер Ел басшысының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» бағдарламалық мақаласында және Президенттің Назарбаев университетіндегі «Қазақстан білім қоғамы жолында» интерактивті лекциясында одан әрі жалғасын тапты. Елдің болашағы үшін жас ұрпақтың мәнін атап көрсете отырып, Н.Ә. Назарбаев білім беруді жаңғыртуға, қазақстандық жастарды өз бетінше өмір сүруге бейімдеудің тиімді жүйесін құруға, бастамашыл еңбекке, жас мамандар үшін жұмысқа орналастыруға кепілдік туралы құқықтық нормалар мен әлеуметтік пакетті әзірлеуге, жастар тәжірибесін ұйымдастыру тәртібіне ерекше назар аударды [4].

Президент 2012 жылғы қарашада «Жас Отан» ЖҚ ІІ съезінде бірнеше жаңашыл идеяларын айқын көрсетті. Бұл барлық министрліктер мен өкімдіктердің стратегиялық жоспарларына жастармен жұмыс жөніндегі индикаторларды енгізу және бұл бағытта жастар ұйымдарымен өзара қарым-қатынасты нығайту; жастар бірлестіктері өкілдерін ҰЕҰ-мен жұмыс кеңесінің құрамына ендіру және жастар бастамалары қорын құру; жастар саясатын тігінен басқаруды әрбір қала мен ауылға дейін жеткізу және ірі өндірістік ұжымдар мен ұлттық компанияларда жастар ісі жөніндегі комитеттердің рөлін нығайту; студенттер мен жастардың жатақханасын салуды қоса алғанда жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б. [5].

2013 жылғы ақпанда ҚР Үкіметі 2020 жылға дейінгі Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын бекітті. Бұрын республика Үкіметі мемлекеттік, өңірлік және салалық бағдарламаларды әзірлеу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынған Жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау және дамытудың 2008-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіткен болатын.

Мемлекеттік жастар саясатының басты басымдылығы қоғам мүддесін ескере отырып, жастардың өз мүдделеріне, бейімділігіне, дене мүмкіндіктеріне сәйкес олардың еркін әлеуметтік даму, құқығын іске асыруға жағдай жасау болып табылады.

### Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

2012-2013 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыруға бағытталған шамамен 30-ға жуық арнайы нормативтік-құқықтық актілер әзірленді және іске асырылуда [6].

Қазіргі кезеңдегі жастар саясатын іске асыруда мемлекеттің көзқарасын белгілейтін басты құжат – негізгі мақсаты жастарды әлеуметтендіру болып табылатын «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) [7].

Тұжырымдаманың басты ерекшелігі – арнайы көзқарас және жастардың барлық санаттарын қамту, бұрынғы мемлекеттік актілер мен бағдарламалар негізінен білім алушы жастарға бағытталған болатын. Алғаш рет жастардың маңызды мүдделері мен қажеттіліктерін ескеретін арнайы бағыттар белгіленген (жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасау, жастарға арналған қолжетімді баспана жүйесін дамыту, жас отбасыларға қолдау көрсету және т.б.).

Жастар саясатының басым бағыттары қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық тіршілігінің негізгі



## 2.1-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

“Сіз ... танысып шықтыңыз ба?”

ИӘ ЖОҚ

ҚР Конституциясымен	77	23
«ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңымен	41	59
Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасымен	31	69

мәселелерін қамтитын бірнеше мемлекеттік және салалық бағдарламаларында, сонымен қатар орталық және жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларында көрініс тапқан.

Сонымен қатар, әлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық жастардың басым бөлігі мемлекеттің басты құжаты – Қазақстан Республикасы Конституциясымен (77 %), жастардың 41 %-ы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен танысқан. Керісінше, жастардың көпшілігі Тұжырымдамамен таныс емес, бұл жастар саясатын мемлекеттік институттарының ақпараттық-түсіндіру жұмысының төмен екендігі туралы куәландырады. Тұжырымдама секілді маңызды құжат әрбір қазақстандық жас тұлғаның «үстелүсті кітабына» айналуы тиіс (2.1-сурет).

### Институционалдық қамтамасыз ету

Соңғы екі жыл ішінде жастар ортасындағы процестерді басқарудың жаңа институционалдық үлгісі құрылды.

2012 жылғы шілдеде жастар саясаты саласындағы уәкілетті орган болып табылатын ҚР Білім және ғылым министрлігі құрылымында жастар саясаты стратегиясын

өзірлеу, оны жоспарлау, нормативтік қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың қызметіне мониторинг жүргізу және бағалау, сондай-ақ осы салада бақылау секілді өкілеттігі кең Жастар ісі комитеті (бұдан әрі – ҚР БҒМ ЖІК) құрылды [8].

Жастар саясатын басқарудың 3 деңгейін белгілеуге болады:

- республикалық – ҚР БҒМ ЖІК; ҚР Президенті жанындағы, ҚР Үкіметі жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестер, республикалық жастар ҰЕҰ;

- облыстық – Астана, Алматы қалаларының және облыстардың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалары; Астана, Алматы қалалары және облыстары әкімдіктерінің жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестер; жергілікті жерлердегі жастар ресурстық орталықтары, өңірлік ҰЕҰ;

- аудандық – аудандық ішкі саясат бөлімдері, ауылдық жерлердегі жастармен жұмыс жөніндегі нұсқаушылар, қалалар мен аудандардың жастар ресурстық орталықтары, жастар ұйымдары.

Бұдан басқа, институционалдық құрылымға көрсетілген кеңестер тұлғасындағы консультативті-кеңестік органдардың үш деңгейі, сондай-ақ басқа да консультативті-кеңестік органдар (ҚР БҒМ жанындағы Жастар ұйымдарын дамыту жөніндегі үйлестіруші кеңес, ШЫО Жастар кеңесі, ТМД кеңесі және т.б.) енеді.

Мемлекеттік жастар саясатын дамытудағы маңызды қадам 2013 жылғы наурызда құрылған «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Оның миссиясы – жастардың бәсекеге қабілеттігін дамыту және оларды Қазақстанда жаңғырту процесіне тарту мақсатында мемлекеттік жастар саясаты институттарын ғылыми-зерттеу, ақпараттық және консультациялық қамтамасыз ету.

2013 жылы екі жастар саясаты институтының жаңғыруын атап өту қажет:

- 2013 жылғы наурызда ҚР Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің құрамы жаңартылды, сондай-ақ оның жұмысы қайта жаңғыртылды;


- «Жас Отан» ЖҚ ІІ Съезінде Мемлекет басшысы Астана, Алматы қалалары және облыстар әкімдері жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңестерді әкімдердің басқаруына тапсырма берді, бұл жауапкершіліктің мүлдем жаңа деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Осылайша, қазіргі кезеңде Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының институционалдық базасы құрылған (2.2-сурет).

Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері Қазақстан жастарының жартысынан көбі өңірлік (жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалар – 65 %, әкімдіктер жанындағы жастар мәселелері жөніндегі кеңестер – 64 %), республикалық (ҚР Президенті жанындағы Жастар

## 2.2-сурет

Мемлекеттік жастар саясатының институционалдық құрылымы





### 2.3-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

#### “Сіз қандай мемлекеттік жастар саясаты институттарын білесіз?”

Облыстық, қалалық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	65	35
Облыс әкімі жанындағы Жастар мәселелері жөніндегі кеңес	64	36
ҚР Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес	57	43
ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жастар ісі жөніндегі комитеті	46	54

■ Білмеймін / Естіген емеспін  
■ Білемін / Естідім

саясаты жөніндегі кеңес – 57 %) деңгейде әрекет ететін уәкілетті мемлекеттік органдардың және құрылған жастар ісі жөніндегі кеңестердің бар екендігі туралы хабарсыз екендігін көрсетеді (2.3-сурет).

Сонымен қатар, зерттеу жүргізу барысында жастардың жартысынан көбі ҚР БҒМ Жастар ісі комитеті туралы естігендері анықталды.

Осылайша, зерттеу нәтижелері, бір жағынан, мемлекеттік жастар саясаты институттарының жастармен арнайы жұмысының төмен екендігін, олардың имидждік, ақпараттық-түсіндіру сүйемелдеуінің жоқтығын көрсетті. Екінші жағынан, зерттеу деректері жастардың басым бөлігі өмірдің белсенді, жасампаз құндылықтарын бағаламайтындығын, қазақстандық жастардың керенау, қамқоршыл ұстанымдағы көңіл-күйін куәландырады.

#### Қаржылық қамтамасыз ету

ҚР Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша, 2013 жылы республикалық бюджеттен жастар саясатын қаржыландыруға 2,3 миллиард теңгеден астам, соның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша 612 миллион теңгеден астам қаржы бөлінген.

Талдау көрсеткендей, жыл сайын мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыру көлемі өсіп келеді (2.4-сурет).

2013 жылы жергілікті бюджеттен мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға 942 миллион теңге қаржы бөлінген (2.5-сурет).

## 2.2. МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БАРЫСЫН ТАЛДАУ

Жастарға қатысты мәселелер орталық атқарушы органдардың бірнеше бағдарламаларында көрініс тапқан. Талдау көрсеткендей, соңғы екі жыл ішінде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілген.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – ЕХӘҚМ) ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы қаулысымен бекітілген «Жұмыспен қамту – 2020» жол картасы әзірленді (бұдан әрі – Жол картасы).

Мәселен, әлеуетті қатысушылардың шеңбері кеңейген:

### 2.4-сурет

Қаржыландыру көлемі, мың теңге

\*Дереккөзі: ҚР БҒМ деректері



бағдарламаға жалпы білім беретін мектептердің, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының түлектері, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, 18-29 жас аралығындағы жетім балалар қатыса алады.

ЕХӘҚМ деректері бойынша, осы бағдарлама шеңберінде 2013 жыл ішінде жастар тәжірибесіне 19,7 мың адамды қамту жоспарланған, бұған 3 075,9 млн. теңге көлемінде қаржы бөлінген. 2013 жылдың басынан бері жастар тәжірибесі арқылы 16,2 мың адам жұмысқа орналастырылған, әлеуметтік жұмыс орындарына жастар қатарынан 5,6 мың адамға жолдама берілген.

2013 жылғы наурызда негізгі міндеті жастардың еңбек нарығын реттеуге байланысты ақпараттарды шоғырландыру,

### 2.5-сурет

2013 жылы облыстардың және Астана, Алматы қалаларының мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыру көлемі туралы мәліметтер (мың теңге)

Ақмола облысы	141 684	20 021	26 656
Ақтөбе облысы	187 112	27 112	130 643
Алматы облысы	206,1	61,6	10
Атырау облысы	537,3	8,9	60
Батыс Қазақстан облысы	77	32,2	44,8
Жамбыл облысы	343 647	257 429	39,1
Қарағанды облысы	268,1	53,4	42,2
Қостанай облысы	118 006,8	27 812	41 725,2
Қызылорда облысы	194 452	39 221	74 905
Маңғыстау облысы	205 259	153 590	35 000
Оңтүстік Қазақстан облысы	191 286	0	103 828
Павлодар облысы	457 642	79 899	165 701
Солтүстік Қазақстан облысы	77,8	11,8	38,7
Шығыс Қазақстан облысы	264 130,3	134 882	34 091
Алматы қаласы	201 873	201 873	-
Астана қаласы	318	318	63

■ Көзделген қаржының жалпы бюджеті  
■ Соның ішінде аудандар мен қалалар бюджетінен  
■ Соның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс

\* Дереккөзі: ҚР БҒМ деректері



жастарға жұмыспен қамту саласында ақпараттық қызмет көрсету болып табылатын «Жастардың еңбек биржасы» веб-порталы іске қосылды.

Осылайша, Жол картасы шеңберінде қабылданатын шаралар жастарды жұмыспен қамтуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде жастардың табысын және олардың өмір сүру деңгейін арттыруда көрініс табады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша, Қазақстан Республикасының денсаулық саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іс-шаралары жоспарын іске асыру аясында тек 2013 жылдың 1-тоқсанында ғана 960 235 астам іс-шара өткізіліп (спартакиадалар, акциялар, конференциялар, фестивальдар, ақпараттық кампаниялар және т.б.), 13 252 484 адам қамтылған, соның ішінде жастар аудиториясы 9 000 000 адамды немесе 70 %-ды қамтиды.

2013 жылы республика бойынша 9 жаңа жастар денсаулығы орталығы ашылды, олардың жалпы саны – 67.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – АШМ) 2009-2012 жылдар аралығында «Дипломмен – ауылға!» қоғамдық жобасын іске асыруды үйлестірді. Жоба аясында ауылдық жерлерге әлеуметтік саланың 24 577 маманы жұмысқа орналастырылды. Талдау көрсеткендей, агроөнеркәсіп кешенінің жас

білікті мамандарын ауылға жұмысқа тарту проблемасы көкейтесті орын алып отыр. АШМ ресми деректері бойынша, бағдарламаға бөлінген қаржы көлемі 2013 жылы 8,1 миллиард теңгені құраған. 2013 жылғы қаңтардан бастап бағдарлама әкімшісі Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми деректері бойынша, ақпараттық саясатты жүргізуде мемлекеттік тапсырысты іске асыру шеңберінде 2013 жылғы 1 қаңтар – 17 қыркүйек аралығында жастар саясаты мәселелері бойынша 2 181 материал жарияланған: 9 республикалық телеарнада 318 бейнесюжет, 58 республикалық газетте 907 мақала, 7 ақпараттық агенттікте 956 материал жарыққа шыққан.

Жастар тақырыбындағы мемлекеттік тапсырыс бойынша отандық өнімнің саны артып келеді. Тек 2012-2013 жылдары 29 көркем туынды (фильмдер, спектакльдер) жарық көрген, 20 қазақстандық жас талант беделді халықаралық конкурстар мен фестивальдардың жүлдегерлері атанған.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Өңірлерді дамыту бағдарламасы, Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы секілді маңызды әлеуметтік-

 <b>Қарқынды жобаның атауы</b>	 <b>2012-2013 жылдары қол жеткізілген нәтижелер</b>
<b>«Жастар – Отанға!» жобасы</b>	<p>ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» ЖҚ іске асырады және жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге, гуманистік идеяларды көтеруге, үлкендерге сый-құрмет көрсетуге, еңбекті бағалауды арттыруға бағытталған. 2012 жылдан бастап «Жастар – Отанға!» жастардың саяси лагері қызмет етеді.</p>
<b>«Жастардың кадрлық резерві» жобасы</b>	<p>ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» ЖҚ іске асырады, мемлекеттік басқару және қоғамдық-саяси қызмет жүйелерінің қажеттілігіне жастардың кадрлық әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. 2013 жылы конкурсқа 2000-на астам қатысушы тіркелді, 25 млн. теңге көлемінде қаржыландыру жоспарлануда.</p>
<b>«Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» бастамашылық еткен 2013 жылғы жаңа жобалар</b>	
<b>«Сәтті қадам» жобасы</b>	<p>2013 жылдың шілдесінде іске қосылды, жоғары оқу орындары түлектерінің Қазақстанның белді ұйымдарында тәжірибеден өтіп, еңбек жолын бастауына, сондай-ақ біліктілігі бойынша кәсіби білімін және дағдыларын бекітуге мүмкіндік беруге бағытталған. 2013 жылғы қыркүйектегі конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша 79 жас қазақстандық ұлттық компанияларда, орталық атқарушы органдарда тәжірибеден өтуде.</p>
<b>«Жастар – Ауылға!» жобасы</b>	<p>2013 жылы тамызда іске қосылды, ауыл жастарының құқықтық сауаттылығы деңгейін арттыруға және мемлекеттік және өзге де бағдарламалар бойынша сапалы түсіндіру жұмыстарын жүргізуге бағытталған, жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен іске асырылады. Барлық облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында «Кеңес орталығы» консультация орталықтары құрылған, онда жергілікті атқарушы органдардың, салық қызметтерінің, әділет органдарының мамандары, негізгі мемлекеттік бағдарламалардың операторлары кеңестер береді.</p>

\* Дереккөзі: ҚР БҒМ деректері



экономикалық бағдарламаларда жастар саясатын іске асыру көрсеткіштері жанама түрде енгізілген, бұл жастардың аталған бағдарламаларды іске асыруға қатысуын талдауға мүмкіндік бермейді; бұдан басқа жастар саясаты саласында нақты мемлекеттік шараларды әзірлеуге жағдай тудырмайды.

Республикалық және өңірлік деңгейлерде республикалық және жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын қарқынды қоғамдық жобалар ұсынылды.

Өкінішке орай, сауалнама нәтижелері жастардың жартысынан астамы «Саламатты Қазақстан» (62 %) мемлекеттік бағдарламасы және «Жастар тәжірибесі» (55 %) жобасы туралы хабарсыз екендігін анықтады. Бұған қоса, Қазақстанның әрбір екінші жас тұрғыны «Бизнестің жол картасы – 2020» және «Дипломмен – ауылға!» мемлекеттік бағдарламалары туралы естімеген, тиісінше 48 % және 47 %.

Сауалнамаға қатысушылардың барлық санынан тек 2 %-ы ғана мына мемлекеттік бағдарламаларға қатысқан: «Қолжетімді баспана – 2020», «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» және «Жастар тәжірибесі» (2.6-сурет).

Мемлекеттің жастарға қатысты негізгі проблемаларды шешудегі іс-әрекеттерін жастардың бағалауын ұсыну маңызды (2.7-сурет).

Сауалнама білім алуға қатысты проблемаларды шешу бойынша мемлекеттің қолдауы жастар арасында жоғары бағаға ие екендігін көрсетті (54 %). Бұл ретте қазақстандық жастардың жартысына жуығы тұрғын үймен қамтамасыз етуді (51 %) және жұмыспен қамту мәселелеріне (43 %) мемлекеттік қолдаудың төмен екендігін көрсетеді.

Осылайша, Қазақстан жастары өздерінің маңызды қажеттіліктері мәселелерін шешу бойынша мемлекеттік шараларға қанағаттанбайды, бұл мемлекеттік жастар саясатын іске асырумен байланысты бағдарламаларды қайта қарау, түзету қажет екендігі туралы қорытынды жасауға ықпал етеді.

### 2.3. ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ

Жастарға қатысты саясат қазіргі әлемде жастар саясатын дамыту тұрғысында қазақстандық жастардың жағдайын көруге мүмкіндік беретін халықаралық аспектіні де қамтитындықтан, жастар саясатын әлеуметтік саясаттың немесе ішкі саясаттың бір бөлігі ретінде емес, мемлекет қызметінің маңызды дербес бағыты ретінде қарастыру қажет.

2013 жылдың басындағы жағдай бойынша әлемнің 198 елінің 99-ында (50 %) ұлттық жастар саясаты іске асырылуда. Әлемнің 56 елінде (28 %) жастар саясаты әзірлену процесінде. 43 елде (22 %) мемлекеттік жастар саясаты мүлдем жүзеге асырылмайды [9].

Мемлекеттік жастар саясатының болуы (заңнамалық актілер, стратегиялар, өзге де нормативтік құжаттар) әлем елдерінің 78 %-ында бұл мәселенің маңыздылығы мен мәнін көрсетіп отыр.

Бұл мәселеге қызығушылық таныту қазіргі кездегі жас ұрпақтың есею процесіндегі қиындықтармен шарттастырылады. The Economist журналының бағалауы бойынша, 2012 жылы 15-24 жас аралығындағы 290 миллионға жуық жас тұлға жұмыс істемеген және білім алмаған, бұл жер шарындағы жастардың шамамен 25 %

### 2.6-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

#### “Сіз қандай мемлекеттік бағдарламаларды білесіз?”

Қолжетімді баспана – 2020	37	58	3	2
Саламатты Қазақстан 2011-2015 жж.	62	37	-	1
Жұмыспен қамту жол картасы 2020	42	53	1	2
Бизнестің жол картасы – 2020	48	50	1	1
Дипломмен – ауылға!	47	52	-	1
Жастар тәжірибесі	55	42	1	2

- Білмеймін / Естіген емеспін
- Естідім, бірақ қатыспадым
- Өтініш білдірдім, бірақ қабылданбады
- Қатыстым

### 2.7-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

#### “Мемлекет тарапынан жастардың негізгі проблемаларын шешуге қолдау көрсету деңгейін бес баллдық шкала бойынша бағалауыңызды сұраймыз»

- Төмен
- Орташа
- Жоғары

Тұрғынүймен қамтамасыз ету	51	24	22
Жұмысқа орналастыру	43	29	26
Көлік қызметтері	37	29	33
Медициналық қызметтер алу	25	32	43
Әлеуметтік төлемдер	23	31	44
Білім алу	20	26	54

\*«Жауап беруге қиналамын» жауап нұсқасы бойынша деректер көрсетілмеген

құрайды [10].

Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымының (ЭДЫҰ) бағалауы бойынша әлемнің бас елдерінің 26 миллион жас тұрғыны білім алмаған, кәсіби дайындықтан өтпеген және жұмысқа орналастырылмаған. Бұл жастар «NEET» (Not in Employment, Education or Training) санатына жатқызылады. Сонымен қатар, Дүниежүзілік Банктің есебі бойынша, дамушы елдердің 260 миллионнан астам жас тұрғыны «белсенді емес» азаматтар санатына жатады. Бұған қоса, 2007-2012 жылдар аралығындағы әлемдік қаржы



дағдарысы кезеңінде жастардың жұмыссыздығы жағдайы жалпы әлемде төмендеген [11].

«Белсенді емес» жастардың өсуі қоғамда әлеуметтік шиеленістің өсуіне алып келеді, бұл соңында наразылық жағдайға алып келуі мүмкін. Бұл проблема экономикасы дамушы елдерге де, экономикалық дамыған елдерге де өзекті проблема болып табылады. Бұған 2011 жылы Мысырда, Ливияда, Тунисте және басқа да араб елдерінде болған наразылық шерулері мен төңкерістер мысал бола алады, мұнда жастар наразылық қозғалыста маңызды рөл атқарған.

Сонымен бірге, экономикасы дамыған елдер де жастардың бүлігі қатеріне шалдығады, бұл Франциядағы (2005 ж.), Ұлыбританиядағы (2011 ж.), Швециядағы (2013 ж.) жастардың қарсылық білдіруінен көрінеді.

Осыған байланысты жастар проблемалары әлем елдерінің мемлекеттік саясатында маңызды мәнге ие болады, бұл жастар стратегиясында, заңнамалық актілерде және өзге де нормативтік құжаттарда көрініс табады.

Алайда, «жастар» феноменін зерттеудің күрделілігі бұл ұғымның бірыңғай және жалпыға ортақ мағынасының болмауына қатысты. Бұл әлемде жастар саясатын салыстырмалы талдауды жүргізуде белгілі бір қиындықтар туындатады.

Мәселен, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) жастар тобына 15-24 жас аралығындағы тұлғаларды жатқызады [12]. Австралияда жастардың жасы 12-25 жас аралығында [13]. ТМД елдері жастарға 15-29 жас аралығындағы тұлғаларды жатқызады [14]. Сонымен қатар, Африка жастар хартиясы (African Youth Charter) жастар санатына 15-35 жас аралығындағы тұлғаларды жатқызады [15].

Жастардың жас ерекшелік шегін белгілеудегі айырмашылықтар әлем елдерінің географиялық, мәдени, әлеуметтік, саяси, экономикалық ерекшеліктеріне байланысты. Ата-аналар мен балалардың, отбасы мен қоғамның арасындағы қалыптасқан әлеуметтік-мәдени және тарихи қарым-қатынастардың да мәні зор.

Жастармен жұмыс – әлем елдерінің дамуының стратегиялық басымдығы, әрбір мемлекет жастар саясатының шегін өз бетінше анықтайды.

Озық шет елдердің тәжірибелерін салыстырмалы талдау жастар саясатының нүктелік бағыттары бойынша заңдар санының көптігін (Германия, Австрия), білім беру, қайта оқыту, жұмысқа орналастыру, жастарға кәсіби даярлау, бейәлеуметтік мінез-құлықты жастарға қолдау көрсету, жастардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, жастарды қоғамдық өмірге тарту бойынша сан алуан мемлекеттік және жергілікті жастар бағдарламаларының болуын (АҚШ, Канада, Еуропа одағы мемлекеттері, Қытай), жастарға арналған бағдарламаларды айтарлықтай мемлекеттік қаржыландыруды (Қытай, АҚШ, Сингапур, Чехия), жастар ұйымдары, еріктілер (волонтер) қызметі желісінің дамуын көрсетті.

Әлемнің дамыған мемлекеттерінің тәжірибесі жастар саясатын іске асыруда биліктің барлық деңгейінің белсенді қатысуын, жастар саласындағы саясатты тиімді жүргізу бойынша мемлекеттік институттарды, қоғамдық институттардың жұмысын жетілдіруді көрсетеді.

\*\*\*

Қазақстанда бүгінгі таңда мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыруға бағытталған адекватты нормативтік-құқықтық база құрылған. Жаңа жастар институттарын құру және жаңғырту арқылы жастар саясатын басқару саласында жаңа көзқарастар белгіленген. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды қаржыландыру көлемін кезең-кезеңімен өсіру байқалады. Орталық және өңірлік деңгейлерде қазіргі заманғы қазақстандық жастардың өзекті сауалдары мен мүмкіндіктерін есепке алатын бюджеттік бағдарламалар іске асырылуда.

Сонымен қатар, жастар саясатын іске асыру аясында қабылданған шаралардың көптігіне қарамастан, жекелеген түйінді проблемаларды атап көрсеткен жөн.

1. Жастар саясатын басқару мәселесі проблемалы болып табылады.

«Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» ЖҚ ІІ съезінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Жастар саясатының жоғарыдан төмен жүзеге асуын әрбір қала мен ауылға дейін жеткізу керек», – деп атап көрсетті.

Бұл мәселеде, жоғарыда атап көрсетілгендей, айтарлықтай алға жылжу байқалады, алайда бүгінгі таңға дейін:

- мемлекеттік органдар арасында жастар саясаты мәселелерінде өзара қарым-қатынас алгоритмі құрылмаған; көптеген мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында жастар саясаты көрсеткіштері жоқ, жастардың мәселелері мен проблемаларына қатысты елеулі индикаторлар енгізілмеген;

- консультативті-кеңестік органдардың қызметі бір ізге салынбаған (ҚР Үкіметі жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңестің шартты түрдегі атауы ғана бар; жастар саясаты жөніндегі өңірлік кеңестердің отырыстары эпизодтық сипатта өтеді);

- барлық жерлерде құрылып жатқан жастардың ресурстық орталықтарының мақсаты, міндеттері, ұйымдастырушылық құрылымы нақты белгіленбеген.

2. Жастар саясатын қаржыландыру мәселесі жыл сайын ұлғаюына қарамастан проблемалық сипатқа ие:

- өңірлердегі қаржыландыру көлемі біркелкі емес және үлкен айырмашылық бар.

Жоғарыда ұсынылған деректерден көріп отырғанымыздай, қаржыландыру көлеміндегі айырмашылық шамамен 200-150 миллион теңгені құрайды;

- аудандық деңгейде қаржыландырудың тым мардымсыз екендігі байқалады.

3. Талдау нәтижелері көрсеткендей, жастар саясатын іске асыруға байланысты жастар ұйымдары өткізетін іс-шаралар негізінен:

- эпизодтық, жүйесіз, тиімділігі шамалы;
- жастардың күтетін нәтижелері мен мұқтаждықтарына жауап бере алмайды;
- мәдени-бұқаралық және тынығу-сауықтық шаралар (фестивальдар, конкурстар, концерттер), сондай-ақ дөңгелек үстелдер, семинарлар, экологиялық акциялар басым.

Жастардың барлық санаттарын, әсіресе, ауыл, өз бетінше кәсіп ететін, жұмысшы, жұмыссыз, маргиналды жастарды қамту жүйесі құрылмаған.

4. Интернет-ресурстардың мүмкіндіктері нашар пайдаланылады. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың ресми сайттарының контентіне жалпы шолу мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

- мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелері толығымен көрсетілмеген;





- жарияланған материалдарда ақпараттар аз, ескірген деректерге сүйенеді;
- жедел мәліметтер жоқ;
- кейбір сайттарда жастар саясатына арналған арнайы айдарлар жоқ немесе жастар мәселелері басқа мәселелермен біріктірілген.

Мемлекеттік органдардың, жастар ресурстық орталықтарының жастармен жұмысының негізгі тармағы мемлекеттің негізгі идеологияларын жастар аудиториясына нақты жеткізу тетігін құруға бағытталуы тиіс, бұл ретте жастардың барлық топтарын барынша қамтитын нүктелік жүйелі іс-шараларға басты назар аудару қажет.

Жастардың барлық топтары үшін психологиялық-педагогикалық, ақпараттық-консультациялық, әдістемелік көмекті, құқықтық қорғауды және заңдық консультация беруді, техникалық қолдауды және оқыту қызметтерін ұйымдастыратын жастар ресурстық орталықтарының тиімді жұмыс істеуінің әлеуеті зор.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зайниева Л.Ю. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта// Алматы: «Дайк-Пресс», 2006, с.185-189
2. Сонда
3. Нормативные правовые акты в сфере молодежной политики// Астана, 2008, с. 63
4. Газета «Казахстанская правда», 28 апреля, 10 июля и 6 сентября 2012 года
5. Газета «Казахстанская правда», 17 ноября 2012 года
6. Подзаконные нормативные правовые акты // Официальный сайт Министерства образования и науки РК [http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye\\_normativnye\\_pravovye\\_akty/](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye_normativnye_pravovye_akty/)
7. Подзаконные нормативные правовые акты // Официальный сайт Министерства образования и науки РК [http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye\\_normativnye\\_pravovye\\_akty/](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye_normativnye_pravovye_akty/)
8. Положение о государственном учреждении «Комитет по делам молодежи Министерства образования и науки Республики Казахстан» // Официальный сайт Министерства образования и науки РК [http://www.edu.gov.kz/ru/struktura/polozhenija\\_komitetov/polozhenie\\_o\\_komitete\\_po\\_delam\\_molodezhi/](http://www.edu.gov.kz/ru/struktura/polozhenija_komitetov/polozhenie_o_komitete_po_delam_molodezhi/)
9. Andreas Karsten, The state of youth policy in 2013, 10 сентября 2013года// <http://www.youthpolicy.org/blog/2013/01/state-of-youth-policy-2013/>
10. The Economist, Generation jobless, 10 Сентября 2013 года// <http://www.economist.com/news/international/21576657-around-world-almost-300m-15-24-year-olds-are-not-working-what-has-caused>
11. Сонда
12. UNESCO, Youth, 14 сентября 2013 года// <http://www.unesco.org/new/en/social-and-human-sciences/themes/youth/youth-definition/>
13. Australian Government, National Youth Awards, 14 сентября 2013 года// <http://www.youth.gov.au/sites/youth/news/pages/national-youth-awards>
14. Commonwealth, Young people, 14 сентября 2013 года// <http://secretariat.thecommonwealth.org/Internal/180392/>
15. UNESCO, Youth, 14 сентября 2013 года// <http://www.unesco.org/new/en/social-and-human-sciences/themes/youth/youth-definition/>







3-ТАРАУ

**ЖАС ҰРПАҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ**

### 3.1. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ АУРУ-СЫРҚАУЛАРЫ

Адам денсаулығы тек жеке тұлғаның ғана емес, жалпы халықтың игілігі. Біздің әрқайсымыз жеке және барлығымыз бірге денсаулықты сақтауымыз және арттыруымыз қажет, бұл қарттық жасқа жеткенде ақылдың саралығынан, рухтың сергектігінен және жұмысқа жоғары қабілеттіліктен қол үзбеуге септігін тигізеді [1].

Әлемнің барлық өркениетті елдерінде дерлік тұрғындардың денсаулығы, әсіресе жас ұрпақтың денсаулығы басты ұлттық құндылықтардың бірі және мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады.

Жастардың денсаулығын сақтау қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер шеңберінде жүргізіледі: Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі, Қазақстан Республикасының денсаулық саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Жасөспірімдер мен жастардың денсаулығын сақтау саласындағы негізгі проблемалар жарақаттанудың, ұтымсыз тамақтанудың, дене белсенділігінің жетіспеушілігінің, көру және есту өткірлігі бұзылуының, респираторлық аурулардың, психобелсенді заттарды пайдаланудың, репродуктивті, сондай-ақ психикалық денсаулықты сақтаудың жоғары пайызы болып табылады [2].

Соңғы жылдары әлеуметтік маңызды аурулардың таралуының және жастар өлімінің кейбір көрсеткіштерінің төмендеуі байқалады. Республикада туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты сақталып отыр, оның көрінісін жастардың барлық жас ерекшелік топтары арасында аурудың төмендеуінен көруге болады. Мәселен, 2013 жылы Қазақстанда 15-29 жас аралығындағы жастар арасында ауру 2012 жылмен салыстырғанда 12,4 %-ға төмендеген (3.1-сурет). Мұндай төмендеу үрдісі жастар санатының барлық жас ерекшелік топтарында байқалады: 15-17 жас аралығында – 10,2 %-ға, 18-19 жас аралығында – 16,9 %-ға, 20-24 жас аралығында – 9,6 %-ға және 25-29 жас аралығында – 14,1 %-ға (3.1-сурет).


Қазақстандағы туберкулезге қарсы көмек көрсету тиімділігіне ДДҰ миссиясы 2012 жылдың мамыр айында баға берді.

Қазақстан Республикасында онкологиялық көмекті дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған бағдарламасы онкологиялық аурулардан халықтың өлімін азайту жолымен қазақстандықтардың күтіліп отырған өмір сүру ұзақтығы мен сапасын арттыруға бағытталған. Жастардың 2012 жылы онкологиялық аурулармен ауруын талдау кезінде (3.2-сурет) 100 мың адамға шаққанда қатерлі ісікпен ауыратындардың ең жоғарғы арасалмақ 25-29 жас аралығындағы жас ерекшелік санатында байқалды (26,8). Әсіресе аталған жас ерекшелігі тобының Солтүстік Қазақстан (50,67), Қостанай (40,81), Қарағанды (38,20) облыстарында және Астана қаласында (35,43) тұратын жастары бұл ауру түрімен көп ауырады [3].


Қазақстан Республикасында онкологиялық көмекті дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде еркектік без обыры, сүт безі обыры, жатыр

#### 3.1-сурет

Туберкулезге қарсы диспансерлерде есепте тұрған 15-29 жас аралығындағы жастар саны (ҚР ДСМ деректері бойынша абсолюттік сан)




Соның ішінде жас ерекшелігі топтары бойынша:



#### 3.2-сурет

2012 жылы 15-29 жас аралығындағы жастардың қатерлі ісіктермен ауыруы (ҚР ДСМ деректері бойынша халықтың тиісінше 100 000 адамға шаққанда)




#### 3.3-сурет

2012 жылы алкогольді тұтыну нәтижесінде психикалық ауытқушылықпен және мінез-құлық ауытқушылығымен есепте тұрған 15-29 жас аралығындағы жастар саны (ҚР ДСМ деректері бойынша абсолюттік саны)



**3.4-сурет**

2012 жылы есірткі заттарын тұтыну нәтижесінде психикалық ауытқушылықпен және мінез-құлық ауытқушылығымен есепте тұрған 15-29 жас аралығындағы жастар саны (ҚР ДСМ деректері бойынша абсолюттік саны)

**3.5-сурет**

2012 жылы психобелсенді заттарды тұтыну нәтижесінде психикалық және мінез-құлық ауытқушылығымен есепте тұрған 15-29 жас аралығындағы жастар саны (ҚР ДСМ деректері бойынша абсолюттік саны)



мойны обыры, өңеш және асқазан, бауыр обырын ерте диагностикалаудың скринингтік бағдарламалары кезең-кезеңмен кеңейуде [4].

Жастардың санасының қалыптасуына, олардың өз орнын белгілеуіне, өзін-өзі тануына және өз бетінше дамуына байланысты көптеген психологиялық проблемалар бар. Құндылық бағдарларын таңдау кезіндегі қиындықтар жастардың көңіл-күйінде көрініс табады және көбіне жастардың қауымның өзгеру жағдайларына талпынуға бейімделуін қиындататын олардың әумесер мінез-құлқының алғышарты ретінде қызмет етеді [5]. Алкогольді пайдалану нәтижесінде психикалық ауытқулармен есепте тұрған тұлғалардың басым бөлігі (жалпы санының 55 %-ы) 25-29 жас аралығындағы жас ерекшелігі санатында байқалады (3.3-сурет). Басқа жас ерекшелігі санаттары мынадай ретпен орналасады: 15-17 жас (8,5 %), 18-19 жас (4,9 %), 20-24 жас (30,7 %).


2012 жылғы деректер бойынша Алматы қаласы, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары ахуалы нашар аймақтар болып табылады. Осы аталған өңірлерде есірткі және психобелсенді заттарды пайдалану нәтижесінде психикалық ауытқулармен зардап шегетін 15-29 жас аралығындағы жастардың үлкен пайызы байқалады [6]. Бұл ретте есірткі заттарын пайдалану нәтижесінде есепте тұрған тұлғалардың негізгі санаты – бұл 25-29 жастағы жастар болып табылады (15-29 жас аралығындағы есепте тұрған жастардың жалпы санының 56 %-ы). 20-24, 18-19 және 15-17 жас аралығындағы тұлғалардың үлесінде, тиісінше, 33,5 %, 7 % және 3,5 % (3.4-сурет). Жалпы, 2012 жылы Қазақстан Республикасы бойынша алкоголь, есірткі және басқа да психобелсенді заттарды пайдалану нәтижесінде психикалық және мінез-құлық ауытқушылығына ұшыраған 46 817 жас азамат тіркелген (3.5-сурет). Ең үлкен көрсеткіш 25-29 жастағы жас ерекшелігі тобында байқалады – жалпы санның 54,5 %-ы; 20-24 жастағы жас ерекшелігі санатына 30,2 % тиесілі. 18-19 жас аралығындағы жас ерекшелігі санатындағы тұлғалардың үлесі 5,5 %-ды құрайды және 15-17 жас аралығындағы жастар тобының көрсеткіші біршама жоғары – 9,8 %.

Халықаралық тәжірибе мен келтірілген деректерді ескерсек, есірткіге тәуелділіктен, алкоголь және психобелсенді заттарды пайдаланудан алғашқы көмекті және алдын алуды ұйымдастыру 15 жасқа дейінгі жастар арасында барынша өзекті екендігі айқын байқалады. Қазақстанда есірткіге тәуелділіктің алдын алу мақсатында мектептердің, колледждердің оқушылары мен жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттерінің бойында оң өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған көпсатылы білім беру бағдарламасы құрылған [7].

Есірткіні, алкоголь мен психобелсенді заттарды пайдалану АИТВ-инфекциясының таралуымен қоса алғанда қоғам денсаулығын сақтау проблемаларының бірі құрайды. АИТВ-инфекцияға қарсы күрес проблемасы Қазақстанда

**3.6-сурет**

АИТВ-инфекциясын жұқтырғандардың жалпы санынан 15-29 жас аралығындағы жастардың жұқтыру жағдайының тіркелуі (ЖИТС қарсы күрес және алдын алу орталығының деректері бойынша; жұқтырғандардың жалпы санының %-ы)





2000 жылға қарай әлемнің барлық елдерін дерлік қамтыған АИТВ/ЖИТС пандемиясының таралуы салдарынан туындады. ЖИТС-пен ауыру тіркеле бастаған уақыттан бері 18,8 млн. астам адам көз жұмды, оның ішінде балалар саны 3,8 млн. құрайды. Бүгінде жер шарында АИТВ жұқтырған адамдардың жалпы саны 34,3 млн. құрайды, соның ішінде 1,3 млн. – 15 жасқа дейінгі балалар. Әлемдік пандемия қарқынының ұлғаюы жалғасуда [8].

АИТВ-инфекциясы таралуының көрсеткіші бойынша Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингінде (%) Қазақстан өз тұғырын 33 сатыға төмендетіп (2012 - 2013 жж. – 12 орын), 45 орынға тұрақтады [9]. Алайда 2012 жылы АИТВ-инфекция жұқтыру жағдайымен тіркелгендердің жалпы санынан 15-29 жас аралығындағы жастардың үлесі 59,4 %-ға азайды. Бұл ретте осы көрсеткіш қыздар арасында 35,4 %-ға, ұлдар арасында 39,4 %-ға төмендеген.

Қазіргі уақытта денсаулық сақтау мекемелері, жастардың денсаулық орталықтары (ЖДО) және салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтары (СӨСҚО) белсенді жұмыс істеп келеді, сонымен қатар республикада АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу саласында 97 үкіметтік емес ұйымдар қызмет етеді. Азаматтық қоғам өкілдері АИТВ/ЖИТС-пен ауыратын адамдарға қолдау көрсету жөніндегі шаралар мен алдын алу іс-шараларын әзірлеуге, іске асыруға және бағалауға белсенді түрде қатысуда.

### 3.2. ЖАСТАРДЫҢ РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Жастар арасында ана мен нәресте денсаулығын сақтау Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы басым бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі деңгейіндегі ана мен нәресте өлім-жітімін төмендету бойынша кешенді шаралардың арқасында соңғы бес жыл ішінде (2007 жылдан бастап) ана өлім-жітімі 3 еседен астам төмендеді, нәресте өлім-жітімі 2008 жылдан бастап 1,5 есе төмендеді [10].

15-29 жас аралығындағы жастар арасындағы аналар өлім-жітімінің ең жоғары көрсеткіштері Оңтүстік Қазақстан облысында байқалады (3.7-сурет). Аналар өлім-жітімінің құрылымында 42 %-ды жүктілік кезінде асқынумен байланысты аурулар құрайды, 58 % - жүктілікке қатысы жоқ аурулар (экстрагениталды аурулар). Жүктілікке байланысты аурулардан болатын ана өлім-жітімінің себептері ішінде босану кезінде қан кету бірінші орынды иеленеді (18 %), екінші орында – преэклампсияның ауыр түрі, эклампсия, оның үлес салмағы 8 %-ды құрайды. Экстрагениталды патология өлімі 58 %-ды құрайды, мұнда жүрек-қан тамырлары жүйесінің аурулары басым (28 %), тыныс алу мүшелерінің ауруы (14 %), онкопатология (6 %), гепатит (сары ауру) (4 %), ас қорыту мүшелерінің ауруы (2 %), туберкулез (2 %), басқа аурулар (2 %).

Соңғы жылдары нәресте өлім-жітімінің көрсеткіштері бойынша оң өзгеріс байқалады, 2011 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 2012 жылы 8 %-ға төмендеген (3.8-сурет). Нәресте өлім-жітімі себептері ішінде (3.9-сурет) перинаталды кезеңде туындаған жағдай негізгі орынды иеленеді (59,5 %), туа біткен даму кемістігі (19,4 %) және тыныс алу мүшелерінің аурулары (5,2 %) [11].

Алғашқы дәрігерлік-санитарлық жәрдем деңгейінде ана мен нәресте өлім-жітімін төмендету жөніндегі жүйелі


### 3.7-сурет

2012 жылы 15-29 жас аралығындағы жастар арасында жүкті, босанған және жаңа босанған әйелдердің өлім-жітімі саны (ҚР ДСМ деректері бойынша)



### 3.8-сурет

Қазақстан Республикасында 2010-2011 жж. нәрестелердің өлім-жітімінің көрсеткіштері (ҚР ДСМ деректері бойынша тірі туылған 1000 балаға шаққанда)



### 3.9-сурет

Нәрестелердің өлім-жітімінің себептері (жалпы өлім-жітім санының %)



шаралар шеңберінде ұрықтану жасындағы әйелдердің репродуктивті денсаулығын жақсарту, ауруларды ерте анықтау, диспансерлік бақылауды ұйымдастыру және оларды сауықтыру бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

### 3.3. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Салауатты өмір салты және жас тұлғаның өз денсаулығына ортақ жауапкершілік принципі ретінде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың және халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінің ең маңызды шарттары болуы тиіс. Біз салауатты өмір салтын таңдай отырып, өз денсаулығымызға, өмір сүру ұзақтығына қамқор боламыз, ұрпағымыз туралы ойланамыз және ісімізде табыстарға жетеміз. ДДҰ деректері бойынша, адам денсаулығы 50 % өмір сүру қалпына тәуелді болып табылады. Көптеген созылмалы жұқпайтын аурулардың дамуы (жүрек-қан тамырлары жүйесінің аурулары, қант диабеті және басқалар) адамның тіршілік ету қалпына байланысты. Осыған байланысты жас қазақстандықтардың салауатты өмір салтын қалыптастыруының және дене шынықтыруды дамытуының маңызы зор. Жастар үшін жеке меншік спорт мекемелеріне баруына қызмет құнының тым жоғары болуы кедергі болуда [12].

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру ісі агенттігінің деректері бойынша (3.10-сурет) 2011 жылмен салыстырғанда дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын жастардың саны 2012 жылы айтарлықтай өскен (7,5 %-ға), соның ішінде ауыл жастарының үлесі 13 %-ға артқан; спорт түрлері бойынша топтарда, секцияларда шұғылданатын жастардың саны 12 %-ға артқан, соның ішінде ауыл жастарының үлесі – 8,5 % (3.11-сурет). Осындай оң жетістіктерге қарамастан, ауылдық жерлерде дене шынықтыру-сауықтыру бағытындағы клубтарда, топтарда шұғылданатын жастардың саны 5 %-ға төмендеген. Қалалардағы және ауылдық жерлердегі оқу орындарында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын жастар санының тиісінше 13,6 % және 22,5 %-ға азаю үрдісі байқалады [13]. 2012 жылы Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт ұйымдары мен мекемелерінің саны 9,5 %-ға артқан, соның ішінде ауылдық жерлердің үлесі – 2,3 % (3.12-сурет).

Денсаулық сақтау және білім беру органдары жастар арасында дене шынықтыру-спорт мәдениетін нығайту

«XXI ғасырда қазақстандықтар Ұзақ жасаушылар Ұлты болуы тиіс. Көп жағдайда денсаулық тек медицинамен байланыстырылады. Денсаулықты бірінші кезекте адамның өзі қалыптастыруы керек. Мен сіздерді зиянды әдеттерден бас тартуға шақырамын, спортпен айналысыңыздар, саламатты өмір салтын ұстаныңыздар».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Назарбаев Университеті студенттерімен өткізген «Қазақстан білім қоғамы жолында» интерактивті лекциясынан (Астана, 2012 жылғы 5 қыркүйек)

#### 3.10-сурет

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын қала жастарының саны



\*ҚР Спорт және дене шынықтыру ісі агенттігінің деректері бойынша

#### 3.11-сурет

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын ауыл жастарының саны



\*ҚР Спорт және дене шынықтыру ісі агенттігінің деректері бойынша

#### 3.12-сурет

Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру және спорт кәсіпорындарының, ұйымдарының және мекемелерінің саны



\*ҚР Спорт және дене шынықтыру ісі агенттігінің деректері бойынша





және дамыту бойынша шаралар қабылдауда. Бүгінгі таңда елде салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында 152 СӨС қалыптастыру орталығы, 252 денсаулықты нығайту орталығы, 87 темекіге қарсы орталық, 67 жастар денсаулығы орталығы (ЖДО), артериялық гипертонияның, диабеттің, демікпенің (астма) алдын алу жөніндегі 1 330 мектеп, денсаулықты сақтау, соның ішінде аналар мен нәрестелердің денсаулығын сақтау (бала тууды жоспарлауға және дайындауға, жүкті әйелдерге, жас аналарға, дені сау балаларға, салауатты өмір салтына арналған) бойынша 2 257 мектеп қызмет етеді. Денсаулық орталықтарының

«Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі. Өскелең ұрпақтың арасында саламатты өмір салтын әдетке айналдыру маңызды. Бұл күн сайын спортпен айналысу, тамақты қалыпты ішу, зиянды дағдылардан бас тарту».

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Жас Отан» жастар қанатының І-ші съезінде сөйлеген сөзі

желісін кеңейту бойынша жұмыстар жалғасуда [14].

Жалпы, салауатты өмір салтын қалыптастыру және тиісті дағдыларды нығайту және денсаулықты сақтау мақсатында 2012 жылы және 2013 жылдың бірінші жартысында 14-29 жас аралығындағы жастарды кеңінен қамтумен шамамен 3900 іс-шара өткізілді [15].

Жастармен жұмыстың болашағы зор бағыттардың бірі жастарға көрсетілетін қызметтердің сипаттамаларына сәйкес «Жастарға жақын қызметтерді енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 19 қазандағы бұйрығымен реттелетін жастар денсаулық орталықтарының ашылуы болып табылады.

ЖДО қызметінің негізгі бағыттары: медициналық, әлеуметтік, психологиялық және құқықтық қызмет, сондай-ақ әлеуметтік маңызды аурулар, зиянды әдеттерді болдырмаудың алдын алу шаралары. ЖДО-ның басқа медициналық мекемелерден айырмашылығы – медициналық, психологиялық, заңдық және әлеуметтік қызметтерді қоса алғанда кешенді көмек көрсету бойынша

«Аса жоғары илігікке толық дене және сана саулығы негізінде қол жеткізіледі».  
Цицерон

қызметтердің кең спектрі.

Жастар денсаулығы орталықтарының мамандары өз қызметінде мынадай жұмыс нысандарын пайдаланады: медициналық-психологиялық, әлеуметтік проблемалар бойынша жеке консультациялар беру, сенім телефоны арқылы консультация беру, қалалардағы мектептер мен оқу орындарында топтық интерактивтік тренингтер өткізу, еріктілер (волонтер) қозғалысын дамыту, еңбекпен түзеу (моншақтар өру, шахмат үйірмесі, тоқу, арт-терапия және т.б.).

ЖДО-да АИТВ/ЖИТС алдын алу бойынша «Қауіпсіздік бағыты» интерактивті көрмелері және отбасы құруды жоспарлау жөніндегі семинарлар, тренингтер,

репродуктивті денсаулықты сақтау және қауіпті мінез-құлықтар факторларынан сақтану мәселелері бойынша білім деңгейін тексеру үшін сауалнамалар, мектеп оқушыларына, еріктілерге, студенттерге және жұмысшы жастарға арналған пікірсайыстар өткізіледі. Дүниежүзілік отбасы күніне, Дүниежүзілік темекіге қарсы күрес күніне, Дүниежүзілік денсаулық күніне, Денсаулық фестиваліне, Дүниежүзілік тамақтану күніне, Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне, ұлттық Денсаулық күніне орай кең көлемді акциялар ұйымдастырылады және өткізіледі.

Соңғы уақытта ЮНИСЕФ қолдауымен инновациялық клиникалар құрыла бастады – «Жастарға жақын клиникалар (ЖЖК)». ЖЖК құру бастамасына ел Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар қолдау білдірді. Құқықтық және психологиялық консультациялар беретін, есірткі қолдану, жыныстық саулық мәселелері бойынша жасырын консультациялар өткізетін мекемелер арасында Ауыл жастары одағы, «Адал-Көмек» қоғамдық қоры, Қазақстан студенттері альянсы, «Есірткісіз болашақ» корпоративтік қоры, Астана қ. жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры және т.б. атап көрсетуге болады. Бұл бағыттағы жұмыстарға «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты белсенді қатысады.

### 3.4. «ЖАСТАР ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ» (ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША)

Әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша, жастардың басым бөлігі өз денсаулығы жағдайын жақсы деп көрсетеді (96,3 % – «өте мықты», «жақсы», «қанағаттанарлық» жауаптарының интегралдық бағасы). Соның ішінде 15,4 %-ы денсаулықтарының өте мықты екендігіне, мүлдем ауырмайтындығына сендіреді (3.13-сурет).

Жастардың жартысынан көбі (56,3 %) сирек ауыратындығын айтады және өз денсаулық жағдайын жақсы деп бағалайды. Жастардың ¼ бөлігі денсаулық жағдайын қанағаттанарлық деңгейде деп есептейді (24,6 %).


Сонымен қатар, респонденттердің 3,7 %-ы жиі және көп ауыратындықтарын алға тарта отырып, өз денсаулықтарын

#### 3.13-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

“Сіз өз денсаулығыңыздың жағдайын қалай бағалайсыз?”

- Өте мықты, мүлдем ауырмаймын
- Жақсы, сирек ауырамын
- Қанағаттанарлық
- Нашар, жиі және көп ауырамын



## 3.14-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)“Сіз денсаулығыңыздың проблемаларын  
немен байланыстырасыз?”

нашар және әлсіз деп бағалайды.

Өз денсаулықтарын нашар және әлсіз деп бағалайтын жастар өз денсаулықтарына ықпал ететін бес факторды атап көрсетті. Мысалы, жастар көбіне өз денсаулықтарына қатысты проблемаларды экологиямен, қоршаған ортамен байланыстырады – 36,1 %. Әрбір бесінші жас тұлға (19,7 %) дұрыс тамақтанбаудың денсаулыққа әсері туралы айтады. Денсаулыққа ықпал ететін үшінші фактор – жеке өзіне және

«Егер адам өз денсаулығын күтсе, оның денсаулығына пайдалы кеңес беретін өзінен артық дәрігерді табу қиын».  
Сократ

өз денсаулығына жауапкершілікпен қарамау (13 %).

Әрбір бесінші респонденттің пікірі бойынша (9,8 %), төмен материалдық жағдай да денсаулыққа ықпал ететін фактор болып табылады. Республиканың жас тұрғындарының 8,7 %-ы денсаулықтың нашар болу себебі зиянды әдеттердің ықпалынан деп есептейді (мысалы, темекі шегу, алкоголь пайдалану және т.б.).

Жастар жоғарыда аталғандардан бөлек денсаулық деңгейіне кері ықпал ететін факторлар қатарына ұрпаққа жалғасатын созылмалы ауруларды, медициналық қызмет көрсету құнының жоғары екендігін және медициналық қызмет деңгейінің төмен екендігін жатқызады (3.14-сурет).

Адам ағзасына алкоголь, есірткі және темекі шегуден бөлек фаст-фуд пен энергетикалық сусындарды шамадан тыс қолданудың да кері әсерін тигізетіндігі баршаға белгілі.


Әлеуметтік зерттеу нәтижелері (3.15-сурет) жастардың басым бөлігі есірткіге (83,5 %), темекі шегуге (56,3 %) және алкоголь пайдалануға (44,8 %) түпкілікті қарсы екендігін көрсетті.

Әрбір бесінші респондент алкоголь мен темекі шегуге бейтарап қарайды (тиісінше, 22,6 % және 19,6 %). Әрбір үшінші жас азамат фаст-фудқа (29,9 %) және энергетикалық сусындарға (30,3 %) бейтарап көзқарасты ұстанады. Фаст-фудты (7,6 %), энергетикалық сусындарды (5 %), алкогольді (0,8 %), темекі шегуді (2,6 %) және есірткі пайдалануды (0,6 %) теріс көрмейтін респонденттер аз да болса

## 3.15-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)


## “...Сіздің көзқарасыңыз қандай?”



## 3.16-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)“Сіз өз қалаңыздағы / ауылыңыздағы  
медициналық қызмет көрсету сапасы  
қаншалықты қанағаттандырады?”

- Толығымен қанағаттандырады
- Ішінара қанағаттандырады
- Мүлдем қанағаттандырмайды
- Жауап беруге қиналамын



кездесетіндігі алаңдаушылық тудырады.

Жалпы, сауалнамаға қатысқан жастардың басым бөлігін (68,9 %) ұсынылатын медициналық қызметтердің сапасы қанағаттандырады (3.16-сурет). Жастардың 17,9 %-ы медициналық қызметтердің сапасына жоғары баға берді. Респонденттердің бұл санаты дәрігерлерге толығымен сенім білдіреді. Ел жастарының 51 %-ы медициналық қызметтердің сапасын ішінара қанағат тұтады, олардың пікірінше дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің барлығы бірдей білікті емес.

Қазақстандық жастардың төрттен бір бөлігі (26,8 %) медициналық қызметтердің сапасын төмен деңгейде бағалады. Олардың пікірінше, қазіргі уақытта медицина



қызметкерлері арасынан өз ісінің кәсіби мамандарын табу өте қиын.

\*\*\*

Осылайша, Қазақстан Республикасында барлық мүдделі мемлекеттік органдармен және әр түрлі мекемелермен жастардың әлеуметтік маңызды ауруларының деңгейін төмендетуге, зиянды әдеттердің алдын алуға, репродуктивті денсаулықты сақтауға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Алайда, келтірілген деректер мен әлеуметтік зерттеудің нәтижелеріне сәйкес барлық аталған мәселелер бойынша проблемалар бар және олар алдағы уақытта бәсекеге қабілетті, денсаулығы мықты қазақстандық жас буынды қалыптастыру мақсатында жастардың денсаулығын нығайтуға және әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетуге бағытталған жоспарлы жұмыстар атқаруды талап етеді.

Балалардың өлім-жітімі деңгейі бойынша ең нашар жағдай Ауғаныстанда орын алып отыр, мұнда әрбір жаңадан туылған 1 000 баланың 165-і көз жұмады. Одан кейінгі орындарда Конго Демократиялық Республикасы, Чад және Сьерра Леоне орналасқан, олардың көрсеткіштері, тиісінше, 126, 124 және 123 бала өлімі.

Дереккөзі: Children in an Urban World. UNICEF, 2012, 170-бет


Әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша, респонденттердің 83,5 %-ы есірткіге түпкілікті қарсы екендігін көрсетті. Темекі шегуге және алкоголь қабылдауға тиісінше 56,3 % және 44,8 % қарсылық білдірді. Сонымен қатар, алкоголь және есірткі пайдалану нәтижесінде психикалық ауытқушылықтармен есепте тұрған адамдар арасында 25-29 жас аралығындағы жас ерекшелік тобына жататындар саны басым болып табылады. Халықаралық тәжірибе мен келтірілген деректерді ескере отырып, 15 жасқа дейінгі жас тұлғалар арасында нашақорлықтың, алкоголь және психобелсенді заттарды пайдаланудың алдын алуды және ерте кезде көмектесуді ұйымдастыру аса өзекті болып табылады.

Жас ұрпақтың денсаулығын нығайтуда салауатты өмір салтын ұстану маңызды рөл атқарады. Бұл бағыттағы оң динамикаға 2012 жылы дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын жастар санының артуы (7,5 %-ға) куә болады. Сонымен қатар, әлеуметтік зерттеу деректері бойынша, әрбір бесінші жас тұлға (19,7 %) дұрыс тамақтанбаудың өз денсаулығына кері ықпал ететіндігін көрсетеді. Мәселен, респонденттердің 29,9 %-ы және 30,3 % немесе әрбір үшінші жас тұлға фаст-фудқа және энергетикалық сусындарға бейтарап көзқарасты ұстанады. Жастардың тағы 8,7 %-ы темекі шегу, алкоголь қолдану және т.б. секілді жаман әдеттер олардың денсаулығына кері әсер ететіндігін атап көрсетті. Бұлардың барлығы да жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жоспарлы жұмысты жалғастыру қажет екендігін көрсетеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Тель Л.З. Энциклопедия здоровья. Здоровье и долголетие. Теория и практика. – Алматы: Эверо, 2011. -736 с.
2. Молодежная политика // Ред. статья. Сайт департамента внутренней политики // <http://www.dvpko.kz/>
3. Аналитические данные Министерства здравоохранения Республики Казахстан. – Астана, 2012-2013.
4. Итоги деятельности Министерства здравоохранения Республики Казахстан за 2012 год и задачи на 2013 год // Информационный материал - Астана, 2013. -178 с.
5. Молодежная политика // Ред. статья. Сайт департамента внутренней политики // <http://www.dvpko.kz/>
6. Национальная политика и социальная модернизация в здравоохранении // Материалы к Панельной сессии Министра здравоохранения Республики Казахстан 22-24 мая 2013 года. Астана. – 2013.
7. Опыт Казахстана в борьбе с наркоманией. Справка – РИА Новости // [http://ria.ru/beznarko\\_help/20120810/720672587.html#ixzz2h3JVVooy](http://ria.ru/beznarko_help/20120810/720672587.html#ixzz2h3JVVooy)
8. Перспективы улучшения репродуктивного здоровья подростков Казахстана // Материалы национальной конференции / Астана, 2008.
9. Казахстан в Глобальном индексе конкурентоспособности ВЭФ 2012 -2013. - Астана, 2012 // <http://www.economy.kz/>
10. Итоги деятельности Министерства здравоохранения Республики Казахстан за 2012 год и задачи на 2013 год // Информационный материал - Астана, 2013. -178 с.
11. Сонда
12. Результаты исследования Ресурсного исследовательско-аналитического центра Восточно-Казахстанской области в рамках государственного социального заказа, Усть-Каменогорск, 2011.
13. Аналитические данные Агентства Республики Казахстан по делам спорта и физической культуры. – Астана, 2012-2013.
14. Аналитические данные Министерства здравоохранения Республики Казахстан. – Астана, 2012-2013.
15. Сонда





4-ТАРАУ

## **ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ**



Еліміздің келешектегі дамуында сан қырлы, шығармашыл, өзіндік қалыптасқан, зияткерлігі, адамгершілігі жоғары және рухани таза – бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеуді мақсат ететін білім және ғылымның әлеуметтік институтына артылатын рөл өте зор.

#### 4.1. ЖАСТАР ҮШІН БІЛІМ АЛУДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Мемлекет Қазақстан Республикасы азаматтарының ақысыз мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуын, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді, егер азамат осы білім деңгейлерінің әрқайсысын алғаш рет алатын болса, тегін алуын қамтамасыз етеді [1].

Азаматтардың білім алу құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері «Білім беру туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319-III Заңында белгіленген:

- баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;
- білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;
- әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық, физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;
- білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы;
- адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу [2].

«Білім беру туралы» ҚР Заңына сәйкес, мемлекет білім алу құқығын білім беру жүйесін дамыту, оның жұмыс істеуінің құқықтық негізін жетілдіру және ҚР Конституциясына сәйкес білім алу үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз етеді [3].

Білім алу құқығының негізгі сипаттамалары оның болуы, қолжетімділігі және сапасы болып табылады. Білім алудың қолжетімділігі деңгейін бағалауға арналған әлемдік білім беру статистикасында типтік жастағы тұрғындарды тиісті деңгейдегі білім беру қызметтерімен қамту көрсеткіштерін пайдалану қабылданған.


2012 жылы Қазақстанда күндізгі мемлекеттік жалпы білім беру мектептері желісінде 14-18 жас аралығындағы топта 747 076 адам қамтылды. Осылайша, типтік жастағы жастарды (14-18 жас) орта біліммен, атап айтқанда күндізгі мемлекеттік мектептермен қамту көрсеткіші Қазақстан Республикасында 60,7 %-ды құрады.

Орта білім беру жүйесінде қосымша біліммен қамтудың көрсеткіші айтарлықтай жоғары екендігін атап көрсету қажет. Мысалы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша, 2012-2013 оқу жылында орта білім беру ұйымдары оқушыларының 59,4 %-ы немесе 1 475 028 мектеп оқушысы мектеп үйірмелерінде және спорт секцияларында шұғылданған. Мектеп оқушыларының арасында тіл курстары (97 321 адам) және волейбол секциясы (119 885 адам) кең танымал болғандығы белгілі болды.

Қосымша білім беру ұйымдары 2012-2013 оқу жылында 14-18 жас аралығындағы 438 017 мектеп оқушысын қамтыған. Білім алушы жастарды қамтуда жас ерекшелігіне байланысты қысқару үрдісі байқалады. Осылайша, қосымша


#### 4.1-сурет

2012-2013 оқу жылында қосымша білім беру ұйымдарының 14-18 жас аралығындағы жастарды қамтуы



#### 4.2-сурет

2012-2013 оқу жылында қосымша білім беру ұйымдарының 14-18 жас аралығындағы жастарды қамтуы қала/ауыл қимасында, %




білім берумен қамтудың ең жоғары көрсеткіші 2012-2013 оқу жылында 14 жастағы жасөспірімдер арасында тіркелді. Қамтудың ең төменгі көрсеткіші мектептердің жоғары сынып оқушылары мен ТЖБ ұйымдарында білім алушылар арасында байқалды, бұл оқу жүктемесімен, ҰБТ-ға, КТ-ге дайындықпен байланысты болуы мүмкін (4.1-сурет).

Қалалық жерлердегі жастарды қосымша білім беру мекемелерімен қамту көрсеткіші ауылдық жерлердегі ұқсас көрсеткіш мөнінен аздап артық екендігі де байқалады (4.2-сурет).

Республикада орта білім беру сапасының негізгі көрсеткіші болып Бірыңғай ұлттық тестілеу қорытындысы табылады. Соңғы 4-5 жыл ішінде ҰБТ нәтижелері ауыспалы динамиканы көрсетеді (4.3-сурет). Мәселен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша,

#### 4.3-сурет

ҰБТ қатысушыларының жылдар бойынша орташа баллы



2011-2012 жылдары ҰБТ орташа баллы 86,7-ден 70,9-ға дейін күрт төмендеуінен кейін ағымдағы жылы республика бойынша орташа баллдың 74,5-ке дейін артуының оң динамикасы байқалды.

«Назарбаев Зияткерлік мектебі» мамандандырылған білім беру мекемелері іске асыратын орта білім бағдарламаларының қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Өркен» білім беру грантын беру мүмкіндігі қарастырылған. Республикалық комиссияның шешімімен 2013 жылы 1 275 бала «Өркен» білім беру грантының иегері атанды, 1 829 үміткер резерв тізіміне енгізілді [4].

2012-2013 оқу жылында техникалық және кәсіби білім беру жүйесінде 1 134 018 адам қамтылды, олардың ішінде 14-20 жастағы жастар 1 057 201 адамды құрайды. Осылайша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша, типтік жастағы (14-20 жас) жастарды ТЖКБ жүйесімен қамту көрсеткіші 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 55,6 %-ды құрайды. Алдағы 3-5 жыл ішінде жоғары сынып жасындағы (14 және одан жоғары) жастар санының азаюы болжанатындығына байланысты техникалық және кәсіби біліммен қамту көрсеткішінің төмендеуі күтіледі.

«Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты

2012 жылы ТЖКБ ұйымдары контингентінің негізгі бөлігін 16-18 жас аралығындағы жастар, яғни 9 және 11-сынып базасында ТЖКБ ұйымдарында білім алған жастар құраған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша, бұл жас санатына 913 116 білім алушы немесе ТЖКБ ұйымдарының 14-29 жастағы барлық контингентінің 80,5 %-ы жатады.

Бұл үрдіс соңғы 5 жыл көлемінде сақталуда. Мәселен, 2007 жылдан бастап республика мектептеріндегі 9-сынып түлектерінің жартысына жуығы ТЖКБ ұйымдарына оқуға түседі: 2007 ж. – 46,6 %, 2008 ж. – 50,4 %, 2009 ж. – 47,6 %, 2010 ж. – 41,5 %, 2011 ж. – 42,3 %. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректеріне сәйкес, 11-сынып түлектері қатарынан ТЖКБ жүйесінде шамамен ¼ бөлігі оқуын жалғастырады: 2007 ж. – 24,4 %, 2008 ж. – 25,7 %, 2009 ж. – 23,9 %, 2010 ж. – 25,9 %, 2011 ж. – 26,49 %.


Техникалық және кәсіби білім беру сапасын бағалаудың негізгі критерийі түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіші болып табылады. 2012-2013 академиялық жылында ТЖКБ ұйымдарын 135 773 адам бітіріп шықты, оның ішінде 57 % немесе 77 487 адам мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқыған. 2012 жылы ТЖКБ ұйымдары түлектерін жұмысқа орналастыру көрсеткіші 66,7 %-ды құраған, атап айтқанда мемлекеттік тапсырыс қаражаты есебінен білім алған түлектер қатарынан 58 527 адам немесе 75,5 %

#### 4.4-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша, %)

“Сіз оқисыз ба?”

■ Жоқ  
■ Иә



жұмысқа орналастырылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша, соңғы 3 жыл ішінде ТЖКБ түлектерін жұмысқа орналастыру түлектердің жалпы санының 5,3 %-ына артты. 2013 жылы жұмысқа орналастырудың ең жоғары көрсеткіштері Қарағанды (85,8 %), Ақтөбе (74,9 %), Ақмола (74,8 %), Павлодар (75,4 %) облыстарында байқалды. Кадрларды дайындауға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім алғандардың қатарынан көбіне ТЖКБ мекемелерінің техникалық (81,1 %), технологиялық (78,8 %), ауыл шаруашылығы (70,3 %) мамандықтарының және қызмет көрсету саласындағы кәсіптер (71,5 %) бойынша түлектері жұмысқа орналастырылады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша, 2012 жылы жоғары оқу орындарында 571 691 адам білім алса, оның ішінде 17-24 жас арасындағы жастар 493 651 адамды құрайды. Осылайша, типтік жастағы (17-24 жас) жастарды жоғары біліммен қамту 42,1 %-ды құрады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша, жоғары білім беру жүйесінде 2012 жылы студенттер санының айтарлықтай азаюы байқалады. 2011 жылмен салыстырғанда ЖОО контингенті 54 816 адамға қысқарған. Объективті себептер қатарында ТЖКБ мекемелері түлектерінің кешенді тестілеу қорытындысы бойынша төмен нәтижелер көрсеткендігін атап өтуге болады. Мысалы, 2012 жылы қатысушылардың 72,5 %-ы шекті 50 балл деңгейінен аса алмаған. Ең жоғары көрсеткішке (90-100 балл) КТ қатысушылардың тек 1,6 %-ы қол жеткізген. Осылайша, 2012 жылы КТ қорытындысы бойынша мемлекеттік білім беру гранттары конкурсына ТЖКБ мекемелері түлектерінің тек 27,5 %-ы ғана қатысу мүмкіндігіне ие болған [5].

Студенттер контингенті санының азаюына ҰБТ қорытындысының төмен нәтижелері ықпал ететініне әлеуметтік зерттеу нәтижелері дәлел бола алады. Осы баяндаманы дайындау алдында жүргізілген жаппай сауалнамаға 1600 респондент қатысты. Олардың 43 %-ы – білім алушы жастар, соның ішінде мектеп оқушылары – 13,3 %, колледждер оқушылары – 15,3 %, ЖОО студенттері – 14,4 % (4.4-сурет).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан студент жастардың басым бөлігі күндізгі бөлімде ақылы негізде білім алады. Студенттердің үштен бір бөлігінен астамы (34 %) бұл жағдайды ҰБТ/КТ өту кезінде жеткіліксіз балл жинағандығымен түсіндіреді. Студенттердің ақылы



### 4.5-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша, %)

#### “Не себеппен коммерциялық бөлімде оқисыз?”



негізде білім алуының себептерінің бірі – таңдап алынған мамандық бойынша кадрлар дайындауға мемлекеттік тапсырыстың болмауы – 29,7 %. Респонденттердің 26,3 %-ы ЖОО-ға түсу кезінде конкурсқа қатысушылар санының көп болуын алға тартты. Ауылдық жерлерде тұратын жастар негізгі себеп ретінде қабылдау квотасы көлемінің жеткіліксіздігін атап көрсетті (6,6 %). Басқа себептер қатарында жастар мынадай жауап нұсқаларын көрсетті: «ҰБТ-ға қатыспадым», «сыртқы бөлімге гранттар жоқ», «отбасылық жағдайыма байланысты» және т.б. Алайда, мұндай себептерді көрсеткен респонденттердің үлесі тым аз және 3,4 %-ды құрайтындығын атап өткен жөн (4.5-сурет).


Білім беру сапасы туралы сөз еткенде, қазақстандық жастардың басым бөлігі алынған / алып жатқан білімнің сапасына қанағаттанатындықтарын білдірді. Жаппай сауалнама барысында мектеп оқушыларына орта білім беру сапасын бағалау мүмкіндігі ұсынылды. ТЖКБ ұйымдарында білім алушыларға колледждердегі білім беруге қанағаттану деңгейін, студенттер мен жұмысшы жастарға жоғары оқу орындарында алынған немесе алып жатқан білімнің сапасын бағалау ұсынылды. Респонденттердің жартысына жуығын (47 %) білім беру сапасын толығымен қанағаттандырады. Респонденттердің 39,3 %-ы білім беру сапасына ішінара қанағаттанатындықтарын білдірді. Респонденттердің 11,5 %-ын немесе сауалнамаға қатысқан еліміздің әрбір оныншы жас тұрғынын білім беру сапасы қанағаттандырмайды (4.6-сурет).

Әлемде жоғары білім алу сұранысының тұрақты өсу үрдісі сақталып отырғанын атап өту маңызды. Халықаралық сарапшылар алдағы 15 жылда жоғары білім алуға сұраныс 2,5 есе артатындығын болжап отыр [6]. Сонымен қатар, бүгінде «25-64 жас аралығындағы жоғары білімді тұрғындардың үлесі» көрсеткіші бойынша (25 %) Қазақстан әлемдегі АҚШ (41 %), Оңтүстік Корея (39 %), Ұлыбритания (37 %) секілді елдерден артта қалып отыр. 10 000 тұрғынға шаққандағы студенттердің саны бойынша Қазақстан (334) Германияны (258) және Жапонияны (222) басып озғанымен, АҚШ-тан (589) айтарлықтай артта қалып отыр [7]. 1991-

### 4.6-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша, %)

#### “Сізді алынған / алып жатқан білім сапасы қаншалықты қанағаттандырады?”



2010 жылдар аралығындағы кезеңде ЖОО санының үш есе артқанына қарамастан, ЖОО желісін оңтайландыру және студенттік контингенттің жалпы санын ықшамдау жағдайында бұл көрсеткіштер бойынша артта қалуды қысқарту қиынға соғып тұр (4.7-сурет).

Қазақстанда білім берудің жоғары қолжетімділігін қамтамасыз етудің негізгі тетіктері жастарға әлеуметтік қолдау көрсету шеңберінде іске асырылады. Мәселен, білім беру гранттарын алуға, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білім беруден кейінгі және жоғары білімді кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылардың құрамына алуға конкурс өткізу кезінде талантты жастарға қолдау көрсету мақсатында:

- 1) «Алтын белгі» белгімен марапатталған адамдардың;
- 2) автономды білім беру мекемелерін бітіргендігі туралы құжаты бар адамдарға;

3) таңдаған мамандықтары олимпиадалардың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, соңғы 3 жылдағы халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалардың (ғылыми жарыстардың), республикалық және халықаралық орындаушылар байқаулары мен спорттық жарыстар жеңімпаздарының, сонымен қатар ағымдағы


### 4.7-сурет

Жылдар бойынша Қазақстандағы ЖОО саны



#### 4.8-сурет

15-17 жас аралығындағы жастар арасындағы 2010-2013 жылдар аралығындағы халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері саны



жылғы Президенттік, республикалық олимпиадалар мен байқаулардың, ғылыми жобалардың жеңімпаздарының басым құқығы бар [8].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша, 2010-2013 жылдары 14-17 жас аралығындағы жастардың арасында халықаралық олимпиадалардың, ғылыми жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің саны 3 652 адамға жеткен, соның ішінде 3 250 адам немесе 88,9 %-ы қалалық мектептердің оқушылары. Ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларының үлесі жалпы марапаттардың небары 11 %-ын құрайды. Халықаралық олимпиадалардың, ғылыми жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары санының басым бөлігі О. Жәутіков атындағы республикалық мамандандырылған физика-математика орта мектеп-интернатының оқушыларына тиесілі (4.8-сурет).

«Білім беру туралы» ҚР Заңына сәйкес, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде:

1) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін – 1 пайыз;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушылар соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін – 0,5 пайыз;

3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін – 30 пайыз;


4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін – 2 пайыз;

5) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін – 1 пайыз қабылдау квотасы көзделеді [9].

2012 жылы 68 461 студент немесе ЖОО барлық контингентінің 11,9 %-ы қабылдау квотасы бойынша білім алған. Соның ішінде 575 адам – I, II топтағы мүгедектер, 229 – 18 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектер және мүгедек балалар, 2 366 – ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар, 62 644 – ауылдық жерлерде тұратын жастар, 2 647 – Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ жастар [10].

#### 4.9-сурет

2012-2013 жж. 18-29 жастағы жынысы бойынша «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары (%)



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша, 2013 жылы жетім балалар мен ата-ананың қарауынсыз қалған 10 887 балалардың ішінде түлектер саны 1 706 адамды құрады. Соның ішінде 1 668 адам немесе 97,7 %-ы түрлі деңгейдегі білім ұйымдарында одан әрі білім алуды жалғастырды. Атап айтқанда, 278 адам 10-сыныпта оқиды, 1 388 адам ТЖКБ және ЖОО ұйымдарына оқуға түсті. Түлектердің қалған бөлігі жұмысқа орналасты, шет елдерге қоныс аударды, одан әрі жұмысқа орналасу мақсатында курстарда оқып жүр.

«Білім беру туралы» ҚР Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын бекітілетін мамандықтар тізбесіне сәйкес оқытудың күндізгі нысаны бойынша шетелдік жоғары оқу орындарында жоғары білім алу үшін Қазақстан Республикасы азаматының конкурстық негізде «Болашақ» халықаралық стипендиясын алу құқығы бар [11].

«Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ деректері бойынша, 1994-2013 жылдар аралығындағы кезеңде барлығы 9 532 стипендия тағайындалған. 2012-2013 жылдардың қорытындысы бойынша стипендия алған жастардың үлесі (29 жасқа дейін) 46%-ды құрайды [23]. 2012-2013 жылдары 18-29 жас аралығындағы «Болашақ» бағдарламасы стипендиясы иегерлерінің қатарында ер балалардың саны шамалы басым болғаны байқалады (55,6 %) (4.9-сурет).

18-29 жас аралығындағы жастар арасында 2012-2013 жылдары ең көп таңдалған мамандықтар: «Бухгалтерлік есеп және аудит. Бағалау. Қаржы. Экономика» (120 стипендиат), «Мемлекеттік саясат. Саясаттану. Мемлекеттік басқару» (48 стипендиат), «Ақпараттық технологиялар және жүйелер. Ақпараттық қауіпсіздік. Информатика» (44 стипендиат) (4.10-сурет).

18-29 жас аралығындағы «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарының басым бөлігі ағымдағы жылы бакалавр (867 адам), магистратура (768 адам) бағдарламалары бойынша білім алуда. 106 адам шетелдік білім беру ұйымдарында тағылымдамадан өтуде және 23 стипендиат докторантурада білім алуда (4.11-сурет).

«Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ деректері бойынша, 2008-2012 жылдар аралығындағы кезеңде жастар арасында білім алу үшін Австралия кеңінен таралғанына қарамастан, 2013 жылы 29 жасқа дейінгі бағдарлама стипендиаттары Ұлыбританияның ЖОО-да білім алуға ниет білдірген (4.12-сурет). 18-29 жас аралығындағы «Болашақ» стипендиаттары үлгерімінің орташа деңгейі 71,8 – 100 %-ды құрайды.





**4.10-сурет****Жастар арасындағы (18-29 жас) ең танымал мамандықтар (2012-2013 жж. динамикасында)**

<b>120</b>	Бухгалтерлік есеп және аудит. Бағалау. Қаржы. Экономика
<b>48</b>	Мемлекеттік саясат. Саясаттану. Мемлекеттік басқару
<b>44</b>	Ақпараттық технологиялар және жүйелер. Ақпараттық қауіпсіздік. Информатика
<b>38</b>	Білім беру саласындағы басқару
<b>34</b>	Оқыту және тәрбие беру теориясы және әдістемесі (салалар және білім деңгейлері бойынша)
<b>30</b>	Құқық. Халықаралық құқық. Бәсекелестік құқығы
<b>27</b>	Лингвистика. Филология. Аударма ісі
<b>22</b>	Туризм саласындағы менеджмент. Қонақүй менеджменті. Спорт менеджменті
<b>19</b>	Технологиялар менеджменті. Операциялық менеджмент және логистика. Тасымалдауды ұйымдастыру
<b>18</b>	Экономика және халық шаруашылығын басқару (салалар бойынша)
<b>15</b>	Адам ресурстарын басқару
<b>13</b>	Сәулет. Құрылыс. Жерге орналастыру
<b>11</b>	Мұнай-газ ісі. Мұнай химиясы және мұнай химиясы синтезі
<b>10</b>	Электроника. Радиотехника
<b>10</b>	Қоғамдық денсаулық сақтау, денсаулық сақтау саласындағы менеджмент. Эпидемиология

Дереккөзі: «Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ деректері

Қазақстанның студент жастарының академиялық тұтастығы тек «Болашақ» бағдарламасымен ғана шектеліп қалмайтындығын атап өту қажет. Қазақстандық жастардың білім алу мақсатындағы қозғалыстарының барынша толық картинасын ЮНЕСКО-ның академиялық мобильділік интерактивті картасы ұсынады [12].

ЮНЕСКО картасына сәйкес, 2000-2010 жылдары әлемдегі студенттердің академиялық мобильділігі 78 %-ға артып, 3,6 млн. адамды қамтыған. Шығыс Азия және Тынық мұхит өңірі елдері (Қытай, Үндістан және Корея) шетелдік студенттердің ірі жабдықтаушысы ретінде танылды, бұл елдерде барлық мобильді студенттердің 28 %-ы білім алады. Әлемдегі студенттердің үлкен бөлігін қабылдайтын өңірлер – Солтүстік Америка және Батыс Еуропа (58 %), Шығыс Азия және Тынық мұхит өңірі (21 %), Орталық және Шығыс Еуропа (9 %). Негізгі қабылдаушы елдер АҚШ (19 %), Ұлыбритания (11 %), Австралия (8 %), Франция (7 %), Германия (6 %) және Жапония (4 %) болып табылады.







Қазақстанда 2010 жылы шет елдерге оқуға кеткен студенттердің саны 36 594 адамды қамтыған, бұл көрсеткіш елге білім алу үшін келген шетелдік студенттердің санынан

**4.11-сурет****2013 жылғы білім алу бағдарламалары қимасында 18-29 жас аралығындағы стипендиаттар саны**

Бакалавриат	867
Маман	36
Магистратура	768
Интернатура	9
Клиникалық ординатура	4
Клиникалық практика	3
Аспирантура	1
Докторантура	23
Тағылымдама	106

Дереккөзі: «Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ деректері

**4.12-сурет****2013 жылғы білім алу бойынша ең көп таралған елдер**

Ұлыбритания		44
Израиль		2
Литва		1
АҚШ		4
Финляндия		1
Франция		5
Швейцария		11
Оңтүстік Корея		11

Дереккөзі: «Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ деректері

3 есе артық (11 974 адам). Осылайша, Қазақстанда академиялық шоғырлану сальдосы кері мәнге ие болып, - 24 620 адамды құрады. Қазақстанмен бірге академиялық шоғырланудың кері сальдосы Өзбекстанда (- 23 014), Молдовада (- 12 490), Әзірбайжанда (- 5 223) және Арменияда (- 1 759) тіркелді.

Академиялық шоғырланудың оң сальдосы АҚШ (633 149 адам), Ұлыбритания (366 919 адам), Австралия (260 901 адам), РФ (80 105 адам), Канада (50 500 адам), Сингапур (28 593 адам), Қырғызстан (11 974 адам) және Малайзия (3 940 адам) елдерінде тіркелді.

Қазақстандық студенттердің өте көп таңдаған елдері – Ресей (24 772), Қырғызстан (3 107), Ұлыбритания (2 054), АҚШ (1 919), Түркия (711), Германия (702), Чехия (679).

Қазақстанда білім алу үшін Ресей (3 600), Қытай (2 118), Өзбекстан (2 071), Түркіменстан (1 000) студенттері келген. Шетелдік студенттер тобының ең аз саны Еуропа елдеріне тиесілі: 20 студент Германиядан және шамамен 5 студент Польша, Испания, Латвия елдерінен.

Қазақстанның ЖОО-да Еуропа және Солтүстік Америка елдері студенттерінің аз болуы қазақстандық жоғары білім беру жүйесі туралы ақпараттың, сондай-ақ ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламасының жеткіліксіздігіне байланысты болуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректеріне сүйенсек, 2013 жылдың бірінші



жартысындағы жағдай бойынша Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығына шетелдік білім туралы құжатты қабылдау және нострификациялау рәсіміне әлемнің 37 елінен 3 297 өтініш келіп түскен. Құжаттардың көпшілігі Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Моңғолия, Қытай және Түркіменстан елдерінде білім алған азаматтардан түскен.

Білім алу қолжетімділігін қамтамасыз етуде әлеуметтік

«Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты

жауапты бизнеске айрықша рөл берілген. Бүгінгі таңда техникалық және кәсіби, сондай-ақ жоғары білім беру кәсіби ұйымдары мен «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары (ЕТҰ) арасында тығыз ынтымақтастық орнатылған. 2013 жылдың 4 қыркүйегінде аталған Қор компанияларының сұраныстарын ескере отырып және елді сапалы және бәсекеге қабілетті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мақсатында «Холдинг «Кәсіпқор» ҰАҚ-пен техникалық мамандарды дайындау саласындағы екіжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған болатын. Бұған қоса, Қор компаниялары кәсіпорындары топтарында студенттердің тәжірибеден өтуін ұйымдастыру, ТжКБ және ЖОО ұйымдарының материалдық-техникалық базаларын дамыту, стипендиялық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі келісімдерге қол қойылып, іске асырылуда.

«Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ деректері бойынша, Қор компанияларының қатысуымен кадрларды дайындаудың дуалды жүйесі кеңінен дамуда. Бүгінгі таңда Қор компанияларының 22 кәсіпорны, республиканың түрлі өңірлеріндегі 30 колледж осы бағытта жұмыстар жүргізуде. Техникалық және кәсіби білім беруде 23 мамандық бойынша 1000-нан астам студент қамтылған.

«Қазатомпром» ҰАҚ АҚ, «Волковгеология» АҚ Семей геологиялық барлау колледжінде зертхана және 4 кабинет (кристаллография, минералогия және петрография, пайдалы қазбалар, дипломдық жобалау және пайдалы қазбалар зертханасы) ашып, қолдау көрсетуде.

«Самұрық-Энерго» АҚ Екібастұз кәсіби колледжі оқушыларының тәжірибеден өтуі кезеңінде 18 660 теңге (2013 ж.) көлемінде ең төменгі жалақы төлеуді рәсімдейді, кәсіпорынның озық инженерлерінің қатысуымен колледждің инженерлік-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастырады.

«KEGOC» АҚ студенттердің тәжірибеден өтуіне талдау жұмыстарын жүргізіп, базасын дайындады, Қарағанды политехникалық колледжімен бірлесе отырып кәсіпорындағы талап етілетін мамандықтар бойынша оқу жоспарын әзірледі және бекітті.

Жастардың білім алуы мен жұмысқа орналасуына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) ЕТҰ кеңінен ықпал етеді. 2011-

2012 оқу жылында компания қаржысы есебінен 1 541 студент білім алды. Бұл студенттердің білім алуы кезеңінде 950 млн. теңгеден астам қаржы жұмсалды.

Студенттерге бас кеңселерде және өндірістік филиалдарда оқу-танысу, өндірістік және дипломалды практикадан өту құқықтары берілген. 2011-2012 оқу жылында 3 196 студент практикадан өткен. Бұл ретте практикадан өткен студенттердің 75 %-ға жуығы техникалық мамандықтар бойынша білім алады. Студенттер практикадан өткен кезде оларға жиналған тәжірибе мен білімді табыстау үшін ҚМГ ЕТҰ жоғары кәсіби білікті қызметкерлері қатарынан тәлімгерлер бекітіледі.

ҚМГ ЕТҰ тарапынан бөлінетін қаражат есебінен білім алатын студенттердің білімін қаржыландыруды ұйымдастыру барысында түлектерді жұмысқа орналастыру арқылы жұмсалған қаржыны еңбекпен өтеу шарттары жасалады. 2011-2012 оқу жылында 46 адам жұмысқа орналастырылған, бұл ҚМГ ЕТҰ бөлген қаражат есебінен білім алған түлектердің жалпы санының 14 %-ын құрайды.

ҚМГ дарынды мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беруге және мұнай-газ саласының болашақ мамандарына қолдау көрсетуге бағытталған дуалды білім беру жүйесін дамытуға, сондай-ақ кәсіби білім берудің өзекті міндеттерін шешуге, жас мамандарды жұмысқа орналастыруға және ғылымды дамытуға ықпал ететін әлеуметтік маңызды білім беру жобаларын іске асыру мақсатында бірнеше жыл бойы «KazEnergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігімен табысты ынтымақтастық орнатып келеді.

«KAZENERGY» Қауымдастығы білім беру бағдарламасы шеңберінде мынадай жобалар іске асырылады:

- Сафи Өтебаев атындағы стипендия;
- «Жас химик» зияткерлік конкурсы;
- ашық сабақтар сериясы: «ҚазМұнайГаз/KAZENERGY».

Мәселен, «Сафи Өтебаев атындағы стипендия» жобасы ҚМГ бастамасы бойынша Қазақстан мұнайының 110-жылдығына орай 2009 жылы бастап жүзеге асырылып келеді және кәсіби мамандық бойынша дарынды студенттерге, сондай-ақ мекеме оқытушыларына, колледждер мен кәсіби лицейлердің өндірістік оқыту шеберлеріне қолдау көрсету мақсатын көздейді. Аталған жоба шеңберінде жоғары оқу орындарының үздік студенттеріне Сафи Өтебаев атындағы стипендия тағайындалады, сондай-ақ мекемелер оқытушылары және колледждер мен кәсіби лицейлердің кәсіптік (инженерлік-техникалық) мамандықтары бойынша өндірістік оқыту шеберлеріне гранттар беріледі. Төрт жыл ішінде 61 студент және 18 оқытушы Сафи Өтебаев атындағы стипендия мен гранттың иегері атанды.

«Ашық сабақтар сериясы» жобасы шеңберінде мектеп оқушылары оқытудың жобалық әдісі дамып келеді, оның мәні – мектеп оқушылары арасында кәсіби бағытпен дуалды білім беру мақсаты, оларды мұнай-газ және мұнай өңдеу салаларына тарту, ғылымға және инновацияға танымдық қызығушылығын арттыру.

«Жас химик» конкурсы елорданың үздік мектептері арасында өткізіледі. Оны ұйымдастырып, өткізуге KAZENERGY магистрант стипендиаттарымен бірге ЖОО оқытушылары да атсалысады. Төрт жыл ішінде ҚМГ жоғарыда аталған жобаларды іске асыру мақсатында 67 млн. теңгеден астам қаржыға демеушілік көмек көрсетті.



**4.13-сурет**

Зерттеулер мен талдамалар жүргізетін ұйымдарды тарату құрылымы

**4.2. ЖАСТАР: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР**


Соңғы жылдары Қазақстанда отандық ғылымды қажет ететін өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға және ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған жаңа ақпараттық технологияларды

**4.14-сурет**

Санаттар бойынша зерттеулермен және талдамалармен айналысатын қызметкерлер санын бөліп тарату

**4.15-сурет**

Зерттеушілердің жас ерекшелік топтары бойынша саны



өзірлеу және меңгеру, сонымен қатар республиканың өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл істе жастарға ерекше сенім артылады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша, 2011 жылы Қазақстанда 412 ғылыми ұйым қызмет еткен, 2012 жылы – 345. 2011-2012 жылдары олардың саны 67 бірлікке немесе 16,2 %-ға кеміген (4.13-сурет). Ғылыми ұйымдар санының қысқаруының басты себептері – жеке меншік коммерциялық емес секторда (2 есе) ғылыми-зерттеу құрылымдары санының азаюы.

Ғылыми-зерттеу ұйымдары санының азаюына қарамастан, ҒЗЖ шұғылданатын қызметкерлердің саны 2011 жылы 18 003 адамнан 2012 жылы 20 404 адамға дейін артқан. Бұндай өсімге Солтүстік Қазақстан (4,2 есе) және Жамбыл (2,2 есе) облыстарында тиісті қызметкерлердің айтарлықтай көбеюі есебінен қол жеткізілді.

ҒЗЖ шұғылданатын қызметкерлер санын талдау оның барлық санаты санының артқанын да көрсетеді. Мәселен, статистикалық деректерге сәйкес 2012 жылы зерттеушілер (1,2 есе), техниктер (1,2 есе), көмекші және басқа қызметкерлер (1 есе) санының өскендігі байқалады (4.14-сурет).

Зерттеушілер санын жас ерекшеліктері топтары бойынша талдау ҒЗЖ шұғылданатын 35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 36,8 %-ды құрайтындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді (4.15-сурет).

35 жасқа дейінгі жастар қатарындағы зерттеушілер санының артуына бірнеше мемлекеттік шараларды іске асыру нәтижесінде қол жеткізілді – Президенттің бастамасы бойынша дарынды балаларға арналған «Дарын» мектептерін, «Назарбаев Зияткерлік мектебін» құру, «Болашақ» бағдарламасы, математика мен жаратылыстану ғылымдарын зерттеуге көңіл аудару, құрамында ғылыми орталықтары бар Назарбаев Университетін құру: Ғылым бойынша орталық кеңсе, Өмір туралы ғылым орталығы, Білім беру саясаты орталығы, Евразиялық зерттеу орталығы және т.б.

Ғылыми кадрлардың жасаруының оң үрдісіне ғылыми кадрларды дайындаудың жаңа жүйесіне – PhD



**4.16-сурет**

2005-2012 жылдардағы жоғары білімнен кейінгі білімі бар кадрларды дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі

Жылдар	Дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырысы	
	Магистрлар	PhD докторы
2005-2006	2550	100
2006-2007	2550	100
2007-2008	2500	100
2008-2009	2500	100
2009-2010	2639	200
2010-2011	2719	200
2011-2012	5159	500
2012-2013	6809	500

\*Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

докторантурасына ауысу да жол ашты.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және «Ғылым туралы» ҚР Заңына сәйкес, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды дайындаудың жаңа жүйесіне ауысу 2011 жылы аяқталды. 2013 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті 29 жасқа дейінгі жастағы 50 докторантқа философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі берілген.

2011 жылы Қазақстанда жоғары білімнен кейінгі білімі бар кадрларды дайындауға мемлекеттік тапсырыс 2,5 есе артқан (4.16-сурет). Сонымен қатар, болашақтағы 15 жыл ішінде 1600 PhD докторы жетіспеушілігі мүмкіндігі байқалатын себептер де бар.

Мұндай болжамдар жасауға мынадай фактілер негіз болады:

1) ұрпақтар сабақтастығы сақталмайды. Бүгінгі таңда 50-54 жас аралығындағы ғылыми дәрежелі ғалымдардың саны (2 815 адам) 20-24 жас аралығындағы тиісті санаттағылардан (1 121 адам) 2,5 есе артық;

2) PhD докторантурасын салыстырмалы түрде докторанттардың аздаған үлесі ғана диссертация қорғаумен бітіріп шығады. 2007-2011 жылдар аралығында PhD докторантурасында білім алуға 1 657 адам қабылданған, олардың 795-і (47 %) оқуды бітіріп шыққан, соның ішінде диссертация қорғағандары – 488 адам (61 %).

3) 2010-2011 жылдары ғылымның 8 саласы (ауыл шаруашылығы, тарих, философия, география, фармацевтика, сәулет, мәдениеттану, жер туралы ғылымдар) бойынша PhD докторларын оқыту жүзеге асырылған жоқ, бұл жақын арада кейбір салаларда ғылыми кадрлардың тапшылығына алып келуі мүмкін.

4) республиканың 3 өңірінде 2008-2010 жылдар аралығында PhD докторларын дайындау мүлдем жүзеге асырылмаған, бұл елдің өңірлері қимасында ғылыми кадрлардың жетіспеушілігіне алып келуі мүмкін.

5) алдағы 15 жыл ішінде еңбекке жарамды тұрғындар қатарынан ғылыми дәрежесі бар 8 162 адамды жоғалту күтілуде.

Ғылыми кадрларды дайындауға мемлекеттік тапсырыс көлемінің қазіргі есу динамикасының сақталуын, сондай-ақ ғылыми дәреже иелерінің қызмет салаларын ескере отырып ғылыми кадрлар жетіспеушілігінің орнын толтыру қиынға соғып отыр.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тарапынан Назарбаев университеті студенттері мен ғалымдарының ғылыми әлеуетін дамытуды қаржыландыру студент жастар арасында ғылыми және инновациялық белсенділікті арттыруды маңызды ынталандыру болып табылады.

Қордың өтеусіз гранттық қаржыландыруы мына салалар бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыстарды / жобаларды орындауға арналған гранттар тағайындауды қамтитын болады:

- мұнай-газ саласы;
- көлік саласы;
- электр- және жылу энергетикасы;
- машина құрастыру;
- химиялық сала;
- тау-кен металлургия саласы;
- ақпараттық коммуникация технологиялары;
- энергияның балама көздері;
- қоршаған ортаны қорғау;
- гуманитарлық ғылымдар.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары өнертапқыштық идеяларды әзірлеуге жастарды кеңінен қатыстыруға, компанияның жас қызметкерлерінің инновациялық белсенділігін ынталандыруға бағытталған шаралар кешенін іске асырады. «Богатырь Көмір» ЖШС-де бірнеше жылдан бері LEAN SIX SIGMA халықаралық жобасына жас, болашағы зор қызметкерлерді қатысуға тарту, жас жұмысшыларды оқыту бойынша жұмыстар белсенді түрде жүргізіліп келеді. Бағдарлама өндірістік проблемаларды шешуге, сату, маркетинг, коммерциялық ұсыныстарды есептеу, баға белгілеу, тапсырыстарды өңдеу секілді процестерді реттеуге, сондай-ақ қаржы және еңбек ресурстарын басқаруға бағытталған. 2011-2012 оқу жылы кезеңінде аталған бағдарлама бойынша болашағынан үміт күттіретін 26 жас қызметкер білім алған. LSS ендіру нәтижелері айтарлықтай: 2012 жылы 33 жоба іске асырылды.

«Білім жоғары сапалы болса ғана, жер бетіндегі ең ұлы игілік атаулы болуға лайықты. Олай болмаған жағдайда, ол мүлдем пайдасыз».  
Редьярд Киплинг

«KEGOC» АҚ-да инновацияларға қатысты корпоративтік мәдениетті арттыру бойынша жұмыстар белсенді жүргізіледі. Мәселен, 2012 жылы өнертапқыштық ұсыныстарды жинау және қарастыру жөніндегі автоматтандырылған жүйе (IT-портал) ендірілген, осы қызметті регламенттейтін нормативтік құжаттар қайта қаралған. Нәтижесінде, мақұлданған және ендірілген өнертапқыштық ұсыныстардың саны 2011 жылмен салыстырғанда 3 есе өскен. Компанияда жыл сайын «Үздік өнертапқыш» конкурсы өткізіледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ әрбір сала мен ұжымның жұмысының





өзіндік ерекшеліктеріне қатысты жаңашылдықты алдына мақсат етіп қойды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялары тобы бойынша 2013 жылдың 1-жартыжылдығында өнертапқыштар саны 883 адамды құрады, соның ішінде 30 жасқа дейінгі өнертапқыштар саны – 65 адам (7 %). Ендірілген өнертапқыштық ұсыныстардың 2013 жылдың 1-жартыжылдығындағы экономикалық тиімділігі 7,1 млн. теңгені құраған. 2013 жылдың 1-жартыжылдығында тіркелген өнертапқыштық ұсыныстардан күтілетін экономикалық тиімділік 511,7 млн. теңгені құрайды.

Салалар мен өңірлердің инновациялық-технологиялық дамуы есебінен бәсекеге қабілетті экономиканы арттыруды, елдің ғылыми және инжинирингтік әлеуетін арттыруды, кәсіпорындарда жастарды зерттеу қызметіне және әзірленімдерге тартуды қамтамасыз ететін мемлекеттік ұлттық инновациялық саясатты іске асыруға әлеуметтік жауапты бизнестің белсенді атсалысуы уақыт еншісінде болып табылады.

\*\*\*

1. Типтік жас ерекшелігі тобындағы орта білімді жастарды қамтудың жеткілікті дәрежедегі жоғары көрсеткіші байқалады.

2. Соңғы бес жыл ішінде ТжКБ ұйымдарындағы 9 және 11-сынып базасында оқуын жалғастырушы жастар санының өсу үрдісі байқалады.

3. Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік негізінде білім берудің дуалды жүйесін дамыту кең етек жайды.

4. ЖОО студенттік контингенті санының, соның ішінде мектеп түлектерінің ҰБТ тапсыру қорытындысы бойынша төмен балл жинауы себебінен қысқаруы байқалады.

5. Жастарды білім беру сапасының қанағаттандыруының жалпы деңгейі тиісінше жоғары (47 %).

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша (2013 жылғы наурыздағы жағдай бойынша), ғылым саласында жас қызметкерлер санының тұрақты өсуі байқалады: 35 жасқа дейінгі жас ғалымдардың үлесі 2011 жылғы 36 %-дан қазіргі уақытта 38 %-ға артқан. Сонымен қатар, 45 жасқа дейінгі ғалымдардың үлесі 54 %-дан 56 %-ға дейін өсті.

7. Кадрларды дайындаудың жаңа жүйесіне – PhD докторантурасына көшу әсерінен ЖОО ғылыми кадрларының жасын жасартудың оң динамикасына қол жеткізілді.

8. Кәсіпорындардың жас жұмысшыларын инновациялық, өнертапқыштық және ғылыми-зерттеу қызметіне тартуға әлеуметтік жауапты бизнестің қатысуының кеңеюі байқалады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Конституция Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями от 7 октября 1998 года, 21 мая 2007 года, 2 февраля 2011 года), статья 30

2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года N 319-III, статья 3, пункт 1

3. Сонда. 8 – бап. 2 – тармақ.

4. ИА [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz)

5. Оценка результатов комплексного тестирования (2012 год) Астана: НҚОСО, 2012 - С. 13 - 38 с.

6. Uwe Brandenburg, Diane Carr, Sabine Donauer, Christiane Berthold Analyzing the Future Market - Target Countries for German HEI's. Center for Higher Education Development.

Working paper No 107. May 2008. P. 12-13

7. Статистическая база данных ЮНЕСКО <http://stats.uis.unesco.org/> (2010 ж.)

8. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года N 319-III, статья 26, пункт 5 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04.07.2013)

9. Сонда. 26 – бап. 8 – тармақ

10. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан Култуманова А., Ногайбаева Г., Кусиденова Г., Есинбаева Ж., Садыкова Ж. - Астана: НҚОСО, 2013 - С. 63 - 166 с.

11. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года N 319-III, статья 26, пункт 4

12. Карта академической мобильности ЮНЕСКО // <http://www.uis.unesco.org/EDUCATION/Pages/international-student-flow-viz.aspx>





5-ТАРАУ

**ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

## 5.1. ЖАСТАР ЖӘНЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

Осы баяндамада Қазақстан Республикасы жастарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жұмыспен қамту деңгейі, жұмыссыздық және жұмысқа орналастыру, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ жастарға әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері кешенінде қарастырылады.

Жұмысқа орналасу қазіргі жастар үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Еңбек нарығы бір жағынан заңнамалық және нормативтік актілер арқылы мемлекетпен, екінші жағынан нарыққа қатысушылардың өз іс-әрекеттерімен реттелетін күрделі жүйе болып табылады.

Жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау және дамыту Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының өзекті және стратегиялық басымдылығы болып табылады. Президенттің жыл сайынғы халыққа жолдауларында әлеуметтік бағдарлы мемлекетті құру және дамытуға басты назар аударылады. Бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастырудың негіз қалаушы факторы және жастардың әлеуметтік-экономикалық табысты бейімделуінің индикаторы ретінде олардың жоғары біліктілігі мен нарықтық экономика жағдайында жоғары сұранысқа ие болуы есептеледі.

Қазақстандық жастардың еңбек нарығындағы жағдайын талдау қажеттілігі екі маңызды фактормен анықталады. Біріншіден, жастар Қазақстанның жалпы еңбекке жарамды тұрғындарының шамамен 1/3 бөлігін құрайды. Екіншіден, жастардың жұмыссыздығы мемлекет үшін кері әлеуметтік-экономикалық салдарлар туындату мүмкіндігімен қауіпті.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жастарды жұмыспен қамту, оларды әлеуметтік қорғау проблемаларын шешуге бағытталған жастардың жұмыссыздығын мемлекеттік деңгейдегі реттеуді жүзеге асырады. Алайда, мемлекеттік органдардың көлемді жұмысына қарамастан, мұндай күш салу жеткіліксіз болып отыр. Проблемалық мәселелерді ғылыми әдістемелік және тәжірибелік зерттеуді пайдалана отырып, жас ұрпақтың әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктері мен болашағын міндетті түрде зерделеу қажет.

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің


ресми деректеріне сәйкес, жастардың жұмыссыздық деңгейі жыл сайын төмендеп келеді (5.1-сурет). 2012 жылы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (4,6 %) көптеген жылдар бойы жалпы жұмыссыздық деңгейінен (5,4 %) алғаш рет төмен көрсеткішке ие болды. Жалпы жұмыссыздар санынан (473,0 мың адам) 57,7 мың адам (12,2 %) 15-24 жас аралығында болған.

Қалаларға жастар жұмыссыздығының жоғары деңгейі тән. Бұл ауыл жастарының жұмыс іздеп қалаларға қоныс аударуына байланысты. Алайда, ауыл жастары көбіне тиісті біліктілігі болмауы себебімен еңбек нарығындағы бәсекелестікке төтеп бере алмайды. Олардың бір бөлігі уақытша жұмыс табады, екінші бөлігі экономиканың жеке меншік секторында қызмет етеді, үшінші бөлігі жұмыссыздар қатарын толықтырады.

2013 жылдың II тоқсанында, ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша, тұрғындар арасында 15-28 жас аралығындағы жастардың жұмыссыздық деңгейі 6,6 %-ды құраған, бұл көрсеткіш ауылдық жерлерде – 5,0 %. 2013 жылдың II тоқсанының қорытындысы бойынша экономикалық белсенді жастардың саны (15-28 жас аралығында) 2 407,5 мың адамды құрайды, осы жас ерекшелігі тобындағы экономикалық белсенді емес жастар – 1 550,2 мың адам. Халықтың бұл тобының экономикалық белсенділік деңгейі 64,3 %-ды құрайды. Жалпы, 15-29 жас аралығындағы экономикалық белсенді жастардың құрамындағы республика бойынша ресми тіркелген жастар жұмыссыздығының деңгейі 0,9 %-ды құрайды. Жұмыспен қамтылғандар саны (15-28 жас аралығында) 2 266,6 мың адамды немесе Қазақстанның 15-28 жас аралығындағы жастарының жалпы санының 60,1 %-ын құрайды. Жалдамалы қызметкерлер ретінде 1 534,6 мың адам жұмыс істейді, бұл көрсетілген жас санатындағы барлық жұмыспен қамтылғандардың 65,1 %-ын құрайды, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар – 732,0 мың адам немесе осы жас аралығындағы жұмыспен қамтылған жастардың 30,4 %-ы. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша, жұмыспен қамтылған жастардың жалпы санында ерлер 53,3 %-ды, әйелдер 46,7 %-ды құрайды.

### 5.1-сурет


Жастардың жұмыссыздық деңгейінің динамикасы (15-28 жас), %-бен\*



\*ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша

### 5.2-сурет

2013 жылдың 1-тоқсанындағы жастардың жұмыссыздық деңгейі\*



\*Халықаралық еңбек қатынастары институтының деректері негізінде әзірленді, Росстат (<http://www.rg.ru/2013/04/16/trud.html>), ҚР Статистика жөніндегі агенттігі



### 5.3-сурет

15-24 жас аралығындағы жастарға арналған ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіштер, 2000-2010 жж.\*

	2000	2010
Жұмыссыздық деңгейі (%)	14,6	18,9
Ұзаққа созылған жұмыссыздық жағдайы (жас ерекшелік тобына қарай, %)	20,1	22,6
Уақытша жұмыспен қамтылғандардың үлесі (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан, %)	31	38
Толық емес жұмыс уақыты жағдайымен жұмыспен қамтылғандардың үлесі (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан, %)	19,9	27,8

\*Дереккөзі: ЭЫДҰ-ның «Жастарға арналған жұмыс орындары» жобасы (www.oecd.org/employment/youth).  
ЭЫДҰ-ның 34 еліне арналған бейөлшемді орташа мән.

15 және одан жоғары жастағы жұмыссыз жастардың жалпы санынан 15-28 жастағылар 29,4 %-ды немесе 139,0 мың адамды құрайды.

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі жөніндегі 2012 жылғы деректер ең жоғары көрсеткіштер Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарына және Астана қаласына тиесілі екендігін көрсетеді. Жастардың жұмыссыздық деңгейінің ең төменгі көрсеткіштері Алматы, Атырау, Қарағанды, Маңғыстау және Павлодар

### 5.4-сурет

Кейбір елдердегі жастардың жұмыссыздық деңгейі, (%)\*



\*Дереккөзі: ХЕҰ деректері, 2012 ж.

облыстарында байқалады, бұл көрсеткіш 5 %-дан аспайды. Ұсынылған статистикадан қазақстандық жастардың еңбек нарығындағы жағдайының айтарлықтай оң көрінісі қалыптасады. Бұл ретте кейбір елдердегі жастардың жұмыссыздық деңгейін салыстыру арқылы Қазақстанның көптеген дамыған елдерді басып озғандығын көруге болады (5.2, 5.3-суреттер).

«NEET» деп аталатын топ (білімсіз, жұмыссыз және тәжірибесіз) көп жағдайда жастардың кемінде 10 %-ын құрайды және дамыған елдердің білімі төмен деңгейдегі жастарын қамтиды.  
Дереккөзі: Global Employment Trends for Youth, International Labor Office, 2012, 9 бет

Әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс әлемнің барлық елдерінде жастардың жұмысқа орналасуы көрсеткіштеріне кері ықпалын тигізді. Жастар ең осал әлеуметтік-демографиялық санаттардың бірі ретінде мұндай ықпалдарға жиі ұшырады. Халықаралық еңбек конференциясының 101-сессиясындағы (2012 ж.) «Жастарды еңбекпен қамту саласындағы дағдарыс: әрекет ететін уақыт» баяндамасында көрсетілген үрдістер сипатталатын елдер бойынша салыстырмалы деректер келтіріледі [1] (5.4-сурет).

Осы деректер бойынша, Қазақстан дағдарысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда жастардың жұмыссыздығы деңгейінің артуына жол бермеген аздаған мемлекеттердің бірі болып табылады. Бұған Президент пен ҚР Үкіметінің салиқалы әрекетінің арқасында қол жеткізілді. Ұлттық қорда жинақталған қаражатпен бірге қабылданған шаралар жұмыс орындарын қысқартудан сақтап қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді.

Оң салыстырмалы динамиканы сипаттайтын тағы бір маңызды көрсеткіш 15-29 жас аралығындағы жастардың жалпы санындағы NEET үлесі болып табылады. ҚР бұл контексте де алдыңғы қатардағы орынды иеленеді (5.5-сурет).

### 5.5-сурет

15-29 жас аралығындағы NEET санатының үлесі, %\*



\*Дереккөзі: Global Employment Trends for Youth, International Labor Office, 2012 - p.95., ҚР Статистика жөніндегі агенттігі.





## 5.6-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

### “Сіздің қалаңызда / ауылыңызда жастардың жұмысқа орналасуына қандай кедергілер бар?”, %



Алайда, бұл көрсеткіштер орын алған жағдайды толығымен көрсетпейді. Біріншіден, жастардың жұмыспен қамтылуы және жұмыссыздық деңгейі ең алдымен 14-29 жас аралығына тән айрықша бірнеше факторлар қатарымен анықталады. Мұндай факторлар қатарына, біріншіден, оқудың түрлі нысандарына қатысу жатады. Екіншіден, жастардың еңбек нарығы көрсеткішіне жекелеген жыныстардың өзіне тән факторлары да ықпал етеді: ерлер үшін – Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеу, әйелдер үшін – босану (бала туу), себебі әйелдердің босануы коэффициенті 20-29 жастағы жас ерекшелігі тобында ең жоғары көрсеткішке жетеді. Үшіншіден, жұмыссыздар қатарына ресми түрде жұмыспен қамту органдарында тіркелгендер ғана жатқызылады, жоғары оқу орнын бітірген соң жұмыс таба алмаған жастар өз бетінше жұмыспен қамтылғандар санатына жатқызылады. Төртіншіден, жұмыспен қамтудың негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесіндегі халықаралық стандарттардың айырмашылықтары. Ең соңында, біздің статистикамыз еңбек нарығындағы жастар сегментінің жағдайын толыққанды көрсетпейді. Жастар басқа жастағы тұлғалармен салыстырғанда еңбек нарығында сирек тіркеледі. Статистика ашық еңбек нарығының тек ресми бөлігінің даму үрдісін және мемлекеттік секторда басым бағалауға мүмкіндік береді. Жұмыспен қамту қызметі еңбек сұранысының бір бөлігін және жұмыс күшінің ұсыныстарын ғана қамтиды.

Бұған қоса, қазақстандық еңбек нарығы жоғары оқу

орындары мен колледждердің түлектерінен бөлек, жыл сайын жастар есебінен жұмыссыздар қатарын көбейтетін жалпы білім беру мектептерінің 9 және 11-сыныптарын бітіріп шыққан түлектермен де толығады: бір бөлігі оқуын жалғастырады, екінші бөлігі жұмысқа орналасады. Жастардың бұл санатына дипломы бар жұмыссыз жастармен бәсекелестікке түсу қиынға соғады.

«Жастар – бұл кез келген қоғамда болатын және өмір сүруге қабілеттілік соларға тәуелді болатын жасырын ресурстардың бірі».

Карл Маннгейм

Кешегі түлектердің төмен сұранысқа ие болуының екінші факторы студенттердің оқу орны қабырғасында алатын теориялық және практикалық білімі сапасының төмендігі болып табылады. Еңбек нарығы талаптарына деген мұндай сәйкессіздік оқу орнын аяқтаған соң жастардың жұмыссыз қалуына алып келеді. Осыған байланысты жұмыспен қамту органдарында тіркелген жұмыссыздар арасында жоғары, тіпті екі жоғары білімі бар тұлғалар жиі кездеседі.

Бұл үрдістер әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерімен жанама түрде расталады. Мәселен, жүргізілген әлеуметтік зерттеуге сәйкес жастардың жұмысқа орналасуына кедергі келтіретін жайттар арасында: жұмыс өтілінің болмауы (22 %), жалақының төмен мөлшері (17 %), жұмыс берушілердің парақорлығы, сыбайлас жемқорлығы (13 %), алған білім мен еңбек нарығы талабының сәйкес келмеуі (11 %), жас мамандардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі (10 %), тұратын аудандарында жұмыс орындарының болмауы (10 %). Сауалнамаға қатысушылар гендердік және ұлттық сипаты бойынша кемсітуді сирек болса да белгілейді (тиісінше 3 % және 4 %) (5.6-сурет).

Әлемнің шамамен 75 миллион жас тұрғыны жұмыссыз болып табылады, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 4 миллионға артық. 2016 жылы жастардың жұмыссыздығы осы деңгейде қалады деп болжанады.

Дереккөзі: Global Employment Trends for Youth, International Labor Office, 2012, 7 бет

Осыған қарамастан, еңбек нарығындағы сұраныс туралы хабардар болуы деңгейінің төмендігі, жастардың ауылдан қалаға стихиялық қоныс аударуы, әлемдік экономикалық дағдарыстың салдарлары, кәсіби ұшқырлықтың әлсіздігі, жұмыс берушілермен келіссөз жүргізуде практикалық дағдының болмауы, мамандықтар бойынша бос жұмыс орындары санының жетіспеушілігі, өз бетінше еңбек етуге психологиялық дайындықтың төмендігі және т.б. факторлар қалыптасқан жағдайды күрделендіре түседі.

Осылайша, елде өтіп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер контекстінде ұсынылған статистиканы талдау жастардың жұмыссыздығы саласында субъективті және объективті тұрғыдағы факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Біріншісіне жастардың психологиялық дайын



болмауы және төмен еңбек пайымдамасы, білім алу пайымдамасының жеткіліксіз деңгейі, жастардың болашақ жұмысқа қатысты артық талаптары секілді субъективті себептер кешенімен байланысты факторларды жатқызуға болады. Онымен қоса мемлекеттік менеджментпен, жоғары оқу орындары ұсынатын білім сапасының жеткіліксіздігімен, еңбек саласындағы арнайы қызметтердің әрекетсіздігімен байланысты объективті факторлар да кездеседі.

## 5.2. ЖАСТАР АРАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛАР

Жаңа ғаламдық экономикалық даму, қаржылық-экономикалық дағдарыстың салдарларын еңсеру, халықты жұмыспен қамтудың нашарлауы жағдайында әлем бойынша кәсіпкерлікке ерекше мән беріледі. Дамыған елдерде де, дамушы елдерде де бұл секторға жаңа жұмыс орындарын құруда және жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда негізгі рөл беріледі.

Қазақстан «Бизнесті жүргізу - 2012 (Doing Business)» рейтингінде 49-орынға тұрақтады [2]. Қазақстанның инновациялық әлеуетінің бәсекеге қабілеттілігін Дүниежүзілік Банк әлемнің 183 елінің ішінде орташа деңгейден төмен деп бағалайды. Қазақстанның экономикасына озық технологияларды пайдаланудың жеткіліксіздігі, басқару тәжірибесінің төмен деңгейі, менеджерлердің басым бөлігінде техникалық дағдылардың шектеулілігі, қаржы ресурстарына қолжетімділіктің жеткіліксіздігі және түрлі әкімшілік кедергілер тән [3].

Осылардың негізінде ұлттық экономиканың болашақтағы басты міндеттері инновациялық-технологиялық саясатты іске асыру, адам капиталын, шағын және орта бизнесті дамыту болып табылады.

Әлемдік тәжірибе куәландырғандай, жастар шағын және орта бизнестің, соның ішінде инновациялық бизнестің негізгі қозғаушы күші болып табылады және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуде басты рөлді атқарады.

Қазақстанда инновациялық қызмет қарқын алып келеді және экономикалық өсу мен еңбек өнімділігін арттырудың жетекші факторына айналуға тырысуда. Осыған байланысты жастардың инновациялық мінез-құлқын және жастар кәсіпкерлігін дамытуға басты назар аударылады.

Сондықтан жастар кәсіпкерлігін дамытуды жеке толыққанды мемлекет саясаты ретінде қарастыру қажет. Кәсіпкерлік қызметте экономикалық белсенді тұрғындарды жұмыспен қамту үлесін 60-70 %-ға дейін арттыру жөніндегі міндет ел тұрғындарының барынша белсенді және іскер бөлігі ретінде оған жастардың белсенді қатысуынсыз шешілуі мүмкін емес [4].

Кәсіпкерлік жаңа жұмыс орындарын құру көзі ретінде танылғанына қарамастан, жастар кәсіпкерлігінің қалыптасуы Қазақстанда ШОБ дамыту белгісі ретінде қарастырылып келді. Алайда, соңғы жылдары мемлекетте жастар кәсіпкерлігін ынталандыруға және жастардың кәсіпкерлік белсенділігінен әлеуетті пайда алуға бағытталған шаралар қабылдануда.

Мемлекеттік қолдау шағын бизнес масштабының өсуі және оның біртіндеп орта бизнеске айналуы үшін экономикалық

ынталандыруды қамтуы тиіс. Қазақстанда 1991 жылдан бастап ШОБ қолдау және дамыту бойынша алты мемлекеттік бағдарлама іске асырылды.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес ШОБ субъектілерінің ЖІӨ-ге қосқан үлесі 2005 жылы 17,4 %-ды, 2010 жылы 20,2 %-ды құраған. 2020 жылға қарай елдің ЖІӨ-де ШОБ үлесін арттыру стратегиялық міндетін іске асыру қажет. Деректерге сүйенсек, елде дамыған елдермен салыстырғанда ЖІӨ-ге ШОБ үлесінің төмен екендігі байқалады (Германия – 57 %, Ұлыбритания – 52 %, АҚШ – 52 %, Франция – 50 %).

Қазақстанның жалпы жұмыспен қамту көрсеткіштерінде ШОБ секторындағы халықтың жұмыспен қамтылу үлесі дамыған мемлекеттермен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Егер дамыған елдерде бұл көрсеткіш 47 %-дан (Канада) 70 %-ға (Жапония) дейін болса, Қазақстанда шамамен 26 %-ды құрайды [5].

Шағын кәсіпкерлік секторында тұрақты жұмыспен қамтылғандардың үлесін арттыру мақсатында шағын кәсіпкерлік саласында жүргізіліп келе жатқан мемлекеттік саясатқа түзетулер енгізу қажет.

Жастар кәсіпкерлігі үшін шынайы мүмкіндіктер, ең алдымен, «Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Өнімділік-2020», «Бизнестің жол картасы-2020», «Агробизнес-2020» секілді маңызды құжаттарды іске асыру арқылы әлеуметтік-экономикалық бағдардың ауысуымен байланысты.

Жастар кәсіпкерлігін қолдаудың маңызды сектораралық шаралары мен құралдары «Жұмыспен қамту жол картасында - 2020», «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасында» қамтылған.

Кәсіпкерлік қызметке қатысатын жастардың саны туралы нақты ресми деректер жоқ. Заңнамалық деңгейде «жастар кәсіпкерлігі» санаты дербес санат ретінде бөліп анықталмаған. Сонымен қатар, бүгінгі таңда бұл мәселе бойынша жүйелі үйлестіру жоқ.

Бүгінгі таңда «Қазақстанның Даму банкі» АҚ, «БРК-Лизинг» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Қазына капитал Менеджмент» АҚ, «Kaznex Invest» экспорт және инвестиция жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ, «ҚазЭкспортГарант» АҚ, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Аграрлық несиелік корпорация» АҚ, «Қазагроменаркетинг» АҚ, «Қазагроқаржы» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ және басқаларды қоса алғанда жалпы кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі институттардың толық қатары құрылған [6].

Жалпы мемлекеттік қолдау инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және сараптамадан өткізу, ұзақ мерзімді лизингті қаржыландыруды ұсыну немесе инновациялық гранттарды ұсыну кезінде көрсетіледі. Басталған шағын және орта бизнес инвесторлар үшін, сондай-ақ ірі жобалармен жұмыс істейтін ұлттық компаниялар мен қорлар үшін қызықты болып табылады. Негізінен ірі компаниялар немесе «қарқынды» жобалар қаржыландырылады, ал шағын және орта бизнес шағын несиелер жүйесімен шектеледі.


«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасында кәсіпкерлік секторы дамыту шаралары банктен алынған несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемеде субсидиялауды, сондай-ақ өсімақысыз бірнеше салықтар



**5.7-сурет**

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

**“Сіз кәсіпкерлік қызметпен айналысу мүмкіндігіне қалай қарайсыз?”, %**



- Кәсіпкерлік қызметпен айналысым келеді, бірақ ақшалай қаражатым жеткіліксіз
- Менің бизнес жүргізу қабілетім жоқ
- Кәсіпкерлік қызметпен айналысым келеді, бірақ оны қалай істеуді білмеймін
- Басқалар
- Жауап беруге қиналамын

төлеу бойынша мерзімін ұзартуды ұсынуды қамтиды.

Жұмыспен қамту жол картасы – 2020 шеңберінде (кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыс орындарын құру және тіректік ауылдарды дамыту) ауыл тұрғындары арасындағы жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастардың жеке кәсіпкерлік бастамаларын қолдау даму әлеуеті орташа және жоғары ауылдарда, шағын қалаларда, қалалық әкімшілікке бағынысты аумақта орналасқан кенттерде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен келісілген мемлекеттік қолдаудың мынадай түрлері көзделген:

- жол жүру ақысы мен мекендеп тұруға материалдық көмек көрсету мен кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқыту, бизнес-жоспар әзірлеуге көмектесу;

- 5 жылға дейінгі мерзімге 3 млн. теңгеге дейін шағын несие ұсыну;

- бір жылға дейінгі мерзімге жобаны сүйемелдеуге сервистік қызметтер ұсыну (маркетингтік, заңдық, бухгалтерлік және басқа да қызмет түрлері);

- инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жеткіліксіз объектілерін дамыту және / немесе құрылысын салу және / немесе инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға арналған, соның ішінде отарлық мал шаруашылығын дамытуға арналған ілеспе технологиялық жабдықтарды сатып алу.

Жастар кәсіпкерлігін дамыту ісінде «Атамекен» одағы» ҚҰЭП 2012 жылы мамырда құрған «Атамекен Стартап» қоғамдық қоры маңызды рөл атқарады. «Атамекен Стартап» ҚҚ мақсаты – Қазақстанда жастарды кәсіпкерлікке тартуға, жастар кәсіпкерлігінің жаңа сапалы түрлерін қалыптастыруға ықпал ететін институттарды құру. Қор өзінің белсенді қызмет еткен уақыты ішінде жастар арасында кәсіпкерлік қызметті түрлендіру, кәсіпкерлік ортаны қалыптастыру, болашағы зор кәсіпкерлік идеяларды іріктеу, сала бойынша оқыту, жастардың бизнесті жүргізу дағдыларын меңгеруі,

жастардың бизнес-жобаларын іске асыру үшін түрлі қаржыландыру көздерін тарту бойынша (фандрейзинг) кешенді іс-шараларды жүзеге асырады [7].

Жалпы тұрғындар арасында және, ең алдымен, жастар арасында өз ісін ашуды қалайтындар саны жеткілікті. Бірақ жастардың өз тұрмысын жақсарту үшін тәуекелге бел буған басым бөлігінің қазіргі уақытта қаржылай мүмкіндіктері шектеулі.

Қызметтің бір түрі ретінде кәсіпкерлік қоғамда біржақты қабылданбайды. Сонымен бірге қазіргі жастар коммерциялық қызметпен айналысуға басқаша қарайды, оны дербестікке алып келетін мүмкіндік және лайықты еңбекақы болашағы ретінде қарастырады (5.7-сурет).

Жалпы алғанда, әлемнің шет елдерімен салыстырғанда Қазақстан Республикасының бизнес-климаты орташа деңгейде бағаланады. ШОБ өндірістік бағытта, өнімнің бәсекеге төмен қабілеттілік сипатымен және сектордың инвестициялық тартымдылығымен елеусіз өсіп дамып келеді.

Осы жайттарды және халықаралық тәжірибені ескере отырып, жастар кәсіпкерлігін қолдау, олардың қазіргі қоғам талаптарына, жастар кәсіпкерлігін дамытуға қолданыстағы шағын ведомстволық көзқарастарға бейімделуі бойынша мемлекеттік саясаттың басымдықтарын қайта қарау қажет.

Жастарды кәсіпкерлікке тартудың негізгі проблемалары, ең алдымен білімнің, ақпарат пен инвестицияның жетіспеушілігіне байланысты, яғни жастардың ересектерге қарағанда қолайлылық жағдайы төмен, көбіне олардың табысы, қаржылық активтерге, ақпараттар мен консультацияларға тиісті қолжетімділігі жоқ.

Олар бастапқы капиталдың жетіспеушілігі, жастарға тиесілі кәсіпорындардың нарықтық төмен құны, қызметтердің шағын спектрі секілді проблемаларға ұшырасады.

Жастар еңбек нарығында бәсекелес және субъект болуға дайын емес. Еңбек нарығына алғаш шыққан кезде жастардың бойында жұмысқа орналасу мүмкін болмайтын жағдайда еңбек нарығындағы алғашқы қадамдарда жедел өзгеретін және күрделі әлеуметтік-психологиялық күйдің туындауына алып келетін (қорқып үрейлену; коммуникативтік қарым-қатынасқа ықпал ететін және тығырыққа тірелуді сезінумен, кінәлі түрде жасқанумен көрінетін торығу) болашақ кәсіп, еңбек және кәсіби мансап туралы идеалистік елестер басым болады.

### 5.3. ЖАСТАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Жастарға әлеуметтік-экономикалық қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік саясат елдің одан әрі тұрақты дамуының негізгі өзегі болып табылады және көбіне оның болашағын белгілейді. Ел дамуының қазіргі кезеңі мемлекет деңгейінде жастарды әлеуметтік-экономикалық қолдаудың ықпалды және ұтқыр жүйесін құру және дамыту қажеттілігін мойындаумен сипатталады.

Бұл контекстегі мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты жастардың әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалын нығайту болып табылады.

Қазақстандық жастарды жұмысқа орналастыру проблемалары «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» аясында шешілуде. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми деректері





бойынша «Жұмыспен қамту жол картасының – 2020» бірінші бағыты қатысушыларының саны ағымдағы жылдың басынан бері 9 610 адамға жеткен. Соның ішінде: 1 029 адам жұмысқа орналастырылған, әлеуметтік жұмыс орындарына 4 235 адамға жолдама берілген, жастар тәжірибесіне 4 346 адам жіберілген.

Республика өңірлерінде жастарды жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту мәселелері «Жасыл ел», «Дипломмен – ауылға!», «Жастар тәжірибесі» әлеуметтік-маңызды жобаларын іске асыру арқылы шешілуде.

Мәселен, жұмыспен қамту мүмкіндігін арттыру, жұмыссыз азаматтарды еңбек нарығында қолдау және бейімдеу мақсатында Астана қаласында халықты жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғаудың белсенді шаралары қолданылады: лайықты жұмыс іздеуге көмектесу, жұмыссыз азаматтарды кәсіби дайындау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ жұмыспен қамту саласында әлеуметтік қорғаудың қосалқы шараларын жүзеге асыру, жұмысқа орналастыру бойынша [www.job.astana.kz](http://www.job.astana.kz) порталы құрылды.

Барлық географиялық өңірлерде жастардың жұмыссыздық деңгейі ересек тұрғындардың жұмыссыздық деңгейінен айтарлықтай жоғары көрсеткішке ие, алайда кейде көрсеткіштер өзгеруі мүмкін. 2010 жылы әлем бойынша жастардың жұмыссыздық деңгейі ересек тұрғындардың 4,8%-ды құрайтын әлемдік жұмыссыздық деңгейін бірден басып озып, 12,6%-ға жетті.

Дереккөзі: World Youth Report, UN Department of Economic and Social Affairs, 2011, 16 бет (International Labour Organization, 2011a and United Nations, Department of Economic and Social Affairs, Population Division, 2011)

Жастарды жұмысқа орналастыру проблемасын шешу үшін Алматы қаласында «Еңбек ресурстары орталығы» пилоттық жобасы іске асырылуда. Орталық жұмыссыз жастарға ақпараттық және ұйымдастырушылық-құқықтық көмек көрсетеді, олардың еңбек нарығында сұранысқа ие жұмыс мамандықтары бойынша оқудан өтуіне ықпал етеді, сондай-ақ жұмыссыз жастардың әлеуетті жұмыс берушілермен кездесулері жоспарланған (бос орындар жәрмеңкесі).

Жұмыспен қамту жол картасы – 2020 және Алматы облысы аумағының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасы шеңберінде 1 085 түлекті жастар тәжірибесіне жолдауға 193,9 млн. теңге қарастырылған, соның ішінде республикалық бюджеттен 690 жас маманға 123,3 млн. теңге бөлінбек.

Елімізде жастарды еңбекпен қамтуға қолғабыс ету мақсатында тұңғыш Жастардың электронды еңбек биржасы Шығыс Қазақстан облысында іске қосылды. Оның арқасында бүгінде 1800 жуық адам жұмыспен қамтылды, бұл өз кезегінде 2013 жылы жастар жұмыссыздығын 4,1 пайызға азайтуға септігін тигізді.

Маңғыстау облысының жұмыспен қамту уәкілетті органдарына 1 639 жас өтініш білдірген, соның ішінде 372 адам жұмысқа орналастырылған, 339 адам қоғамдық жұмыстарға, 181 адам жастар тәжірибесіне жіберілген.

Павлодар облысында жұмыспен қамту органдарына

6 099 жас маман өтініш білдірген. Жұмыспен қамту жол картасына – 2020 2 527 адам тартылған, 2 875 адам жұмысқа орналастырылған. Әлеуметтік жұмыс орындарына техникалық кәсіби білім беру колледждерінің 901 түлегі жұмысқа орналастырылған; қоғамдық жұмыстарға 14-29 жас аралығындағы 917 адам жіберілген, 478 жас маман кәсіби дайындықтан, қайта даярлаудан және біліктілігін арттыру курстарынан өткен. Жастар тәжірибесінің қатысушыларына еңбекақы төлеуге 2013 жылы республикалық бюджеттен 79,5 млн. теңге бөлінген.

Солтүстік Қазақстан облысында Аумақты дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыруға ықпал ету бойынша шаралар қабылданған. 2013 жылдың бірінші тоқсанында аудандардың және Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдарына 758 жас тұлға өтініш білдірген, бұл өтініш білдірушілердің жалпы санының 39,8 %-ын құрайды. Органдар арқылы жұмыс берушілердің өтініштері бойынша жастар қатарынан 420 адам тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған, 33 жұмыссыз жастың әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасуына ықпал етілген, 402 жұмыссыз жасқа арнап қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылған, 98 адамға еңбек нарығындағы сұранысы жоғары кәсіптер бойынша кәсіби дайындыққа және қайта даярлауға жолдама берілген [8].


Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 2013 жылдың бірінші тоқсанында облыста жастар қатарынан 36 адам жұмысқа орналастырылған.

2013 жылғы 1 қыркүйектегі мәліметтер бойынша жұмыспен қамту органдары арқылы 99 061 адам жұмысқа орналастырылған, соның ішінде жастар саны 42 635 адамды құрайды. Жұмысқа орналастырылған жастардың жалпы санынан қоғамдық жұмыстарға 21 286 адам жіберілген, кәсіби дайындыққа, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға 4 686 адам жіберілген.

Бизнестің жол картасы – 2020 бағдарламасында әлеуетті

## 5.8-сурет

Жастардың “Жастар тәжірибесі” жобасына қатысуы, қатысушыларды қамту, мың адам



\*ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми деректері бойынша





қатысушылар саны артқан. Енді жұмыспен қамтудың белсенді формаларына жалпы білім беретін мектептердің 11-сынып түлектері, техникалық және кәсіби білім беру мекемелерінің, оқу орнын бітіріп шыққан соң бір жыл ішінде жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері, 18-29 жас аралығындағы балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-анасының қарауынсыз қалған балалар қатыса алады.

«Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» шеңберінде еңбек ресурстарының жұмылдырғыштығын арттыру Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті қоныс аударуына ықпал ету және жастардың жағдайын қамтамасыз ету есебінен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен тұрғылықты жерлерден әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары тұрғылықты жерлерге және экономикалық өсу орталықтарына қоныс аудару:

- бір ауданның ішінде;
- бір облыс шегіндегі бір ауданнан (облыстық маңызы бар қаладан) басқа ауданға (облыстық маңызы бар қалаға);
- бір облыстан екінші облысқа жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша, мемлекеттік қолдау мыналарды қамтиды:

- жаңа тұрғылықты жерде жұмысқа орналасуға көмектесу;
- қызметтік тұрғын үй ұсыну;
- еңбек жастарына арналған жатақханадан бөлме ұсыну;
- қоныс аударуға субсидия ұсыну;
- қажет болған жағдайда кәсіби дайындық, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында оқыту.

Жастарды мемлекеттік қолдау шараларының бірі лайықты бос жұмыс орындарын іздеу және жұмысқа орналасуға, соның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар тәжірибесіне көмектесу болып табылады.

Бағдарлама шеңберінде жастар тәжірибесіне жіберілген қатысушыларға жалақы есебінде жәрдем ақша төленеді. Жастар тәжірибесіне жіберілген Бағдарламаға қатысушылардың еңбекақысына бір айға төленетін жәрдем ақша көлемі 17,2 айлық есептік көрсеткішті (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы өтемақысы мен банк қызметтерін қоса есептегенде) құрайды.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша, ағымдағы жылдың соңына дейін жастар тәжірибесіне 19,7 мың адамды жіберу жоспарланып отыр, бұл мақсатқа 3 075, 9 млн. теңге көлемінде қаржы бөлінген. Ағымдағы жылдың басынан бері жастар тәжірибесіне 16,1 мың адам жұмысқа орналастырылған. 4 жыл ішінде бағдарламаның іске асырылуы арқасында 156 295 адам жұмысқа орналастырылды, жұмысқа орналастырылғандардың ең жоғары көрсеткіші 2009 жылы байқалды, одан кейін төмендеу үрдісі байқалады (5.8-сурет).

Талдау нәтижелері жастар тәжірибесінен өткеннен кейін 2-3 ай ішінде тұрақты жұмыс орындарына шамамен 22 %-ы жұмысқа орналасатындығын көрсетті.

Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналас-тырылған бағдарламаға қатысушылардың айлық жалақысына төленетін жәрдем ақшаның көлемі салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдар мен пайдаланылмаған

еңбек демалысының өтемақысын қоса алғанда:

- алғашқы 6 айда жалақының 50 %-ына дейін, бірақ 26 мың теңгеден аспайды;
- келесі 3 айда жалақының 30 %-ына дейін, бірақ 15,6 мың теңгеден аспайды;
- келесі 3 айда жалақының 15 %-ына дейін, бірақ 7,8 мың теңгеден аспайды.

Мемлекеттің әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған бағдарламаға қатысушыларға жалақыға ішінара жәрдем ақы төлеуі 12 айдан аспайтын мерзім ішінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік жұмыс орындарына 2013 жылдың қорытындысы бойынша 21 мың адамды жұмысқа орналастыру жоспарланып отыр. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 3 724,1 млн. теңге көлемінде қаржы бөлінген. Ағымдағы жылдың басынан бері әлеуметтік жұмыс орындарына 5,6 мың жас маман жіберілген.

Жастардың табысының төмендігі мен қоғамдағы теңсіздік арасында тікелей пропорционалды тәуелділік орын алған. Соңғы уақытта жастардың жұмыссыздығы өсіп, барлық дамыған елдерде теңсіздік (Джини коэффициентімен өлшенеді) 4 пайызға және Греция, Ирландия, Италия, Португалия және Испания елдерінде 8 пайызға артқан.

Дереккөзі: Tackling the youth employment crisis: A macroeconomic perspective, Makiko Matsumoto, Martina Hengge and Iyanatul Islam, International Labor Office, 2012, 1-бет

Жол картасы шеңберінде қабылданған шаралар жастарды жұмыспен қамтуға ықпал етеді, ал бұл өз кезегінде жастардың табысы мен олардың өмір сүру сапасының артуын көрсетеді.

Ауылдық жерлерде біліктілігі жоғары кадрлардың жетіспеушілігі өзекті мәселеге айналды. Аграрлық сектордың экономикалық әлеуетін арттыру мақсатында 2009 жылдан бастап республиканың ауылдық жерлеріне дипломы бар мамандарды тартуға бағытталған «Дипломмен – ауылға!» жобасы іске асырылып келеді. Осы жоба аясындағы мамандықтар саны тұрақты түрде өсіп келеді, бұл жыл сайын ауылдық жерлерге кадрлардың келуі көрсеткішін арттырады. Жоба жүзеге асырылған 4 жыл ішінде шамамен 24 мың диплом алған жас маман еліміздің ауылдық жерлеріне жолдама алған.

- Соның ішінде:
- 18 164 адам немесе 75 % педагогтар құрайды;
  - 4 967 адам (20 %) – денсаулық сақтау мамандары;
  - 769 – мәдениет саласының мамандары;
  - 225 – әлеуметтік қамтамасыз ету саласының мамандары;
  - 268 – дене шынықтыру және спорт саласының мамандары;
  - 184 – ветеринария мамандары (2012 жылдан бастап) құрайды.

Республикалық бюджеттен 16,2 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді, соның ішінде 3,1 млрд. теңге – 24 573 маманға көтерме ақы төлеуге және 13,1 млрд. теңге тұрғын үй сатып



алу үшін 7 882 бюджеттік несие түрінде жұмсалған.

Мамандардың бюджеттік несие бойынша міндеттемелерін өтеу есебінен бюджетке шамамен 1,0 млрд. теңге қайтарылғанын атап өту қажет.

\*\*\*

Қазақстанды дамытудағы жастардың рөлі жайлы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарын, «Қазақстан-2050» Қазақстанның даму стратегиясын, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын қоса алғанда, елдің барлық стратегиялық құжаттарында атап көрсетілген. Бұл жастарға және оның әлеуетін тиімді жүзеге асыру мәселелеріне мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлінетіндігін көрсетеді.

Қазіргі жағдайда жастар саясаты саласында барлық деңгейдегі мемлекеттік билік органдарының қатысуы мен өзара іс-қимылын талап ететін кешенді іс-шараларды және белгілі бір өзгерістерді жүзеге асыру қажет, бұл жастардың әлеуметтік-экономикалық бейімделу процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда жастарға әлеуметтік-экономикалық қолдау көрсету, жұмыспен қамту, жастар кәсіпкерлігі саласындағы үрдістерді қарастыру мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

1. Қазақстандық жастардың еңбек нарығындағы жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер – жастардың жұмыссыздығы мен жұмыспен қамтылуы аса жоғары деңгейде және салыстырмалы шамасын дамыған елдердің тиісті көрсеткіштерімен толығымен салыстыруға болады.

2. Жастарды жұмысқа орналастыру үрдісін талдау көрсеткендей, қазақстандық студенттердің игерген мамандықтарының құрылымы еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмейді. Нәтижесінде өз мамандығынан басқа жұмысқа орналасу кең таралуда. Алайда, соңғы жылдары бұл салада оң динамика байқалады. Қазақстанда талапкерлердің басым бөлігі сұранысы жоғары мамандықтарды тандайды (техникалық, инженерлік және т.б.), бұған мектептердегі, ТжКБ мекемелері мен ЖОО-ғы кәсіби бағдар беру жұмыстарын белсендету жолға қойылып келе жатқандығы, халықтың санасын қазіргі нарыққа сай қалыптастыру және мемлекеттің ұтымды шаралары ықпал етеді. Сондықтан, бүгінгі таңда жастардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі мол.

3. Тұрғылықты тұратын жері бойынша сапалы білім алу және жұмысқа орналасу мүмкіндігінде өңірлік жіктелу айқын байқалады, бұл Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының теңсіздігімен қатар, өңірлердегі еңбекке жарамды халықтың құрылымындағы теңсіздікке алып келеді.

4. Жастардың жұмыс істемейтін және оқымайтын проблемалық бөлігі (NEET) ерекше назар аударуды талап етеді. Аталған нақ осы топ жастардың еңбек нарығындағы саясаттың негізгі объектісіне айналуы тиіс. Әлбетте, аталған топтың кейбір бөлігі жастар арасындағы қылмыстың әлеуетті көзі болып табылады.

5. Жастар саясатын іске асыру жөніндегі бағдарламалар мен шаралардың тиімділігін бағалау үшін жастарды жұмыспен қамту, жұмысқа орналастыру, білім алуы және т.б. саласындағы негізгі индикаторлардың мониторингі жүйесін


қалыптастыру керек. Мұндай мониторингі республикалық деңгейде де, өңірлік деңгейде де жүзеге асыру қажет.

Осылайша, жастардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуі проблемасы қазіргі кезеңде ерекше сипатқа ие болып отыр. Мемлекет қабылдаған шаралар кешені жоғарыда аталған кері құбылыстарды жеңілдетуге айтарлықтай ықпалын тигізеді. Қолда бар мемлекеттік, жеке меншік, қоғамдық ресурстардың барлығын жұмылдыру қажет. Бұл процестерде жастардың еш қиындықсыз әлеуметтік-экономикалық бейімделуіне ықпал ететін нақты тетіктер мен құралдарды ұсынуы тиіс ғылыми-зерттеу және талдамалық құрылымдар маңызды рөл атқарады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Халықаралық еңбек конференциясының 101-сессиясындағы (2012) «Жастарды еңбекпен қамту саласындағы дағдарыс: әрекет ететін уақыт» баяндамасы // [www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed.../wcms\\_175984.pdf](http://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed.../wcms_175984.pdf)
2. «Бизнесті жүзгізіу - 2012» (Doing Business) рейтингі // [http://russian.doingbusiness.org/~/\\_/media/FPDKM/Doing%20Business/Documents/Annual-Reports/Foreign/DB12-Russian.pdf](http://russian.doingbusiness.org/~/_/media/FPDKM/Doing%20Business/Documents/Annual-Reports/Foreign/DB12-Russian.pdf)
3. Қазақстан Республикасы Жас кәсіпкерлер қауымдастығы материалдары бойынша
4. «Атамекен Стартап» ҚҚ ресми сайтының материалдары бойынша // <http://www.atamekenstartup.kz/>
5. Қазақстан Республикасы Жас кәсіпкерлер қауымдастығы материалдары бойынша
6. Сонда
7. «Атамекен Стартап» ҚҚ ресми сайтының материалдары бойынша // <http://www.atamekenstartup.kz/>
8. Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының ресми деректері





6-ТАРАУ

**ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ  
ҚЫЛМЫС**

## 6.1. ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫС: АХУАЛЫ МЕН ҮРДІСТЕРІ

Жастар арасындағы қылмыс қашанда алаңдаушылық тудырады. Бұл жас ұрпақтың әлеуметтік дамудың табиғи қоры болып табылатындығымен түсіндіріледі, ал қылмыстық заңнаманың бұзылуы жастардың сәтті әлеуметтенуін, олардың елдің қоғамдық және экономикалық өміріне бірігуін қамтамасыз ететін талаптардың маңызды кемшіліктерінің бар екендігін дәлелдейді.

Ғылыми әдебиетте жас ерекшелік санаттары негізінде жастар қылмысының түрлі жіктеулері кездеседі.

Қылмыстық тәжірибеде жастар қылмысын жас ерекшелігі бойынша үлкен екі топқа бөліп қарастыру кең таралған:

«Жасөспірімдер қылмысы» (кәмелеттік жасқа толмаған балалар қылмысы) 14-18 жас шеңберін қамтиды, себебі Қазақстанда қылмыстық жауапкершілікке тартудың ең төменгі шегі – 14 жас; ал 16 жаста жас тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат иеленетін жасқа жетеді, бірақ кәмелетке толу 18 жастан басталады.

«Жастар қылмысы» (жас ересектер қылмысы) 18-29 жас аралығын қамтиды, бұл топ өз кезегінде іштей екі жас ерекшеліктер топтарына бөлінеді: 18-24 жас және 25-29 жас. Алайда, құқықтық статистиканың құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды есепке алуын талдау жас ерекшелік сатылары бойынша есептеуде ортақ бірізділіктің жоқ екендігін көрсетіп отыр. «Жастар» түсінігі барынша шартты, бірақ оның 18-29 жастағы жас ерекшелік тобы ретіндегі сипаттамасы негізінде әлеуметтік көріністерге де, қылмыстық статистиканың жас ерекшелік көрсеткіштеріне де сәйкес келеді.

Сарапшылардың пікірі бойынша, жастар қылмысының себептеріне мыналарды жатқызуға болады:

- әлеуметтік-экономикалық: (жұмыссыздық, жастардың бір бөлігінің шеттетілуі (маргиналдығы), білім саласының коммерциялануы, жасөспірімдердің бос уақытының ұйымдастырылмауы (үйірмелердің, секциялардың аздығы немесе олардың қолжетімсіздігі), әлеуметтік-әлсіз жастардың жеткілікті деңгейде қорғалмауы және т.б.);

- әлеуметтік-психологиялық (құндылықтар дағдарысы, жеке тұлғалық өсу проблемалары, ортаның ықпалы, ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі төмен жауапкершілігі, ата-аналардың жасөспірімдер психикасының ерекшеліктері туралы психологиялық білімінің болмауы; әлеуметтік жетімдік және т.б.);

- идеологиялық және тәрбиелік сипаттағы олқылықтар (отбасы, ана, аға буын құндылықтарын құрметтеу дәстүрінің әлсіреуі; мектеп инспекторларының кәсіби даярлығының жеткіліксіздігі, ата-аналар мен педагогтар байланыстарының әлсіздігі, жастар және балалар ұйымдарының, әскери-патриоттық және спорттық бағыттағы және т.б. ұйымдардың бұл процестерге қатысу деңгейінің төмендігі).

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ресми мәліметтері бойынша, 2013 жылдың 6 айы ішінде Қазақстанда 48 833 (2012 жылдың 6 айы ішінде – 51 580) қылмыс жасаған тұлға тіркелді, бұл өткен жылғы көрсеткіштерден 5,3 %-ға төмен.

Соның ішінде 5,6 % (6,6 %) кәмелетке толмағандар, абсолюттік санмен 2 736 (3 395) құраған болатын, яғни 19,4 %-ға кем (6.1-сурет).

Ағымдағы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша,

### 6.1-сурет

Балалар қылмысының және оларды жасаған тұлғалардың динамикасы



балалар қылмысының 16,8 %-ға және кәмелетке толмағандардың 19,4 %-ға төмендегеніне қарамастан, олар жасаған ерекше ауыр қылмыстардың саны 69,2 %-ға (26-дан 44-ге дейін) артты, соның ішінде кісі өлтіру 72,2 %-ға (18-ден 31-ге дейін) артқан.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыста топтық сипат басым болып келеді. Қылмыскер неғұрлым жас болса, соғұрлым қылмысты жалғыз жасамайды және олардың қылмыстық әрекеттері ұйымдасқан сипатқа ие болады.

Кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстар саны ағымдағы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша 24,4 %-ға (2 703 – 3 346) төмендеді (6.2-сурет).

Төмендеу динамикасы еліміздің барлық аймақтарында байқалады.

### 6.2-сурет

Қылмыс жасаған тіркелген кәмелеттік жасқа толмағандар





Соның ішінде, қылмыс жасағандар төменде көрсетілген жас шамасында:

- 12-13 жас – 14 (55) тұлға, яғни анықталған тұлғалардың жалпы санының 0,03 %-ы (0,11 %-ы);
- 14-15 жас – 584 (718) тұлға, яғни 1,20 % (1,39 %);
- 16-17 жас – 2 130 (2 602) тұлға, яғни 4,36 % (5,04 %).

Осылайша, тұлғалардың жас ерекшелік құрамы кәмелетке толмағандардың ересек тобына қарай арта түседі.

Бұл ретте, негізгі үлес мектеп, гимназия және лицейлердің оқушыларына тиесілі – 1 344 (2 019), бұл қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың жалпы санының жартысына жуығын құрайды, – 49 % (59,8 %).

Жұмыссыз жастар арасындағы қылмыс өте өзекті проблема болып табылады. Мысалы, Комитеттің мәліметтері бойынша, 2012 жылы 18-19 жас аралығында қылмыс жасаған тұлғалардың саны 40 607 адамды (2011 ж. – 34 816) немесе 42 %-ды құрайды. Егер 2011 жылы қылмыс жасаған оқушылар санының артуы байқалса, 2012 жылы кәмелетке толмаған, жұмыссыз және қылмыс жасаған кезде оқымайтындар санатына жататындар қатарының артуы тіркелген.

Комитеттің деректері бойынша, 2013 жылдың 6 айы ішінде елімізде 12-17 жас аралығындағы 10 мың тұрғын арасында 23 адам (2012 жылғы 6 ай ішінде – 20) қылмыс жасаған.

12-17 жас аралығындағы 10 мың тұрғынға шаққандағы көрсеткіш бойынша Шығыс Қазақстан облысы барынша назар аударуды талап етеді, мұндағы көрсеткіш 35 жасөспірімді құрайды, сондай-ақ Қостанай облысында – 30 және Ақмола облысында – 30 (6.3-сурет).

Сонымен қатар, Астана қаласында, Атырау, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында аталған көрсеткіш еш өзгеріссіз сол деңгейінде қалса, Алматы облысында, керісінше, ұлғайған.

### 6.3-сурет


Өңірде тұратын 12-17 жастағы 10 мың балаға шаққанда қылмыс жасаған балалардың арақатынасы



\*Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасы ҚСАЕК деректері

### 6.4-сурет

Ауырлық санаттары бойынша қылмыстылық құрылымы (тұлғалар)



\*Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасы ҚСАЕК деректері

Комитеттің деректері бойынша, соңғы 3 жылда ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың саны күрт артып келеді: 2010 жылғы 1 372 қылмыстан (9,4 %) 2012 жылғы 1 491 қылмысқа дейін (10,6 %).

21-29 жастағы жас тұлғалар ауыр және ерекше ауыр қылмыстарды жиі жасайды, бұл көрсеткіш 3 412 құрайды, ал 18-20 жастағылардың көрсеткіші – 1 277. Жастардың ұйымдасқан қылмыстық топтары шындыққа айналды.


Ағымдағы жылдың 6 айы ішінде жеке адамға қарсы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың саны 9,4 %-ға өсіп, 152 (139) құрады.

Еліміздегі қылмыс құрылымындағы ауыр және орташа ауыр қылмыстар аса ауыр қылмыстар санатына ұлғайып бара жатқаны байқалады (6.4-сурет).

Мәселен, ағымдағы жылдың 6 айы ішінде кәмелетке толмағандар ерекше ауыр қылмыстарды 2 есе жиі жасаған.

### 6.5-сурет

Меншікке қарсы қылмыстылық құрылымы (тұлғалар)



\*Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасы ҚСАЕК деректері



**6.6-сурет**

Кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар динамикасы



\*Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасы ҚСАЕК деректері

**6.7-сурет**

Өңірлер қимасында кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар туралы мәліметтер



\* Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасы ҚСАЕК деректері

**6.8-сурет**

Есірткі пайдаланушы ретінде еліміздің медициналық мекемелеріне есепке қойылған тұлғалар туралы мәліметтер



\*Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасы ҚСАЕК деректері

Кісі өлтіру және денсаулығына зиян келтіру фактілері айтарлықтай өскендігі байқалады.

Қылмыстардың құрамы бойынша құрылымында кәмелетке толмағандардың меншікке қарсы қылмысының (ҚР ҚК 6-тарауы) үлесі аса жоғары – 2 132, немесе 77,9 % (2 735, немесе 80,6 %) (6.5-сурет).

Мәселен, 12-13 жас аралығында ұрлық, 14-15 жас аралығында ұрлық және тонау жиі кездеседі, 16-17 жас аралығында – пайдакүнемдік қылмыстың барлық түрлері, соның ішінде алаяқтық, қарақшылық және бопсалау көрсеткіштері тең дәрежеде.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандар арасында көп жасалатын қылмыс түрлері:

- көлікті айдап кету (ҚР ҚК 185-бабы) – 80 (82), соның ішінде 16-17 жас аралығында – 64 (63) және 14-16 жас аралығында – 16 (19);

- терроризм актісі туралы жалған хабарлау (ҚР ҚК 242-бабы) – 8 (10), соның ішінде 16-17 жастағылар – 6 (6) және 14-15 жастағылар – 2 (3);

- қаруды, жарылғыш заттарды заңсыз сатып алу, сақтау (ҚР ҚК 251-бабы) – 14 (21), соның ішінде 16-17 жастағылар – 14 (19) және 14-15 жастағылар – 0 (1);

- бұзақылық (ҚР ҚК 257-бабы) – 386 (434), соның ішінде 16-17 жастағылар – 313 (344) және 14-15 жастағылар – 68 (79).

Сонымен қатар, елімізде кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігі мен өміріне түрлі қол сұғу қаупіне ұшырасу фактілері де кездеседі. Мәселен, Комитеттің статистикалық деректерін талдауға сәйкес ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар саны 3,8 %-ға артқан (4 890-ден 5 077-ге дейін), күштеу сипатындағы қылмыстар саны 11,3 %-ға төмендеген (2 145-ден 1 903 дейін) (6.6-сурет).

Қылмыстардың құрбаны болған балалардың басым бөлігі көп жағдайда үйден немесе балалар мекемелерінен кетіп қалады, қатыгездікке, күш көрсетуге, ұрлыққа бейімділік таныта отырып, бейәлеуметтік мінез-құлықтардың жетегінде кетеді, алкоголь немесе есірткіге әуестене бастайды.

Ағымдағы жылдың 6 айы ішіндегі статистикалық деректерге сәйкес аталған қылмыстардың өңірлер қимасындағы жоғары көрсеткіші Алматы қаласында (583), Қарағанды облысында (584), Шығыс Қазақстан облысында (430), Павлодар облысында (450) байқалады (6.7-сурет).

Астана қаласында (-43,6 %) және Алматы қаласында (-26,3 %) айтарлықтай төмендеу динамикасы тіркеліп отыр.

Комитеттің деректері бойынша, талдау жүргізілген кезеңмен бір мезгілде кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған мынадай қылмыстардың айтарлықтай өсуі байқалды, (ҚР ҚК):

- адам өлтіру (96-бап), – 24-тен 32-ге дейін, яғни 33,3 %-ға;
- абайсызда кісі өлтіру (101-бап), – 4-ден 14 дейін, яғни 3,5 есе;

- өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (102-бап), – 4-тен 11-ге дейін, яғни шамамен 3 есе;

- адам денсаулығына орташа ауыр зиян келтіруге әкеп соққан медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы (114-бап), – 12-ден 57-ге дейін, яғни 4,5 еседен артық;

- он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынаста болу және нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер (122-бап), – 96-дан 257-ге дейін, яғни 2,5 еседен артық;

- кәмелетке толмағандарды саудаға салу (133-бап), – 1-ден 16-ға дейін.



Көрсетілген статистика қоғамның кәмететке толмағандардың психикасы мен адамгершілік болмысына, сондай-ақ денсаулығына түзелмейтін зардап әкелетін аса қауіпті құбылыстарының болуын дәлелдейді.

Кәмететке толмаған тұлғалар жасаған есірткімен байланысты қылмыстардың 3 есе артқанын көруге болады (1-ден 3-ке дейін).

Медицина мекемелерінің есірткіге салынуды анықтауының төмендеу үрдісі байқалады.

Мысалы, талдау жүргізілген кезеңде олардың саны 9,2 %-ға азайған (44 463-тен 40 364-ке дейін) (6.8-сурет).

Елімізде қылмыстың қайталануы үлес салмағының – 12,4 % (2012 ж. 6 айында 13,7 %), алкогольдік, есірткілік еліту жағдайында жасалған қылмыстардың – 15,8 % (15,4 %) және адамдар тобы қылмысының, – 17,5 % (18,2 %) жоғары деңгейі әлі де сақталуда [1].

Сонымен қатар, есепке алынғандардың жалпы санының төмендегеніне қарамастан, психотропты заттарды қолданушылар саны ұлғаюда (2012 жылдың I жартыжылдығындағы 4 609 адамнан 2013 жылдың 6 айындағы 4 652 тұтынушыға дейін).

Жалпы республика бойынша есепте тұрғандар саны – 40 364 адам, соның ішінде – 3 052 әйел, 1 899 кәмететке толмағандар.

Есірткі заттарын, психотропты заттарды және прекурсорларды пайдаланушы тұлғалар санының төмендеуі медицина мекемелерінің, ішкі істер органдарының есірткі пайдаланатын кәмететке толмаған тұлғаларды анықтаудың төмендеуіне, білім беру органдарының оқу орнының беделін төмендетпеу үшін аталған проблемаға назар аудармауына, ата-аналар тарапынан тиісті бақылаудың болмауына байланысты болуы мүмкін.

Мұндай қорытындыны жас ерекшелік топтары қимасындағы есірткі, психотропты заттарды және прекурсорларды пайдаланатын тұлғаларды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер куәландырады (6.9-сурет).

Комитеттің деректері бойынша, ағымдағы жылдың 6 айында 1 337 934 (1 302 158) әкімшілік құқық бұзушылық тіркеліп, 8 615 (10 382) кәмететке толмаған тұлға жауапқа тартылған, яғни 17 %-ға төмен.

Заңсыз есірткі айналымына байланысты құқық бұзушылық үшін жауапқа тартылған кәмететке толмағандар санының 5,3 %-ға артуы ерекше алаңдаушылық тудырады.

Жастар арасындағы тағы бір өзекті әлеуметтік проблеманың бірі – жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.


2013 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 14-29 жас аралығындағы жастар жасаған 476 016 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген [2].

Егер әрбір облыс қимасында қарастыратын болсақ, онда жол-көлік оқиғаларының ең көп тіркелген саны немесе республика бойынша тіркелген ЖКО жалпы санының 23 %-ы немесе 2 013 (1 116) Алматы қаласына тиесілі, Оңтүстік Қазақстанда 17 % немесе 1 442 (807), Алматы облысында 8 % немесе 695 (612), Жамбыл облысында 8 % немесе 690 (346), Шығыс Қазақстан облысында 7 % немесе 617 (416).

Жалпы, республика бойынша жағдайдың көрінісі мынадай: ЖКО-да жараланғандар – 10 837 адам, соның ішінде кәмететке толмағандар – 1 894 адам. Орын алған ЖКО нәтижесінде қаза тапқандар – 1 167 адам, соның ішінде кәмететке толмағандар – 105 (6.10-сурет) [3].

### 6.9-сурет

Есірткі заттарын, психотропты заттарды және прекурсорлар қолданатын барлық тұлғалар



\*Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасы ҚСАЕК деректері

### 6.10-сурет


Республика бойынша жалпы ЖКО бойынша жағдай



\*Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасы ҚСАЕК деректері

### 6.11-сурет

ЖКО-нан зардап шеккендердің жас ерекшелік санаты



\*Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасы ҚСАЕК деректері

Осылайша, статистикаға сәйкес ЖКО-да зардап шеккендердің жалпы санының 54 %-ы – балалар мен жастар (6 478) (6.11-сурет).

2012 жылы 15-29 жас аралығындағы тұлғалар арасында 1014 өзіне өзі қол жұмсау оқиғасы орын алған. Соның ішінде ерлер – 790, әйелдер – 224. 2012 жылы 15-29 жас аралығындағы тұлғалардың 1 933 өзіне өзі қол салуға әрекеттенуі тіркелген: соның ішінде ер балалар – 823, қыз балалар – 1110 адам [4].

2013 жылдың 6 айы ішінде 15-29 жас аралығындағы 551 тұлға өзіне өзі қол салған: соның ішінде ер балалар – 406, қыз балалар – 145. 2013 жылдың 6 айы ішінде 15-29 жас аралығындағы 1 176 тұлға өзіне өзі қол салуға



## 6.12-сурет

Жастардың өзіне өзі қол жұмсауы туралы мәліметтер

## 14-29 жас



## Кәмелеттік жасқа толмағандар



\*Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасы ҚСАЕК деректері

әрекеттенген: соның ішінде ер балалар – 504, қыз балалар – 672 (6.12-сурет) [5].

Толық және толық емес отбасылар арасында да кәмелетке толмағандар ортасындағы өзіне өзі қол салудың артуын атап өтуге болады (6.13-сурет).

Комитеттің мәліметтеріне сәйкес, өзіне өзі қол салу актілеріне итермелейтін себептердің негізгі факторларына мыналарды жатқызуға болады:

- жалғыздық (шеттетілу сезімі);
- ата-аналармен, туысқандармен дау-жанжалды қарым-қатынас;
- оқу және жұмыс орындарындағы дау-жанжалды қарым-қатынас.

Ал, үлкен жастағы жастар, жоғарыда аталған себептермен қатар тағы бірнеше әлеуметтік-тұрмыстық мәселелердің ықпалына ұшырайды:

- қиын материалдық жағдай (банкроттық, қарыздар);
- қолайсыз тұрмыстық жағдайлар;
- отбасылық қарым-қатынастың бұзылуы.

Комитеттің деректеріне сәйкес, өзіне өзі қол салудың аяқталған түрлері (551, 2013 ж. 6 айы) асылып өлген ер жігіттерге тиесілі (406, 2013 ж. 6 айы). Қыз балалардың өзіне өзі қол салу әрекеттері (1176, 2013 ж. 6 айы) улану арқылы жүзеге асырылған – 672.

Сонымен қатар, 6 өңірде кәмелетке толмағандар арасында өзіне өзі қол салудың айтарлықтай артқаны байқалады, ал

ең жоғары көрсеткіштер Оңтүстік Қазақстан (72), Алматы (42), Павлодар (36), Шығыс Қазақстан (34) облыстарында тіркелген.

Жалпы, балалар арасында өзіне өзі қол салу әрекеттерінің белсенді жүруінің себептерінің астарында тұлғааралық қарым-қатынастар, күйзеліске тұрақтылықтың төмен деңгейі, ақпараттық «жүктемесінің көптігі» жатыр.

Сонымен қатар, өмірлік тәжірибе мен білімнің жетіспеушілігінен жастарға өз мақсаттарын іске асыру үшін жастарды өз қатарына тартатын ішкі және сыртқы іріткі салушы күштердің ықпалына ұшырау қаупі төніп тұр. Жастар ортасына экстремистік көзқарастар мен идеялардың енуі, жастарды заңға қарсы әрекеттерге итермелеу қоғамдағы этникааралық, мәдениетаралық және конфессияаралық келісімді бұзуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) деректері бойынша, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елімізде 4 551 діни бірлестік қызмет еткен. 2012 жылы 25 қазанда аяқталған қайта тіркеуден кейін олардың саны 3 088-ге азайған.

Діни бірлестіктердің үштен бір бөлігі бірнеше себептер бойынша өздерінің заңдылығын негіздей алмаған бірлестіктер есебінен қысқарып отыр.

Конфессиялар мен деноминациялар саны 46-дан 17 бірлікке дейін қысқарды. Агенттіктің деректеріне сәйкес, қазіргі кезде Қазақстанда 3 244 діни ғимарат қызмет етеді, олардың басым бөлігін мешіттер құрайды – 2 320. Бүгінгі таңда республика бойынша 507 ғибадат орны өз қызметтерін жүзеге асыруда және рәсімдеуден өтуде, соның

## 6.13-сурет

Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы өзіне өзі қол жұмсау фактілері мен әрекеттері

## 2012 жыл



## 2013 жыл



Толық отбасы | Толық емес отбасы  
Ата-анасының қарауынсыз қалған балалар, соның ішінде жетім балалар

\*Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасы ҚСАЕК деректері





ішінде исламдық ғибадат орындары – 492, Православиелік шіркеулер – 15.

Агенттіктің деректері бойынша, бүгінгі таңда «Нұр-Мұбарак» Мысыр ислам мәдениеті университетінде 638 қазақстандық студент жоғары діни білім алуда, ал 2004-2011 жылдар аралығындағы кезеңде университетті исламтану мамандығы бойынша 262 түлек бітіріп шыққан. Соның ішінде 163 түлек Қазақстанның барлық өңірлеріндегі мешіттерде имам болып қызмет етеді, бұл жалпы университетті бітіріп шыққандардың 62,2 %-ын құрайды, тағы 37 маман (14,1 %) Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 9 медресесінде дәріс береді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – БҒМ) 2011 жылы «исламтану» мамандығы бойынша білікті кадрларды дайындауға 100 грант, 2012 жылы – 128 грант бөлген. 2012-2014 жылдары республикалық бюджеттен ағымдағы жылы аталған мамандыққа 150 грант, 2014 жылға – 200 грант бөлу көзделген.

Комитеттің деректеріне сәйкес ҚР ӨҚБК-нің «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, сондай-ақ олардың қызметін қаржыландыру» 374-1-бабы бойынша ағымдағы жылы құқық бұзушылықтың жеті есе артқаны байқалады. Мысалы, өткен жылы осы бап бойынша Алматы облысында 1 факт тіркелсе, 2013 жылдың бірінші жартыжылдығында аталған бап бойынша 8 факт тіркелген, соның ішінде Шығыс Қазақстан облысында 4 факт, Батыс Қазақстан облысында 3 факт және Алматы облысында 1 факт.

Сонымен қатар, Агенттік діни әдебиеттердің және ақпараттық материалдардың діни мазмұнына сараптама жүргізеді [6].

Дінтанушылық сараптаманың басымдылығы елімізге экстремистік сипаттағы діни әдебиеттің келіп түсуіне мықты тосқауыл қоюға мүмкіндік беретіндігімен байланысты. Агенттіктің қызмет ету кезеңінде 4 344 діни кітаптар мен өзге де ақпараттық материалдарға сараптама жүргізілген. Олардың 148-іне қатысты теріс қорытынды шығарылды. Қазіргі уақытта 1 923 діни кітапқа дінтанушылық сараптама жүргізілуде. Бұл мақсатта жергілікті органдар арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасу тәртібін нормативті түрде бекіткен, соған сәйкес бүгінде республика бойынша 212 кітап дүкені ресми қызмет етеді.

Жастар экстремизмінің негізін қалайтын терең себептерді анықтау қажеттілігі оның мәнін түсіну үшін қолда бар теориялық әзірлемелерді жинақтайтын біртұтас көзқарасты қолдануды талап етеді. Мұндай көзқарасты жастардың барлық санаттары арасында орын алған процестерді талдауға мүмкіндік беретін іргелі зерттеулер базасында іске асыруға болады.

Жастар экстремизмінің ұлғаюы жастардың әлеуметтік бейімделуінің кемшіліктерін, өскелең ұрпақтың бойында олардың құқыққа қарсы мінез-құлықтары үлгілерін тудыратын бейәлеуметтік нұсқаулардың дамуын көрсетеді.

Сонымен бірге, біздің қоғамымыздың рухани қауіпсіздігіне арналған маңызды аспектілердің бірі – діни-экстремистік және террористік топтардың ақпараттық өрісін, әсіресе, жастар арасында шектеу мақсатында діни сипаттағы Интернет-ресурстар мониторингі бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Аталған жұмыс барысына тек 2012 жылдың өзінде ғана 1 900-ден астам сайтты талдау нәтижесінде құқыққа қарсы сипаттағы материалдарды қамтитын шетелдік 45 Интернет-

ресурсқа қатысты оларға Қазақстан аумағында таралуына тыйым салу туралы тиісті сот шешімдері қабылданды [7].

2013 жылдың бірінші тоқсанында Агенттік 500-ге жуық сайттың мазмұнына талдау жасады. Соның ішінде құқыққа қарсы сипаттағы ақпараттарды қамтитын шетелдік 20 Интернет-ресурс бойынша материалдар прокуратура органдарына жіберілді. Танымал әлеуметтік желілер мен видеохостингтерде Агенттіктің ресми аккаунттары ашылды. Осыған байланысты, «E-islam» ағартушылық Интернет-ресурсын іске қосу жоспарлануда [8].

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңға сәйкес шетелдік миссионерлердің Қазақстанға келу және кету тәртібі нақтыланған және бекітілген. Агенттіктің мәліметтеріне сәйкес, біздің республикамызда 394 миссионер тіркелген.

Негізгі мәселелердің бірі діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі қызмет болып табылады.

Агенттік жүргізетін ақпараттық-насихаттық жұмыстың басым бөлігі қазақстандық азаматтарды дәстүрлі емес қолдаудың және жалған діни ағымдардың ықпалынан қорғауға, радикалды діни идеологияның таралуына қарсы тұруға бағытталған.

Агенттік ҚР ӨӘМ Қылмыстық атқару жүйесі комитетімен бірлесе отырып жеке жоспарға сәйкес пенитенциарлық жүйе мекемелерінде радикалды діни ағымдар ықпалының алдын алу және қарсы тұру жөнінде арнайы жұмыстар жүргізеді. Бас бостандығынан айыру орындарындағы кітапханалардан экстремистік әдебиеттер шығарып тасталды.

Сонымен қатар, күш құрылымдары қызметкерлерінің дін мәселесі бойынша сауаттылығын арттыру жөніндегі жұмыстар жүргізіледі. Дін саласындағы 150-ден астам отандық ғалымдар мен мамандардың басын біріктіретін Қазақстанның дінтанушылар конгресі құрылды. Агенттік жанында Діни жағдай мәселелері жөніндегі консультативтік-сарапшылық кеңес өз жұмысын бастады.

Жастар арасындағы экстремизмге қарсы күресте әумесерлік мінез-құлыққа ықпал ететін себептер мен шарттарды жоюға басымдық берілуі тиіс. Мұндай себептер отбасы беделінің төмендеуі және отбасылық жағдайдың төмен деңгейі болып табылады. Қоғамның рухани құндылықтар мен адамгершілік бағыттарды жоғалтуының мәні де маңызды. Бұл әлі қалыптасып үлгермеген жастардың бойындағы ашуланшақтық, шыдамсыздық қасиеттерінің себепшісі болады, ішкі қарсылық пен агрессияны тудырады, жастар арасында этникалық және діни төзімсіздіктің, ксенофобияның, ұлтшылдықтың және олардың көрінісінің соңғы нәтижесі – экстремизмнің таралуына әкеп соғады [9].

«Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты



## 6.14-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

«Жауап беруге қиналамын» жауап нұсқасы бойынша деректер көрсетілмеген

## 6.15-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)**«Сіз жастар арасындағы қылмыстылық себебі неде деп ойлайсыз?»****6.2 ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ**

Жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижесінде алынған деректерге сәйкес, қазақстандық жастардың басым бөлігі бейәлеуметтік мінез-құлыққа теріс қарайды. Республиканың жас тұрғындары көп жағдайда педофилияға (98,8 %), кісі өлтіруге және өзін өзі өлтіруге (97,9 %), сондай-ақ, тонауға, ұрлыққа (96,5 %), жезөкшелікке (94,9 %) және бір жыныстық нәпсіқұмарлыққа (92,8 %) жол бермеу қажет деп санайды (6.14-сурет) [10].

Сонымен қатар, жастардың басым бөлігі өзімен бірге қару алып жүруге (89,8 %), діни экстремизмге (94,6 %), дәстүрлі емес діндерге (89,7 %), отбасылық жанжалдарға (87,6 %) және отбасылық ажырасуға (87,4%) теріс қарайтындығы туралы пікірлерін білдірді.

Жастардың тек аздаған бөлігі есірткі пайдалануға (0,5 %), жезөкшелікке (0,1 %), ерте жыныстық өмірге (0,9 %) және бір жыныстық нәпсіқұмарлыққа (0,1 %) оң көзқарас танытады. Көрсеткіштер тым жоғары болмаса да, бұл назарға алынуы тиіс факт болып табылады.

Әлеуметтік зерттеу нәтижелері Қазақстандағы қылмыстың ең маңызды факторларына мыналарды жатқызуға болатындығын көрсетті: нашар отбасылық тәрбие (20 %), жастар арасындағы жұмыссыздық (15,1 %), ТВ-ға, фильмдерге еліктеудің кері үлгілері (14,1 %). Жастардың пікірі бойынша, жастар арасындағы қылмыстың себептері білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысының әлсіздігі (10,2 %), жастардың құқықтық білімінің төмен деңгейі (9 %) және қоғамда ұғынықты өнегелік идеалдардың болмауы (8,1 %) болып табылады (6.15-сурет).

Сонымен қатар, жастар қылмысының себептері арасында бейқамдық, жауапкершілік сезімінің жоқтығы (5,4 %), бұқаралық жастар ұйымдарының жетіспеушілігі (4,8 %), тынығу және ойын-сауықтық мекемелердің болмауы (4,4 %), діни тәрбиенің болмауы (4,3 %), өзіне сыни көзбен қараудың және өз-өзіне адекватты баға берудің жоқтығы (3,8 %) атап көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ИИМ) өзге мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл орната отырып, жастар және кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мақсатты ұйымдастырушылық-практикалық шараларды қабылдайды.

Мәселен, соңғы үш жыл ішінде ҚР ИИМ бастамасы бойынша шетелдік тәжірибелер ескеріле отырып кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңдар әзірленіп, қабылданды. Ойын-сауық мекемелері иелерінің онда түнгі мезгілде кәмелетке толмаған жастағы тұлғалардың келуіне жауапкершілігі, сондай-ақ ата-аналардың бұл балалардың үйден тыс жерлерде болуына жауапкершілігі енгізілді [11].

ҚР ИИМ ақпараты бойынша, 2013 жылдың басында «Құқықтық тәртіп – мектеп» жедел-алдын алу акциясы шеңберінде қазақстандық жасөспірімдер 180 қылмыс жасаған. Акция барысында 575 жасөспірім ұсталды, соның ішінде 151-і – оқуға бармағаны үшін, 127-і – алкогольдік ішімдіктер ішкені үшін, 232-і – қараусыз және бақылаусыз жүргені үшін.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының кейбір



заңнамалық актілеріне балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы Заңмен көмелетке толмағандарға қатысты нәпсіқұмарлық сипаттағы қылмыстар үшін жазалауды күшейтетін түзетулер енгізілді. Егер түзетулер енгізілгенге дейін көмелетке толмаған тұлғаны зорлағаны үшін 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде қылмыстық жауапкершілік көзделген болса, қазіргі уақытта 15-20 жас аралығындағы көмелетке толмағандарды зорлағаны үшін 8 жылдан 15 жылға дейін жазаланады.

Ата-аналардың, педагогтардың және Заңда көмелетке толмағандарды тәрбиелеу міндеттері жүктелген өзге де тұлғалардың осы қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуды күшейтуге бағытталған түзетулер енгізілді.

Мәселен, Заңмен көмелетке толмағандарды тәрбиелеу міндеттері жүктелген педагогтың зорлау іс-әрекеті үшін осындай мерзімге педагогикалық қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, 10 жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделеді.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 17 ақпандағы Заңмен көмелетке толмағандар қатысатын білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене тәрбиесі және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдар мен мекемелердің көмелетке толмағандарға қатысты қылмыстары (адам өлтіргені, денсаулығына қасақана зиян келтіргені, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысы) үшін соттылығы бар немесе соттылығы болған адамдармен еңбек шартын жасауға тыйым салатын түзетулер енгізілді.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Заңға сәйкес ҚР ҚК «Көмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту» 132-1-бабымен ата-аналардың, педагогтар мен өзге де тұлғалардың жауапкершілігі күшейтілді: бас бостандығынан айыру мерзімі 7-10 жылдан 7-12 жылға дейін өсті, сондай-ақ мүлкін тәркілеу қосылды. «Көмелетке толмағандарды саудаға салу» 133-бабында жүкті күйдегі, психикасының бұзылуынан зардап шегетін және дәрменсіз күйдегі көмелетке толмаған адамға қатысты жасалған іс-әрекеттер жеке құрамға бөліп көрсетілген. Сонымен бірге, ҚР ҚК жұмыс берушінің көмелетке толмағандардың олардың құқықтары мен мүдделерін бұзуға әкеп соққан еңбегін пайдалануға жауапкершілігін көздейтін «Көмелетке толмағандарға қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу» 138-1 бабымен толықты (айыппұл көлемі 300-ден 700-де дейінгі АЕК құрайды, 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру). ҚР ҚК «Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық» 271-бабында көмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған әрекеттер жеке құрамда бөліп көрсетілген [12].

Оқушылар мен студенттер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жастардың бойында салауатты өмір салты бағытын және тәуекел факторларына қарсы тұрудың мінез-құлықтық стратегиясын,

сондай-ақ басқа адамдар тарапынан жағымсыз ықпалдар мен қысымдарды сезіну және оларға қарсылық көрсету дағдыларын қалыптастыру өте маңызды.

Жастармен алдын алу жұмыстарын жүргізуде отбасының атқаратын рөлі өте зор. Ата-аналар өздерінің тәрбиелеу қызметін атқара отырып, жастарды бейәлеуметтік мінез-құлықтардан қорғауға ықпал ете алады. Ықпал етудің сан алуан түрлері болуы мүмкін:

- балаға ата-ана тарапынан көңіл бөліну;
- отбасындағы жақсы жағдай;
- отбасылық тәрбие және отбасы құндылықтарын бойына сіңіру;
- ата-аналардың жақсы үлгісі;
- отбасының және туыстардың қолдауы;
- отбасылық жайлылық, жағымды әсерлі атмосфера, өзара түсіністік.

Отбасының негізгі қызметі өскелең ұрпақты тәрбиелеу болып табылатындығын ескере отырып, жастардың қоғамдық тәртіп ережелерін сақтамауына ата-ананың жауапкершілігін арттыру жастар арасындағы бейәлеуметтік мінез-құлықтың таралуына кедергі болатын ұтымды шара болуы мүмкін.

Білім алатын жастардың бос уақытында тынығуын, жұмыс істеуін ұйымдастыру, оларды үйірмелер мен спорт секцияларына тарту нашақорлықтың, уытқұмарлықтың және маскүнемдіктің туындауы мен таралуына кедергі келтіре отырып, маңызды рөл атқарады.

Жалпы, білім алушы жеке тұлғаның рухани және адамгершілік дамуы бейәлеуметтік мінез-құлықтардың туындауына кедергі болатын шарттар болып табылатындығын атап өткен жөн. Білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінде, құқық қорғау органдарында жүргізілетін тәрбиелік жұмыстардың міндеті – жастардың өмірлік бағыттарды дұрыс анықтауына, қиындықтарды жеңуге, өз өмірлік мақсаттары мен болашағын көруге, өз денсаулығы мен болашағына жауапкершілікпен қарау сезімін дамытуға, жастардың толыққанды өзін-өзі көрсетуін және дамуы мүмкіндіктеріне жағдай жасауға көмектесу.

\*\*\*

Жастар арасындағы қылмыстың көрсеткіші 2012 жылмен салыстырғанда 5,3 %-ға төмендегенін атап өткен жөн. Мұндай төмендеу динамикасы еліміздің барлық өңірлерінде және жастардың барлық жас ерекшелігі санаттарында байқалады. Қылмыстар санының басым бөлігі көмелетке толмағандардың жоғарғы жас ерекшелік топтарында орын алады. Бұл ретте, олардың негізгі үлесін мектеп, гимназия және лицей оқушылары құрайды.

Жастар арасындағы қылмыстың негізгі себептеріне мыналарды орташа қатысуға болады: әлеуметтік-экономикалық; әлеуметтік-психологиялық; идеологиялық және тәрбиелік жұмыстың олқылығы.

Жұмыссыз жастар арасындағы қылмыс проблемасы аса өзекті мәселеге айналып отыр.

Соңғы 3 жылда ауыр санаттағы қылмыс жасаушы көмелетке толмағандар саны артуының қарқынды үрдісі байқалуда.

Ауыр, ерекше ауыр қылмыстарға көбіне 21-29 жас аралығындағы жастар барады.

Жалпы, еліміздегі қылмыс құрылымында ауыр және ауырлығы орташа қылмыстарды ерекше ауыр қылмыстар санатына алмастыру байқалады.

Есірткімен байланысты қылмыс жасаушы көмелетке толмағандар санының 3 есе артқандығын атап өткен жөн.



Заңсыз есірткі айналымына байланысты құқық бұзушылық үшін жауапқа тартылған кәмелетке толмағандар санының 5,3%-ға артуы ерекше алаңдаушылық тудырады.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың бірінші жарты-жылдығында кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар саны 3,8%-ға артқан. Күштеу сипатындағы қылмыстар саны 11,3%-ға төмендеген.

Жастар арасында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету әлеуметтік проблема болып табылады. Статистикаға сәйкес, ЖКО-да зардап шеккендердің жалпы санының 54%-ы – балалар мен жастар.

2012 жылы 15-29 жас аралығындағы тұлғалар арасында 1014 өзіне өзі қол жұмсау оқиғасы орын алған.

Кәмелетке толмаған жастар арасында өзіне өзі қол жұмсау жағдайының артуы байқалады. Негізгі себептеріне психологиялық және әлеуметтік-тұрмыстық проблемаларды жатқызуға болады.

Әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қазақстандық жастардың басым бөлігі бейәлеуметтік мінез-құлыққа теріс көзқарас білдіреді. Жастар өзімен бірге қару алып жүруге, діни экстремизмге, отбасылық дау-жанжалдар мен ажырасуларға өздерінің теріс пікірде екендіктерін білдіреді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Официальный источник Комитета по правовой статистике Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан <http://pravstat.prokuror.kz/rus/novosti/press-releasy/o-rabote-subektov-administrativnoy-praktiki-po-sostoyaniyu-na-15-avgusta-2013//>

2. Аналитическая информация о деятельности КПСиСУ ГП РК <http://pravstat.prokuror.kz/rus/o-kpsisu/deyatelnost-komiteta/analiticheskaya-informaciya//>

3. Сонда

4. Сонда

5. Сонда

6. Информация пресс-службы Агентства по делам религий РК [http://www.din.gov.kz/rus/presssluzhba/doklady\\_i\\_vystupleniya/](http://www.din.gov.kz/rus/presssluzhba/doklady_i_vystupleniya/)

7. Сонда

8. Сонда

9. Результаты социологического исследования на тему: «Экстремизм в молодежной среде». март 2010 года, УВП Акмолинской области <http://uvp.akmol.kz/home/si//>

10. Результаты социологического исследования на тему: «Изучение состояния молодежи Казахстана». Октябрь 2013 года, НИЦ «Молодежь», г. Астана

11. Источник официального сайта Министерства внутренних дел РК <http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/MVD//>

12. Сонда







7-ТАРАУ

**ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ  
ПРОЦЕСТЕРДЕ**

## 7.1. ЖАСТАРДЫҢ ЕЛДІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНЕ ҚАТЫСУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ

### 7.1.1. ЖАСТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Жастардың қоғамдық-саяси белсенділігін анықтайтын сәт олардың шешімдер қабылдау және басқару процестеріне тартылуы болып табылады. Мұндай қызмет жастардың мемлекеттік атқарушы және өкілетті органдардың, саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметіне қатысуы арқылы іске асырылады. Сонымен қатар олардың консультативті-кеңестік органдардың қызметіндегі жұмысы, олардың белсенді және пассивті сайлау құқықтарын іске асыруы арқылы іске асырылады. Жастардың азаматтық қатысу практикасы олардың проблемаларын шешу бойынша жұмыстарды жүзеге асыруға ықпал етеді.

Қазақстанда жастардың елдің қоғамдық-саяси өміріне

қатысуларының ең көп тараған түрі жастардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметі болып табылады.

#### Жастардың қоғамдық бірлестіктері қызметіне қатысуы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша, Қазақстанда ағымдағы жылдың екінші тоқсанында 1073 жастар бірлестігі тіркелген. 2010 жылы Қазақстанда олардың саны 1043, 2011 жылы – 966, 2012 жылы – 1086 болған. Олардың жылдар бойынша аздап ауытқушылықтармен азая отырып саны тұрақты түрде өсіп келе жатқан үрдісті байқауға болады (7.1-сурет). Егер 2010-2011 жылдары Алматы қаласы (160) әрекет ететін

### 7.2-сурет

Балалар және жастар ұйымдары туралы мәліметтер

Барлық балалар ұйымдары

1 754 «соның ішінде заңды беделі барлар» 138

1-11 сынып оқушылары контингенті 2 491 239

Мүшелер саны

7-11 жас 382 920 11-14 жас 438 527 14-17 жас 240 342

Облыстар бойынша деректер:

Балалар ұйымдары: → Заңды беделі барлар

Ақмола облысы	514	Ақмола облысы	43
Ақтөбе облысы	29	Ақтөбе облысы	29
Алматы облысы	8	Алматы облысы	5
Атырау облысы	20	Атырау облысы	20
Батыс Қазақстан облысы	471	Батыс Қазақстан облысы	0
Жамбыл облысы	18	Жамбыл облысы	0
Қарағанды облысы	34	Қарағанды облысы	17
Қостанай облысы	22	Қостанай облысы	3
Қызылорда облысы	9	Қызылорда облысы	3
Маңғыстау облысы	14	Маңғыстау облысы	4
Оңтүстік Қазақстан облысы	7	Оңтүстік Қазақстан облысы	3
Павлодар облысы	1	Павлодар облысы	1
Солтүстік Қазақстан облысы	14	Солтүстік Қазақстан облысы	1
Шығыс Қазақстан облысы	468	Шығыс Қазақстан облысы	8
Алматы қаласы	80	Алматы қаласы	0
Астана қаласы	45	Астана қаласы	1

1-11 сынып оқушылары контингенті:

Мүшелер саны


		Мүшелер саны		
		7-11 жас	11-14 жас	14-17 жас
Ақмола облысы	102899	40051	38076	20816
Ақтөбе облысы	114036	36167	49554	10624
Алматы облысы	297943	26025	23772	13750
Атырау облысы	94622	86	542	27255
Батыс Қазақстан облысы	87441	16166	17454	8285
Жамбыл облысы	182324	14047	7556	4282
Қарағанды облысы	171046	16354	26214	19562
Қостанай облысы	100803	23485	22614	13235
Қызылорда облысы	125729	15630	21082	15487
Маңғыстау облысы	96117	7275	7605	5070
Оңтүстік Қазақстан облысы	534195	28492	31005	39408
Павлодар облысы	88148	17929	20919	13614
Солтүстік Қазақстан облысы	73126	26712	30357	8563
Шығыс Қазақстан облысы	167586	45946	52577	18466
Алматы қаласы	163478	59471	77009	2638
Астана қаласы	83568	9084	12191	19287

\*Дереккөзі: ҚР БҒМ деректері

### 7.1-сурет

2010-2013 жж. ҚР-ғы жастар қоғамдық бірлестіктерінің саны\*

Қазақстан Республикасы бойынша барлығы



Соның ішінде өңірлер бойынша:

Ақмола облысы	59	64	62	62
Ақтөбе облысы	22	29	28	29
Алматы облысы	46	46	50	54
Атырау облысы	22	20	25	27
Батыс Қазақстан облысы	72	74	74	86
Жамбыл облысы	58	59	62	70
Қарағанды облысы	68	82	79	80
Қостанай облысы	100	80	103	102
Қызылорда облысы	55	56	59	60
Маңғыстау облысы	32	19	30	30
Оңтүстік Қазақстан облысы	74	71	71	76
Павлодар облысы	63	31	64	71
Солтүстік Қазақстан облысы	47	50	57	60
Шығыс Қазақстан облысы	110	74	184	124
Алматы қаласы	160	160	80	76
Астана қаласы	55	51	58	66

\*Дереккөзі: ҚР БҒМ деректері



бірлестіктердің саны бойынша көш басында тұрса, 2012-2013 жылдары ШҚО (124) алға шыққан. Жастармен жұмыс жөніндегі ұйымдардың ең төмен саны Атырау облысында тіркелген – 27.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша, республикада 1 754 балалар ұйымдары қызмет етеді. 7-17 жас аралығындағы білім алушылардың барлық контингенті қатарынан (2 491 239 адам) 1 061 789 адам балалар ұйымдарының мүшелері болып табылады (7.2-сурет). Республика бойынша балалар ұйымдарының 7-17 жас аралығындағы балаларды қамтуы 42,6 %-ды құрайды, соның ішінде 22,6 % – 14-17 жас аралығындағы жоғары сынып оқушылары. Осылайша, балалардың жартысына жуығы және жасөспірімдердің төрттен бірі балалар ұйымдарымен қамтылған.

Балалар ұйымдарының саны бойынша Ақмола, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстары көш бастайды (тиісінше, 514, 468, 471), басқа облыстарда балалар мен жастар ұйымдарының саны жүзге де жетпейді.

Республика бойынша аталмыш ұйымдарға мүше 14-17 жас аралығындағы балалардың жалпы саны – 240 342. 14-17 жастағы жоғары сынып оқушылары арасында Оңтүстік Қазақстан облысында аса жоғары белсенділік байқалады – осы жас ерекшелігіне жататын мүшелердің барлық санының 16 %-ын құрайды.

Ұйымдар саны олардың қызметіне тартылған жеткіншектердің санына әрдайым тікелей пропорционалды бола бермейді. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында небары 7 балалар ұйымы бар, алайда олардың мүшелерінің саны 39 408 адамды құрайды, ал Ақмола облысында қызмет ететін 500-ден астам балалар ұйымдары мүшелерінің саны – 20 816 адам ғана.

Балалар ұйымдары отбасымен және мектеппен қатар жас қазақстандықтарды әлеуметтендіруде үлкен рөл атқаратындықтан, олардың әлеуеті өте жоғары.

Қазақстанда жастар ұйымдары санының өсу үрдісі байқалады. Сонымен қатар, қазақстандық жастардың саяси белсенділігі деңгейін және саясатқа қатысуын бағалау жөнінде жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері көрсеткендей, респонденттер 9 республикалық жастар бірлестіктері мен ұйымдардан басқа туралы білмейтіндіктерін және естімегендерін атап өткен.

Ең танымал ұйымдар – «Жас Отан» және «Болашақ» стипендиаттары қауымдастығы» болып табылады. Сауалнамаға қатысушылардың 60 %-дан астамы аталған жастар ұйымдарының қызметі туралы хабардар болып шықты (7.3-сурет). Респонденттер көп жағдайда танымал ұйымдар туралы естігендіктерін, бірақ олардың қызметіне қатыспағандықтарын білдірді.

Респонденттердің басым бөлігі (¾) елімізде «Жұмысшы жастар одағы», «Жастардың ресурстық орталығы» және «Ауыл жастары одағы» секілді жастар ұйымдарының бар екендігі туралы хабарсыз.

Қазақстан жастары басқа ұйымдармен салыстырғанда «Жасыл Ел» бірлестігі ұйымдастырған іс-шараларға көп қатысады (3 %). Бұл тізімде «Жас Ұлан» (2 %) екінші орында тұр. Жастар ұйымдары туралы естігенімен, қазақстандық жастардың барлығы шын мәнінде олардың қызметіне қатыспайды, бұл олардың жастарға тиісті деңгейде ықпал етпейтіндігін, бұл ұйымдардың жастардың көкейтесті проблемаларын шешуге аз қатысатындығын білдіреді.

Төменде еліміздің барлық өңірлері деңгейіндегі саяси

партиялардағы, этномәдени бірлестіктердегі, жастар және балалар бірлестіктеріндегі жастардың саны, жас әкімдер мен олардың орынбасарларының, сондай-ақ мәслихаттардың жас депутаттарының саны көрсетілген Қазақстан жастарының саяси белсенділігі картасы ұсынылады (7.4-сурет).

#### Этномәдени бірлестіктер қызметіне қатысу

Жергілікті атқарушы органдар ұсынған ресми деректер бойынша Ақмола облысының – 45,8 %, Атырау облысының – 40 % (өңірлер бойынша жастардың жалпы санына шаққанда) белсенді жастары этномәдени бірлестіктер қызметіне қатысады. Бұл көрсеткіштің ең төмен деңгейі Қарағанды және Павлодар облыстарына тиесілі – 0,4 % және 0,8 % (7.4-сурет).

Жалпы, өңірлер арасындағы пайыздық қатынаста айтарлықтай үйлеспешілік жоқ, барлық облыстар арасында іс жүзінде 3-5 % айырмашылық сақталып отыр. Жастардың этномәдени орталықтар қызметіне қатысуының орташа деңгейі тиісінше Жамбыл облысында – 25,3 %, Алматы облысында – 25 %, Маңғыстау облысында – 22,6 %, Батыс Қазақстан облысында – 21,5 %, Астана қаласында 18,7 % және Ақтөбе облысында 16,7 %-ды құрайды. Осылайша, этномәдени орталықтар жастардың еліміздің қоғамдық-саяси өміріне араласуының ықпалды үлгісіне айналды.

#### Жастардың Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар

### 7.3-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

#### “Сіз қандай жастар ұйымдарын білесіз?”

Жұмысшы жастар одағы

75 25

Жастар ресурстық орталығы

75 25

Ауыл жастары одағы

73 27

Жас депутаттар қауымдастығы

72 28

Студенттік құрылыс жасақтары және жастардың еңбек отрядтары республикалық штабы (СҚЖЕОРШ)

70 29 1

Ұлттық еріктілер желісі

68 31 1

Қазақстан студенттері альянсы

66 33 1

Қазақстан жастары конгресі

63 36 1

Жас Қыран

63 36 1

Жасыл ел

51 46 3

Жас Ұлан

49 49 2

«Болашақ» стипендиаттары қауымдастығы

38 61 1

Жас Отан

38 61 1

■ Білмеймін / Естімедім

■ Естідім, бірақ қатыспадым


■ Өтініш бердім, бірақ рұқсат етілмеді

■ Қатыстым

## 7.4-сурет

## Қазақстан жастары белсенділігінің саяси картасы

\* Карта ҚР БҒМ, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі, жергілікті атқарушы органдар тарапынан ұсынылған деректер негізінде жасалды



## федерациясының қызметіне қатысуы.

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы деректеріне сәйкес, бүгінгі таңда Қазақстандағы кәсіподақтар – республикалық деңгейдегі 26 салалық кәсіподақ және өңірлердегі 14 облыстық кәсіподақ кеңестері мүдделерін 2,2 миллион адам ұсынады. Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы жүйесіндегі кәсіподақ мүшелерінің арасында жас жұмысшылар 33 % (718 564 адам) құрайды. Көптеген мүшелік ұйымдарда, ірі кәсіподақтарда, сондай-ақ еліміздің Кәсіподақтар федерациясында жастармен жұмыс жөніндегі комиссиялар мен кеңестер құрылған және қызмет етеді.

Жұмысшы жастардың мүдделерін қорғауға ұжымдық шарттар ықпал етеді. 01.09.2013 ж. республикада 58 081 ұжымдық шарт жасалған, яғни ұйымдардың ұжымдық шарттармен қамтуы жалпы шаруашылық субъектілері санының 35,4 %-ын құрайды (қызмет ететін кәсіпорындар саны – 164 005). Кәсіподақтар құрылған ұйымдардың 96,1 %-ында жұмыс берушілермен ұжымдық шарттар

жасалған. Кәсіподақ қызметтері жұмысшы жастардың мүдделерін қорғауға бағытталған, бұл жастардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуі процесіне тартылуына ықпал етеді.

## Жастардың саяси партиялар қызметіне қатысуы.

Жастар «Нұр Отан» ХДП жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының қызметіне өте белсенді атсалысады. 2009 жылы ұйым мүшелерінің саны 160 мың адамды құрады, 2010 жылы – 177 мың адам, 2011 жылы – 190 мың адам, 2012 жылы – 200 мыңнан астам [1]. Жергілікті атқарушы органдардың ресми деректері бойынша қазіргі сәтте партияның жастар қанатында 220 мыңнан астам жас тұлға тіркелген. Республиканың саяси сахнасында тек «Нұр Отан» ХДП жастар қанатының ғана барлық облыстарда тармақталған желісі бар және жастардың басым бөлігін қамтиды. Басқа партиялар жалпы республика және өңірлер бойынша жас мүшелер санының есебін тұрақты түрде жүргізбейді.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша, облыстардағы жастар «Нұр Отан» ХДП, «Ауыл» ҚСДП, Қазақстанның патриоттар партиясының, Қазақстанның





коммунистік партиясының, «Бірлік» партиясының, ЖСДП, «Ақ жол» ҚДП, Қазақстан коммунистік халықтық партиясының мүшелері болып табылады (7.4-сурет). Барлық 8 партияның тек Ақтөбе және Маңғыстау облыстарында ғана жас мүшелері бар.

Ақтөбе облысында «Нұр Отан» ХДП мүшелер саны жағынан аздап басымдыққа ие (4,044 мың). «Ауыл» ҚСДП (3,322 мың), «Ақ жол» (3,55 мың), ҚКХП (3,222 мың) мүшелерінің саны шамалас.

Астанада «Нұр Отан» ХДП, «Ауыл» ҚСДП, «Ақ жол» ҚДП және ҚКХП, Алматыда «Нұр Отан» ХДП, Қазақстанның патриоттар партиясының, ҚКХП және «Ақ жол» ҚДП жас мүшелері бар.

Осылайша, жастардың саяси партиялардағы қызметі олардың елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласу ниетін білдіреді.

Әлеуметтік сауалнама деректері бойынша, барлық партиялардың ішінде жастар арасындағы ең танымалы «Нұр Отан» ХДП болып табылады (40 %) (7.5-сурет). Екінші орында «Ақ жол» демократиялық партиясы тұр (22 %). Жастар арасында танымалдығы бойынша ең төменгі сатыдағылар: Жалпы ұлттық социал-демократиялық партия (4 %), «Бірлік» саяси партиясы (4 %) және Қазақстанның коммунистік партиясы (4 %).

Жастардың мемлекеттік басқару, жергілікті басқару органдарының қызметіне қатысуы жастар арасындағы проблемаларды шешуге ықпал ететін қажетті шешімдерді қабылдауға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ресми деректеріне сәйкес, республикада 21946 жас саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметші бар (29 жасқа дейін), 90 – саяси, 21856 – әкімшілік. 14 476 адам немесе 65,9 % (жас мемлекеттік қызметшілердің жалпы санынан) орталық мемлекеттік органдарда қызмет етеді. 14 474 – әкімшілік, 2 – саяси лауазымда, соның ішінде ҚР Мәжілісі Аппаратында – 35-і еңбек етеді. Бұл жастардың өңірлерде мемлекеттік қызмет тәжірибесін жинақтауға ниет

білдірмейтіндігін көрсетеді (7.6-сурет).

Ауылдық жерлердегі әкімшілік қызметшілер санының ең жоғары көрсеткіші Алматы облысында (459), ең төменгі көрсеткіші Атырау облысында (105 адам), Өскемен қаласында (253 адам) және Қызылорда қаласында (115 адам). Қостанай облысы әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің саны бойынша көш басында тұр – 693, саяси қызметшілер – 16, әкімшілік қызметшілердің ең төмен саны Қызылорда облысында – 223 адам, Алматы және Астана қалаларының әрқайсысында 1 саяси қызметшіден бар. Егер республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалаларын салыстыратын болсақ, тиісінше 272 және 357 (7.7-сурет).

### 7.6-сурет

Әкімшілік және саяси қызметшілер арасындағы жас мемлекеттік қызметшілердің (29 жасқа дейін) үлесі

Әкімшілік Саяси

Орталық мемлекеттік органдар

14 474 2

соның ішінде ҚР Мәжілісі Аппараты

35

### 7.7-сурет

Әкімшілік және саяси қызметшілер арасындағы жас мемлекеттік қызметшілердің (29 жасқа дейін) үлесі

Әкімшілік

Саяси

	Барлығы	Қала	Ауыл
Ақмола облысы	609	231	370 8
Ақтөбе облысы	486	186	295 5
Алматы облысы	661	188	459 14
Атырау облысы	273	166 1	105 1
Батыс Қазақстан облысы	408	156	249 3
Жамбыл облысы	349	149	197 3
Қарағанды облысы	618	295	315 8
Қостанай облысы	709	250	443 16
Қызылорда облысы	228	108	115 5
Маңғыстау облысы	302	154	146 2
Оңтүстік Қазақстан облысы	543	221	322
Павлодар облысы	505	192	306 7
Солтүстік Қазақстан облысы	515	199	306 10
Шығыс Қазақстан облысы	633	253	377 3
Астана қаласы	273	272 1	
Алматы қаласы	358	357 1	

### 7.5-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

“Сіз төменде берілген партиялардың қайсысын білесіз?”



### 7.8-сурет

«А» корпусында кадрлық резервте тұрған және «А» корпусы кадрлық резервінен қызметке тағайындалған 29 жасқа дейінгі тұлғалардың саны туралы ақпарат



Қоғамдық бірлестіктердің қызметіне, өкілді және атқарушы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, этномәдени орталықтардың жұмысына қатысуының қарастырылып отырған өлшемдері бойынша екі мегаполистің жастарының саяси белсенділігі төмен (7.7-сурет).

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің деректері бойынша 29 жасқа дейінгі «А» корпусының кадрлық резервінде тұрған адамдардың саны – 2, бұл кадрлық резервте тұрған адамдардың жалпы санының 0,2 %-ын құрайды (7.8-сурет).

29 жасқа дейінгі «А» корпусы лауазымына тағайындалғандардың саны – 11 адам, бұл «А» корпусы лауазымына тағайындалғандардың жалпы санының 2,3 %-ын құрайды. Көріп отырғанымыздай, мемлекеттік қызметшілердің жоғары корпусындағы жастар өкілдерінің үлесі төмен, бұл осы әлеуметтік санат тұлғаларының жас ерекшеліктеріне және мемлекеттік басқаруда тәжірибенің жеткіліксіздігіне байланысты.

### 7.9-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» F3O деректері бойынша %-бен)

Сіз сайлауға қатысқансыз ба?



### Электораттық белсенділік.

Пассивті және белсенді сайлау құқығын іске асыру тұрғысынан жастардың саяси қатысуы динамикасы туралы сөз қозғағанда оң үрдістерді байқауға болады. ҚР ОСК жүргізген зерттеулерге сәйкес: «... ҚР Президентін соңғы сайлауға қазақстандық жастардың 87 %-ы қатысқан, бұл 2005 жылы өткен сайлау көрсеткіштерінен әлдеқайда жоғары...». Сонымен қатар, жас депутаттар санының артқандығы байқалады: егер 2007 жылы олардың саны 51 % болса, 2012 жылы бұл көрсеткіш 65 %-ға дейін артқан [2].

«Жастар» F3O жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижелері оған қатысқан жастардың жартысынан көбі (53 %) бір кезде сайлауға қатысқанын көрсетеді (7.9-сурет). Жас ерекшелігінің шектеуі бойынша респонденттердің ¼-інің сайлауға қатысу мүмкіндігі болмаған.

Сауалнама кезінде әрбір оныншы жас азаматтың сайлауға қатыспағаны белгілі болды. Біріншіден, бұл жастарға қызықты емес, екіншіден, олар өткізіліп жатқан сайлаулардың әділдігіне сенімсіздікпен қарайды.

Жастардың сайлау рәсімдеріне өз құқықтарын қорғау мүмкіндігі ретінде сенімсіздік білдіруі, олардың өз мүдделерін ұсынудың басқа өркениетті нысандарына сенуі мемлекеттік органдардың сайлау институтына сенімді арттыру мақсатында белсенді ақпараттық қызметті жүргізу қажет екендігін көрсетеді.

Жастардың қоғамдық-саяси белсенділігін арттыруға Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясында айтарлықтай қозғау салды: «...бізге қоғамдық бақылауды, жергілікті жерлердегі ахуалға азаматтардың ықпалын күшейту керек. Сондықтан мен мәслихат арқылы ауыл әкімдерінің сайланбалылығын енгізу туралы шешім қабылдадым. Сайлауды біз 2013 жылдың өзінде-ақ бастаймыз» [3].

Бұл тұрғыдан алғанда барлық деңгейдегі мәслихаттардағы жастар (20-29 жас) өкілдерін талдау қызығушылық тудырады. 7.10-суретте жас депутаттардың саны Қостанай облысында басым екендігін көруге болады. Астанада мәслихат депутаттығына үміткер жастардың ешқайсысына сенім білдірілмеген. Бұның себебі Елордада жергілікті деңгейде шешім қабылдау процесін мемлекеттік басқару,

### 7.10-сурет

Барлық деңгейлердегі мәслихаттарда жастардың (20-29 жас) саны



**7.11-сурет**

Барлық деңгейлердегі жас әкімдердің және олардың орынбасарларының (18-29 жас) саны



шаруашылық, кәсіпкерлік қызмет салаларында тәжірибесі мол аға буын өкілдері жүзеге асыратындығымен түсіндіріледі.


Облыстар, Астана және Алматы қалалары атқарушы органдарының ресми деректері бойынша барлық деңгейдегі 18-19 жас аралығындағы жас әкімдер мен олардың орынбасарларының саны аз – 16 адам (7.11-сурет). Атырау, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарында бұл жас ерекшелігі санатында мемлекеттік қызметшілер жоқ. Республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалаларында бұл көрсеткіш өте төмен.

Жастармен жұмыс жүргізетін биліктің түрлі құрылымдарына жастардың сенім білдіруі деңгейін бағалау мақсатында

**7.12-сурет**

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

**“Сіз жастармен жұмыс жүргізетін биліктің түрлі құрылымдарына қандай дәрежеде сенім білдіресіз?”**



жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға сәйкес мынадай жайттар анықталды. Республика жастары көбіне Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа толық сенім білдіреді (7.12-сурет). Одан кейінгі орындарда – Үкімет және депутаттар. Қала/ ауыл әкімдеріне және жастар саясаты мәселелері жөніндегі өңірлік басқармаларға сирек сенім білдіреді. Бұл биліктің жергілікті атқарушы органдары өз қызметінің нәтижелері туралы ақпараттық жұмыстарын кеңінен жүргізуі және түсіндіруі, жастардың барлық топтарын қамтумен өз қызметін жүзеге асыруы қажет екендігін білдіреді.

Осылайша, мемлекет қоғамды жаңғыртушы негізгі субъект ретінде жастардың белсенділігін арттыру үшін түрлі шаралар қабылдайды. Жастардың саясатқа араласуын арттыруға жағдай жасау мемлекеттің ұзақ мерзімдік басымдықтарының бірі болып табылады.

### 7.1.2. ЖАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ПІКІРІ БОЙЫНША ЖАСТАРДЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ДЕҢГЕЙІ


Жүргізілген әлеуметтік зерттеудің маңызды міндеттерінің бірі жастар арасында жаппай наразылық білдірудің туындау мүмкіндігін зерделеу болып табылады. Жастар бұл жағдайды қалай бағалайды? Жалпы, жастардың басым бөлігі оны теріске шығарады. Соның ішінде жастардың 46 %-ы жаппай наразылық білдіру акцияларының туындау мүмкіндігін толығымен жоққа шығарады, респонденттердің 35,7 %-ы олар тұратын қалада / ауылда мұндай наразылық акцияларының болуы негізінен мүмкін емес деп есептейді (7.13-сурет). Соған қарамастан, респонденттердің 13,4 %-ы таяу арадағы екі-үш жыл ішінде жастар арасында мұндай наразылық акциясы болуы мүмкін екендігіне келіседі.

Жастардың наразылық белсенділігін арандатуға икемді негізгі себептерді атап көрсетеміз. Көбіне мұндай себептерге қақтығыстардың әлеуметтік компонентін жатқызуға болады (табыстың, өмір сүру деңгейінің айырмашылығы, әділетсіздік және т.б.) – 54,3 % (7.14-сурет). Бұдан кейінгі орындарда

**7.13-сурет**

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)


**“Сіз қалай ойлайсыз, таяу арадағы 2-3 жыл ішінде Сіз тұратын қалада / ауылда жастар арасында жаппай наразылық акциялары (демонстрация, шеру, ереуіл) туындауы мүмкін бе?”**



## 7.14-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

**“Сіздің пікіріңізше, Сіз тұратын қалада / ауылда жастар арасында қақтығыс жағдайлары қай тұрғыда туындауы мүмкін?”**



діни тұрғыдағы қақтығыстар – 52,4 %, этникалық тұрғыдағы қақтығыстар – 49,7 %, саяси қарсылық – 49,5 %. Осылайша, тұрмыстық проблемалар дін, этникалық, саяси тұрғыдағы қақтығыстармен салыстырғанда аса маңызды себеп болып табылады. Алайда, респонденттердің жартысына жуығы қақтығыстың туындау себебі ретінде дінді көрсетті.

Жастардың келеңсіз қарым-қатынастармен қаншалықты жиі ұшырасатындығы туралы сұраққа қатысты мынадай деректер алынды: жас қазақстандықтардың басым бөлігі этникалық немесе діни тұрғыдан, саяси көзқарасы немесе әлеуметтік беделі себепті келеңсіз қарым-қатынастармен ешқашан ұшыраспаған.

Соған қарамастан, жастардың келеңсіз қатынастары жағдайына назар аудару қажет:

- этникалық тиесілігі бойынша: «кейде ұшырастым» – респонденттердің 24,4 %-ы, «жиі» – респонденттердің 6,1 %-ы;
- әлеуметтік беделі бойынша: «кейде ұшырастым» – респонденттердің 21,1 %-ы, «жиі» – 5,2 %;
- діни көзқарасы бойынша: «кейде ұшырастым» – жастардың 17,8 %-ы, «жиі» – 4,6 %;
- саяси көзқарасы бойынша: «кейде ұшырастым» – респонденттердің 16,3 %-ы, «жиі» – 3 % (7.15-сурет).

Деректерді талдау сауалнамаға қатысқан жастарды екі топқа бөлуге мүмкіндік береді: наразылық акцияларына жеке қатысу әлеуеті жоғары жастар және наразылық акцияларына қатыспау деңгейі жоғары жастар.

Жастардың басым бөлігі (80,7 %) екінші топқа жатқызылады, яғни жас қазақстандықтар наразылық акциялары туындаған жағдайда көбіне қатыспайды (7.16-сурет). Алайда, сауалнамаға қатысқан әрбір оныншы адам (12,4 %) жаппай наразылық акцияларына қатысуға дайын.


Жастар арасындағы жаппай сауалнама нәтижелері (7.17-сурет) Қазақстанда жастар экстремизмінің дамуына ықпал ететін себептердің рейтингін қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- жұмыссыздық және жұмысқа орналасу проблемалары (26,6 %);

## 7.15-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)


**“Соңғы бес жыл ішінде ... себептер бойынша Сіз келеңсіз қарым-қатынастармен қаншалықты жиі ұшырастыңыз?”**



## 7.16-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

**“Егер саяси талаптар бойынша жаппай наразылық туындаса, Сіз оған тікелей қатысасыз ба?”**



- мәдениет деңгейінің төмендеуі, жастарды адамгершілік-өнегелік тұрғыда тәрбиелеудің әлсіреуі (19,9 %);
- радикалды діни және өзге топтардың ықпалы (12,3 %);
- өмір сүру деңгейінің төмендігі (10,4 %);
- жастардың тынығуын ұйымдастырудың болмауы (8 %);
- газеттегі, ТВ, Интернеттегі жағымсыз ақпарат (7,8 %);
- сыбайлас жемқорлық (6,3 %);
- білімнің болмауы (4,6 %);
- тұрақты мемлекеттік идеологияның болмауы (2,2 %).



Қойылған сұраққа респонденттердің 1,9 %-ы жауап беруге қиналды.

Республика жастары өз құқықтарын қорғаудың барынша қолайлы жолдары құқық қорғау органдарына, сотқа, тиісті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ қоғамдық ұйымдарға (соның ішінде жастар ұйымдарына) өтініш білдіру (62,9 % – біріктірілген бағалау), яғни өркениетті, радикалды емес формалар деп есептейді (7.18-сурет). Бұл жастардың аталған институттарды қолдайтындығын, олардың беделін мойындайтындығын, өз құқықтарын қорғау тетігі ретінде оларға сенетіндігін білдіреді.

Әрбір оныншы респондент өз құқықтарын қорғау мақсатында келіссөздер және өзара екіжақты консультациялар жүргізуге, сондай-ақ сайлауларға және референдумдарға қатысуға дайын (тіісінше 9,7 % және 9 %). Халықаралық





**7.17-сурет**Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)**“Сіздің пікіріңізше, Қазақстанда жастар экстремизмінің дамуына не ықпал етеді?”****7.18-сурет**Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)**“Сіз өз құқықтарыңызды қорғаудың қандай жолдары тиімді деп есептейсіз?”**

сотқа жастардың 5,4 %-ы өтініш білдіреді.

Респонденттердің 5,2 %-ы радикалды жолдарға жүгінеді: шерулер мен демонстрацияларға қатысу, аштық жариялау, ереуілдерге қатысу, жаппай тәртіпсіздіктерді жүзеге асыруға, әкімшілік ғимараттарды қоршап алуға қатысу.

Сонымен қатар, жастардың шағын бөлігі БАҚ өкілдеріне хабарласып, Интернеттегі блоктарға жазатын болады. Жастардың тек 0,6 %-ы ешқандай әрекет қабылдамайды. Респонденттердің 6,6 %-ы қойылған сұраққа жауап беруге қиналады.

**7.2. ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ (ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША)**

Әлеуметтік зерттеу деректері бойынша (7.19-сурет), жастардың өмірлік құндылықтар рейтингінде отбасы көш бастайды, оны респонденттердің үштен бірі таңдаған. Екінші орында – денсаулық (14,6 %), үшінші орында – достар (9,4 %). Республиканың жас тұрғындарының 9 %-ының пікірі бойынша ақша, материалдық жақсы тұрмыс негізгі құндылық болып табылады. Бесінші орында балалардың болашағы орналасқан (8,5 %).

Сонымен қатар, кейбір жас қазақстандықтар махаббат, жұмыс және мансап, білім және табысқа жету, бостандық және өзін-өзі көрсету, Отанға қызмет ету секілді құндылықтарды да бағалаған. Жастарға ұсынылған құндылықтар тізімінде ең маңыздылары – құқықтар мен бостандықты сақтау, кәсіби

**7.19-сурет**Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)**“Төменде берілген тізімдегілердің қайсысы Сіз үшін аса маңызды болып табылады?”**

шеберлік, дін.

Сонымен қатар, Отанға қызмет етуді респонденттердің тек 1,1 %-ы ғана құндылық ретінде белгілегенін атап өту қажет. Қызметтің бұл түрінің беделділігі туралы сөз еткенде, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – ҚМ) деректері бойынша ағымдағы жылы әскери қызметшілердің саны 26 627 адамды құрағанын атап көрсеткен жөн. Соның ішінде жедел қызмет әскері – 12 885 адам, келісімшарт бойынша әскери қызмет өтеушілер – 13 742 адам. Офицерлік құрамның толығымен (100 %), ал келісімшарт негізінде әскери қызмет өтеушілердің 2 297-і, жедел әскери қызметтегілердің 1 167-і жоғары білімді екендігі қуантарлық жайт. Әлеуметтік шығу тегі бойынша олар, негізінен, жұмысшылардың (7 083) және ауыл шаруашылығы мамандарының (3 146) балалары, сонымен қатар әскери отбасыдан шыққандар (2 109) мен кәсіпкерлердің балалары да (547) кездеседі. Әскери қызметшілер қатарында заңгер, экономист, мемлекеттік басқару, дәрігер, құрылысшы мамандықтарының түлектері де бар. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, 2013 жылы әскери жоғары оқу орындарында жоғары кәсіби білім алғандардың саны 3 298 адамды құрайды.

«Жастар – шынайы өмірді қайта құратын қозғаушы күш; бұл – өздерін қоғамдық өмірде де, киберкеңістікте де көрсете білетін өзгерістердің жасампаз, шығармашыл және жігерлі агенттері».

БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның Халықаралық жастар күніне арнаған мәлімдемесінен. 2012 жылғы 12 тамыз

Ақша және материалдық жақсы тұрмысты иеленуге құштарлық рейтингтің төртінші сатысында орналасқанына қарамастан, респонденттердің арасында өзін-өзі кәсіби тұрғыдан таныту және еңбек құндылығын таңдағандардың пайызы тым төмен екендігі алаңдаушылық тудырады (білім – 3,4 %, өзін-өзі көрсету – 1,9 %, профессионализм – 0,6 %). Бұл маңдай терін төгіп еңбек етпестен, өзін-өзі көрсетпестен, өз кәсібінде жоғары биіктерге қол жеткізбестен «жылдам ақша» алуға деген ниеттің болуын көрсетеді. Бұндай үрдістің орын алуы жастар үшін нарықтық экономика жағдайында табыс табу қажеттілігімен шарттастырылады. Басқа бір себебі қолданыстағы кәсіби еңбек жіктелімінде ұсынылған шектеулерсіз еңбек нарығында өз күшіне лайықты жұмыс табу мүмкін еместігі болуы мүмкін.

Сауалнама барысында жастарға: «Сіз өз өміріңізде қанша балаңыздың болғанын қалайсыз?» деген сұраққа жауап беру ұсынылды. Респонденттердің саны жағынан ең көп тобын (35,5 %) екі баласы болғанын қалайтындар құрайды. Респонденттердің 29 %-ы үш баласы болғанын, 12 %-ы төрт баласы болғанын қалайды. Жастардың 6,8 %-ы небары бір баласының болғанын қалайды.

Бес және одан көп баласы болғанын қалайтын респонденттер 10,1 %-ды құрайды. Сауалнамаға қатысқан жастардың аз ғана бөлігі әзірше бала тууды жоспарламайды (сауалнамаға қатысқан 1 600 адамның ішінде 4-уі), не балалы болғанды қаламайды (1 600 адамның 7-уі). Респонденттердің 5,9 %-ы жауап беруге қиналады.

Әлеуметтік зерттеудің алынған деректерін талдау жастар

## 7.20-сурет

Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері («Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)

“Сіздің қалаңыздағы / ауылыңыздағы жастардың аса өзекті проблемаларын атап көрсетіңіз?”



арасындағы өзекті проблемалар спектрін анықтауға мүмкіндік береді – шұғыл шешуді талап ететін көкейтесті проблемалар, біркелкі проблемалар және күнделікті (дағдылы) проблемалар (7.20-сурет).

Сонымен, көкейтесті проблемаларға жастар материалдық қиындықты, жұмыссыздықты, жоғары білім алудың қолжетімсіздігі және тұрғын үй проблемаларын жатқызады. Барлық аталмыш проблемалар жастардың экономикалық жағдайына байланысты, сондықтан мемлекет тарапынан ерекше назар аударуды талап етеді (7.20-сурет).



**7.21-сурет**Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)**“Сіз өзіңізді белгілі бір жастар қауымдастығына жатқызасыз ба?”**

Жастар арасындағы проблемалардың келесі деңгейі ретінде нашақорлықты, маскүнемдікті, жас қазақстандықтар мәдениетінің төмен деңгейін, қылмыстың өсуін, ертеңгі күнге сенімсіздікпен қарауды, жастар арасында темекі шегудің кеңінен таралуын атап көрсетуге болады.

Проблемалардың үшінші тобына жастар бос уақытты өткізуге арналған орындардың / мекемелердің жоқ екендігін, жеке қауіпсіздіктің қауіп-қатерін (көшеде жүру қорқынышты), жеке өмірінің ретке келтірілмегендігін, ата-аналарымен / аға буын өкілдерімен арадағы келіспеушіліктерді, туған-туыстар және жақындар тарапынан түсінбеушілікті, денсаулықтың нашарлығын, денсаулықтың төмендеуін, жоғары жылдамдықты Интернеттің, сапалы ұялы байланыстың қолжетімсіздігін жатқызады. Сонымен қатар, жастар қоғамға наразылық, тәртіптің жоқтығы, жастар арасындағы діни экстремизм секілді проблемаларды да атап көрсетті. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің тек 0,6 %-ы жастар арасында ешқандай проблема жоқ деп жауап берген.

Жастардың субмәдениетке қатысуы, жастардың тынығуы (әлеуметтік зерттеу қорытындылары бойынша)

«Субмәдениет – қоғамдағы басымдыққа ие мәдениеттің тікелей генетикалық тумасы болып табылатындығына қарамастан одан ерекшеленетін белгілі бір топтың құндылықтар, нұсқаулар, мінез-құлық тәсілдері және өмірлік стильдері жүйесі» [4]. Ол – өзіндік ерекшеліктері мен көріну формалары бар қоғамдық мәдениеттің бір бөлігі.

Жастардың субмәдениетін жастардың өзі қалыптастырады, ол тек «естігендер мен білетіндерге» ғана түсінікті. Дәстүрлі мәдениеттен ауытқушылығына қарамастан, ол жастарды қоғамға тартуға бағытталған.

Жастардың қазіргі субмәдениеті алуан түрлі, олар идеялық көзқарастар мен сендірулерге негізделеді. Субмәдениеттің табынушылары киім кию немесе жүріс-тұрыс стилімен, аксессуар ретінде арнайы нышандарды пайдаланумен өздерінің тұтастығын көрсетеді.

Қазақстандық сарапшылар атап көрсеткендей, Қазақстанда жастардың бейресми қозғалыстары үшін сәннің, мәдени трендтер мен идеологиялардың түрлі аралас бағыттары тән. Гедонистік-ойын сауықтық мағыналы (рэйвер, роллер және т.б.) субмәдениеттер просоциалды бағытта. Радикалды-деструктивті субмәдениеттер асоциалды бағытта (кришнаиттер, вахабиттер, сатанистер және т.б.) [5].

Жүргізілген әлеуметтік зерттеудің деректері бойынша

**7.22-сурет**Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері  
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша %-бен)**“Сіз өзіңіздің бос уақытыңызды қалай өткізуді қалайсыз?”**

қазақстандық жастардың басым бөлігі (62,3 %) өздерін мұндай қауымдастыққа жатқызбайды. Сонымен қатар, 14,5 %-ы спорттық қауымдастықты, 5,5 %-ы – музыкалық бағыттағы қауымдастықты, 3,4 %-ы – мектеп қауымдастығын, 3,1 %-ы – патриоттық пайымды қауымдастықты белгілеген (7.21-сурет). Бұған қоса, кейбір жас тұлғалар өздерін аула, би, діни, студенттік, шығармашылық, жұмыссыздар және т.б. қауымдастығына жатқызады.

Өздерін аула қауымдастығына жатқызу аула клубтарын дамыту мүмкіндігінің, жастардың жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту, жергілікті сипаттағы азаматтық бастамаларын іске асыру әлеуетін көтереді.

Белгілі бір жастар субмәдениетіне тиесілік көп жағдайда жастардың бос уақыттарын өткізу формасымен анықталады. Бұл тұрғыда «Қазақстандық жастар өздерінің бос уақыттарын қалай өткізеді?» деген сұраққа респонденттердің берген жауаптары қызығушылық тудырады.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, республиканың әрбір бесінші жас тұрғыны (19,2 %) бос уақыттарында телевизор тамшалайды не музыка тыңдайды екен. Жастардың 18,4 %-ы бос уақыттарын отбасымен бірге өткізуді қалайды



(7.22-сурет). 13,2 %-ы бос уақытын Интернетте достарымен байланысуға не компьютер ойындарын ойнауға жұмсайды екен. Сауалнамаға қатысқан әрбір оныншы жас тұлға (10,8 %) достарымен көзбе-көз кездесіп, араласуды қалайды.

Жастардың 11,9 %-ы өздерінің бос уақыттарын шығармашылық бағытта өткізеді: ойын-сауық шаралары (театр, кино, концерт), кітап оқу, сурет салу, музыка және т.б. Респонденттердің 7,6 %-ы бос уақыттарында спорт залдарына және секцияларына баруды жөн көреді. Бос уақытында қосымша табыс табатын респонденттер 6,8%-ды құрайды. Сонымен қатар, жастардың шағын бөлігі білім беру курстарына барады (3,1 %), қоғамдық-саяси қызметпен шұғылданады, мешітке / шіркеуге барады, балық аулаумен өткізеді және т.б.

«Бізге жастарды тыңдау және олармен өзара іс-қимыл орнату қажет. Жастарды тартудың жаңа әрі аса ұтымды тетіктерін жолға қою қажет. Уақыт барлық деңгейде шешімдер қабылдау кезінде жастардың мүдделерін толығымен ескеру қажет екендігін талап етеді».

БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның Халықаралық жастар күніне арнаған мәлімдемесінен. 2012 жылғы 12 тамыз

Осылайша, жастар белсенді уақыт өткізуге басымдық бермей, бос уақыттарын пассивті түрде өткізуді таңдайды. Мәселен, спортпен шұғылдандындар респонденттердің небары 7,6 %-ын құрайды. Жастардың 6,8 %-ы бос уақыттарында қосымша табыс табады (7.22-сурет). Бос уақыттарын TV және интернет ресурстарына арнайындардың пайызы тым жоғары екендігін ескере отырып, бұл жастардың Интернет-мәдениетінің белгілі бір типі екендігін атап көрсетуге болады. Жас қазақстандықтар осындай дүниетаныммен өздерінің ерекше мәдени практикасы мен өмірлік стратегиясын қалыптастырып келеді.

\*\*\*

Қазіргі қазақстандық жастардың қоғамдық-саяси процестерге тартылуы туралы сөз еткенде, олардың саясатқа қатысу деңгейінің сапасы артқандығын атап өту қажет. Жастардың өз мүдделері мен құқықтарын ұсыну және қорғау мүмкіндіктерін іске асыру үшін жастар саясатының дамыған институционалдық құрылымы қызмет етеді.

1. Қазақстан жастарының саясатқа араласу үрдісіне мыналарды жатқызуға болады.

Қоғамдық бірлестіктер және саяси партиялар қызметі арқылы азаматтық бастамаларды іске асыруға қатысу формасын таңдауда жастар аса белсенділік танытуда.

Ширек миллионға жуық жастар республиканың саяси партияларының мүшелері болып табылады, яғни жастардың жалпы санының шамамен 5,8 %-ы. Жастардың басым бөлігі «Нұр Отан» ХДП жастар қанатының мүшелігіне қабылданған.

Жастардың 33 %-ы ірі ұйымдардың қарамағында – ҚР Кәсіподақ федерациялары. Республика бойынша 7-17 жас аралығындағы жеткіншектерді балалар ұйымдарымен қамту 42,6 %-ды қамтиды, соның ішінде 22,6 %-ын 14-17 жастағы жоғары сынып оқушылары құрайды.

Мемлекеттің органдар құрылымында жастардың

үлесі жалпы санынан 0,5 %-ды құрайды. 65,9 %-ы (жас қызметшілердің жалпы санынан) орталық мемлекеттік органдарды қызмет етеді. Жергілікті атқарушы билік құрылымдарында жастардың үлесі артып келеді.

2. Жастардың құндылық кеңістігін мынадай ерекшеліктерімен сипаттауға болады. Қазақстандық жастардың ділінде отбасы құндылығы бірінші дәрежелі мәнге ие. Өмірлік маңызды құндылықтар арасында ең көп танымалылары денсаулық, достар, материалдық жағдай, балалардың болашағы, махаббат, қызықты жұмыс болып табылады. Қазақстандық жастардың күнделікті құндылықтары арасында прагматизм, дарашылдық үрдістері басымдыққа ие (ақша, табыс, тәуелсіздік, бостандық), бұл біздің қоғамның нарықтық қатынастарға көшуі фактісімен шарттастырылады.

Рухани құндылықтар қазіргі жастардың жеке тұлғасындағы құндылықтар кеңістігінде аз ғана орын алады (сенім соңғының алдындағы орында – 0,8 %). Білім құндылықтары қызықты жұмыс және мансаптан кейінгі орынға жайғасқан, бұл табысты мансапқа жету құралы ретінде жастар үшін басты құндылыққа жатпайтындығын білдіреді. Жақсы өмір сүруге қолжеткізу тәсілі ретінде еңбек құндылығының беделі төмен. Жалпы, қазіргі қазақстандық жастардың құндылықтары иерархиясында оң құндылықтар бағыттары басым.

Жастардың көзқарасы бойынша көкейтесті проблемалар материалдық қиындықтар, жұмыссыздық, жоғары білім алу қиындығы және тұрғын үй проблемалары болып табылады. Бұлардың барлығы да экономикалық сипаттағы проблемалармен байланысты, бұл жастарға қолдау көрсету бойынша тиімді әлеуметтік-экономикалық шараларды іске асыруды талап етеді.

3. Әлеуметтік зерттеу деректері бойынша жастардың наразылық әлеуеті төмен. Сонымен қатар, Қазақстанда жастар экстремизмінің дамуына ықпал ететін маңызды себептер, респонденттердің пікірі бойынша, жұмыссыздық пен жұмысқа орналасу проблемалары, мәдениет деңгейінің төмендігі, жастардың адамгершілік-өнегелік тәрбиесінің әлсіреуі болып табылады, үшінші орында радикалды діни және өзге де топтардың ықпалы, одан кейін өмір сүру деңгейінің төмендігі тұр. Жастардың көңілі толмауы негізінде саяси емес, экономикалық сипаттағы себептер туындайды. Бұл жастардың саяси талаптарды ұсынудан гөрі жұмысқа орналасу проблемаларын шешумен көбірек айналысатындарын білдіреді.

Сонымен бірге, жастардың саясатқа араласуын іске асыру мүмкіндіктері проблемаларына бір жобадан екіншісіне дейін ғана қызмет ететін, сондай-ақ олардың санының артуы үрдісіне қарамастан бұқаралық емес сипаттағы жастар қоғамдық бірлестіктері қызметінің эпизодтық сипатын жатқызуға болады.

Кейбір жастар ҰЕҰ тек қағаз бетінде ғана өмір сүреді. Заңнама деңгейінде мұндай ҰЕҰ-ды тарату мәселесі пысықтауды талап етеді.

Әлеуметтік зерттеу қорытындылары бойынша жастардың басым бөлігі көптеген маңызды республикалық бірлестіктерді білмейтіндігі анықталды. Соның ішінде олар туралы естіген, бірақ қызметіне араласпағандардың пайызы жоғары. Бұл аталған бірлестіктер қызметін ақпараттық сүйемелдеу деңгейінің төмендігін, олардың жүргізген жұмыстарының «жемісі» аз екендігін, жас азаматтардың түрлі әлеуметтік топтарымен жеке жұмыстың болмауын білдіреді. Жастарды әлеуметтендіру, еңбек құндылығы рухында тәрбиелеу мақсатында 7-17 жас аралығындағы оқушы жастарды





